



Орнықты дамуды қамтамасыз ете отырып

Eurasian Resources Group S.à r.l.
2017 жылғы Орнықты даму жөніндегі есеп



Біздің миссиямыз

Өз ісімізде үздік болу.
Өз құндылықтарымызға адал
бола отырып, әлеммен бірге даму.
Жер мен адамзат әлеуетін ұқыпты
пайдалана отырып, бізге сенім
артқандардың одан әрі
өркендеуін қамтамасыз ету.

Осы есеп туралы

Осы есепте Eurasian Resources Group (бұдан әрі – ERG) 2017 жылғы орнықты даму саласындағы нәтижелері қарастырылады¹. Есеп ERG-дің пайдалы қазбаларды қазып алу, өңдеу, энергетика, жобалау мен көлік саласындағы қызметін қамтиды.

Есептің мазмұны Жаһандық есеп беру бастамасы стандарттарының талаптарын ескере отырып қалыптастырылды. Осылайша, есепте ERG орнықты даму көзқарасы тұрғысынан ең маңызды болып табылатын аспектілер қарастырылады (18–19-бет). Есептің мазмұны үшінші тұлғалардың тексерісінен өткен жоқ. Соған қарамастан есеп ішкі тексерістен өтті және ERG Менеджерлер кеңесімен мақұлданды. Осы есеппен байланысты барлық сұрақтарды press@erg.net немесе press@erg.kz электрондық пошталарына жолдауға болады.

¹ Біздің күнтізбелік 2017 жылы жарияланған 2016 жылғы Орнықты даму жөніндегі шолудан кейінгі осы келесі есеп.

Бұл есеп ағылшын, орыс, қазақ және қытай тілдерінде жасалған. Қандай да бір сәйкессіздік анықталған жағдайда, есептің ағылшын тіліндегі нұсқасына жүгіну қажет.



1-бөлім:
Біздің бизнесті
болашаққа
дайындау

20 бет




2-бөлім:
Адамдарымыздың
өркендеуіне
септесе отырып

28 бет




3-бөлім:
Жергілікті қауымдастықтардың
дамуы мен әл-ауқаты

40 бет



4-бөлім:
Қоршаған ортаны қорғау
саласында тиімді басқаруды
қамтамасыз ете отырып

54 бет



5-бөлім:
Қоғаммен өзара
іс-қимылымыз

62 бет



Мазмұны

Кіріспе

Әлемдегі біздің активтеріміз.....	02
Бас атқарушы директордың үндеуі.....	04
Біздің бизнес туралы.....	06
Орнықты дамудағы біздің ұстанымымыз.....	08
Стратегия.....	09
Корпоративтік басқару.....	10
Маңызды жағдайларды ескере отырып.....	12

Орнықты даму саласындағы қызметіне шолу

1-бөлім Біздің бизнесті болашаққа дайындау	
1.1 Трансформация.....	22
1.2 Активтер портфелін дамыту.....	24
1.3 Операциялық тиімділік және инновациялар.....	26

2-бөлім

Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып	
2.1 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау.....	31
2.2 Персоналды дамыту.....	35
2.3 Еңбек қатынастары.....	36

3-бөлім

Жергілікті қауымдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты	
3.1 Жергілікті қауымдастықтарға ықпал ету.....	43
3.2 Әлеуметтік инвестициялар.....	46
3.3 Майдагерлік және ықшам өндірісті басқаруға қатысты біздің ұстанымдарымыз.....	51

4-бөлім

Экология саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып	
4.1 Қоршаған ортаның ластануын болдырмау.....	57
4.2 Энергия және климаттың өзгеруі.....	58
4.3 Қалдықтарды басқару.....	60

5-бөлім:

Қоғаммен өзара іс-қимылымыз	
5.1 Құндылықты қалыптастыру және бөлу.....	65
5.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және бизнес-этика.....	70
5.3 Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау және заңнама.....	72

Есепті дайындауға қатысты ескертпе

«ERG» және «Top» деген сөздер Eurasian Resources Group S.a.r.l мен оның еншілес компанияларын білдіреді.

Әлемдегі біздің орнымыз

Eurasian Resources Group (ERG) — табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу саласындағы әртараптандырылған жетекші топ болып табылады.

ERG жалпы саны 69 000-нан астам қызметкері бар қазып шығару, өңдеу, энергетика, логистика және маркетинг салаларында толық біріктірілген, табиғи қорларды өңдейтін әлемдегі ең ірі әртараптандырылған компаниялардың бірі. Топ төрт құрлықтағы он бес елде кәсіпорындар мен бизнесті дамыту жобаларын жүргізіп отырған саладағы ең ірі жұмыс беруші болып табыламыз.

ERG құрамындағы хром үлесі бойынша жоғарыкөміртекті феррохром өндірісіндегі көшбасшысы болып, Қазақстан Республикасы тау-кен және металлургия саласының үштен бір бөлігін қамтиды. Қазақстанда Топ ең ірі темір кені, глинозем, алюминий мен электр энергиясын жеткізушілердің және темір жол операторларының бірі. ERG Африкадағы кәсіпорындардың арқасында мыс пен кобальттың бас жеткізушілерінің қатарына кіреді. Онда көмір, марганец пен платина кенін, боксит пен флуориттің интеграцияланған өндірісі мен логистикасын жүргіземіз. Бразилияда ERG темір кенінің интеграцияланған өндірісі мен логистика жобасын дамытуды жалғастырып келеді. ERG өнімі бүкіл әлемдегі әр-түрлі салалар мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға септігін тигізеді және болашақ экономикалық және әлеуметтік өсуді қолдайды.

ERG өнімдері әр сала мен әлемнің әр қиырындағы компаниялардың сұраныстарын қанағаттандыра отырып, экономикалық және әлеуметтік дамуға септеседі.

Өндірістік өңірлер

- 1 Қазақстан
- 2 ҚДР
- 3 Замбия

Дамушы өңірлер

- 4 Бразилия
- 5 Мали
- 6 Зимбабве
- 7 Мозамбик
- 8 Оңтүстік Африка

Корпоративтік кеңселер/ сату кеңселері

ПЕРСОНАЛ САНЫ

69 090¹

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР

850 млн \$
астам

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА ҚҰЙЫЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

111 млн \$

Қазақстан	62 100	Қазақстан	81%	Қазақстан	105.5
Африка	6 651	Африка	17%	Африка	5.5
Бразилия	103	Бразилия	0%	Бразилия	0.2
Корпоративтік кеңселер	236	Еуропа	2%		

1 Мердігерлерді есептемегенде.



ERG және «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы (BRI¹)

ERG Қытайдың «Бір белдеу – Бір жол» стратегиялық бастамасының белсенді қатысушысы болып табылады. Оның мақсаты сауданы жақсарту, Еуразия, Латын Америкасы мен Африкада экономикалық өсімді ілгерілету болып табылады.

Қытай инвестицияларымен Қазақстандағы және Африкадағы стратегиялық жобаларды іске асырудан, сондай-ақ Қытайдың құрылыс және жобалау саласындағы сарапшылық әлеуетінен Топ бірқатар артықшылықтарға ие. Ұзақ мерзімді перспективада BRI бастамасы Қытайда Топтың өніміне деген сұранысты қалыптастырудағы маңызы зор. Сондықтан BRI бастамасы біздің болашақ өркендеуіміздің негізгі стратегиялық драйвері болып табылады.

Біз сонымен қатар Бразилиядағы BAMB жобасының құрылысын қолдау мен қаржыландыруға қатысты қытайлық серіктестермен келіссөздер жүргізіп жатырмыз.

Басты өнімдер (2017)

Дивизион	Топтың 2017 жылы % EBITDA ²	2017 жылғы операциялық активтерінің саны	Елдер
Ферроқорытпалар	54,9 %	4	Қазақстан
Темір кені	9,4 %	1	Қазақстан
Алюминий мен Глинозем	17,3 %	4	Қазақстан
Басқа түсті металдар	9,7 %	3	ҚДР
Энергетика	11,9 %	3	Қазақстан
Логистика	1,9 % ³	2	Қазақстан және ҚДР

1 Belt and Road Initiative (ағыл.).
2 Пайыздардың сомасы 100% аспайды (105.1 %), себебі Топтың EBITDA-сына кері әсер ететін корпоративтік кеңселер ескерілмейді.
3 SABOT кәсіпорының EBITDA-сы Өзге түсті металдарға қосылған.

Бас атқарушы директордың үндеуі



Бенедик Сobotка
Бас атқарушы директор

Тұрақтандырудан орнықты дамуға көшу

Өткен төрт жыл ішінде өндірістің тұтастығын нығайту, жаңа стратегиялық серіктестерді қалыптастыру мен алдыңғы қатарлы басқарушылық тәжірибелерді енгізуге орай өз қызметімізді тұрақтандыра алдық. Бұл қолайлы нарық жағдайымен бірге бізге 2017 жылы базальк EBITDA көрсеткішін 42,4% ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Осы негізде, 2017 жылы біз қызметімізге орнықтылық принциптерін енгізуге өз назарымызды бұрдық. Біз үшін бұл тек қана бизнесті жауапты жүргізу мен экологиялық және әлеуметтік әсер, корпоративтік басқару тарапынан қарағандағы стейкхолдерлердің үмітін ғана ақтау емес, шынында да жалпы бизнестің орнықтылығына қол жеткізу. Атап айтқанда, біз үшін негізгі аспектілердің бірі нарықтың волатилділігіне қарамастан, ұзақ мерзімді құндылық қалыптастыру, сондай-ақ біздің жұмыс жасайтын өңірлерді қоса алғанда біздің стейкхолдерлерге тұрақты артықшылықтар жасау болып табылады.

Біздің бизнестің негізгі серіктестерімізді қалыптастыру және әлеуметтік әсер, корпоративтік басқару тарапынан қарағандағы стейкхолдерлердің үмітін ғана ақтау емес, шынында да жалпы бизнестің орнықтылығына қол жеткізу.

Біздің бизнесімізді болашаққа дайындау үшін бірқатар маңызды шешімдер қабылдадық. Олардың арасында қазіргі таңда өткізіліп жатқан бизнесті трансформациялау, есу мен жаңарудың стратегиялық жобаларын іске асыру, сондай-ақ операциялық тиімділік пен инновацияларға арналған бірқатар бастамаларды атап өтуге болады.

Трансформация

Трансформация саласындағы біздің компания үшін дағдарысты болған көптеген бастамаларымыз 2014-2015 жылдары бастау алды. Олардың негізгі бөлігі біздің компаниямыз қызметінің тұрақтылығына тікелей үлес қосты және біз өзімізді жетілдірудің жаңа инновациялық жолдарын іздеуді жалғастырамыз.

2017 жылы трансформацияны қамтамасыз ету жөніндегі басты шараларға бірыңғай корпоративті мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ Топтың бірқатар функцияларын орталықтандыру құралы ретінде Қазақстанда ERG Академиясын ашу кіреді. Бұл трансформацияны тәжірибе жүзінде жалғастыруға мүмкіндік береді. Осы саладағы тағы бір мысал ретінде Топтың бірнеше қызметтерінің орталықтандырылғандығын атауға болады. Бұған қоса, біз операциялық деңгейде процессті ұстанымды қолдану мақсатында Қазақстандағы барлық кәсіпорындарымызда SAP жүйесін енгізуді аяқтадық. Африкадағы біздің кәсіпорындарымыз тиімділікті басқарудың интеграцияланған жүйесіне көшуді бастады. Бұл қызметкерлердің жұмыс тиімділігін корпоративтік стратегияға сәйкес ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Есу мен жаңару

2017 жылы біз Конго Демократиялық Республикасында (КДР) кобальт пен мыс өндіретін Metalkol RTR стратегиялық жобасының құрылысын бастадық. Ол аяқталған соң кобальт нарығындағы басты ойыншыға айналамыз. Бұдан бөлек, біз Африкада мыс өндіру және Қазақстандағы алюминий мен ферроқорытпа өндіру көлемін қолдау және ұлғайту жөніндегі бірнеше қосымша жобаларды іске асыра бастадық. Мысалға, КДР-да Frontier кенішінің Контур 3 жобасы мен Қазақстандағы Ақсу ферроқорытпа зауытының өндірісін кеңейтуді айтуға болады. Осы бастамалардың барлығы жасыл экономикаға жаңанды түрде көшуден туындаған аталған металдарға деген сұраныстың болашақта болжамды түрде ұлғайту арқылы пайда алу мүмкіндігіне септігін тигізеді.

Операциялық тиімділік пен инновациялар

Қазақстанда темір кенін өндіретін кәсіпорынымыз ССКӨБ-дегі «Ақылды кеніш» бастамасы біз жүзеге асыра бастаған тиімділік пен инновацияларды қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың арасындағы көшбасшы жоба. Бұл жоба цифрлық технологияларды енгізу, мәліметтерді автоматтандыру мен деректерді талдау өндірістің ұлғанына қандай пайда келтіретінін айқын көрсетеді. Бұл ретте ССКӨБ коммерциялық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі одан да кең ауқымды шаралар қабылдау үшін негіз болып табылады.

Осы бастамаларды жүзеге асыру Қазақстан Үкіметіне тиесілі иелік үлесті, біздің Қытайдың «Бір белдеу – бір жол» бастамасында қатысуымызды, кобальт және өсіп келе жатқан тұрақты сұранысты (электромобильдерге арналған аккумуляторлы батареяларды өндіру технологиясын дамыту нәтижесінде) қоса алғанда, болашақ жетістіктерге қол жеткізудің тиімді жолы ретінде септігін тигізеді.

Қауіпсіздік басты назарда

Біздің қызметкерлердің, мердігерлердің және жергілікті қауымдастықтардың қауіпсіздігі Топтың басты құндылықтарының бірі болып табылады және болашақта орнықты дамудың негізі ретінде қарастырылады. 2017 жылы Топтың кәсіпорындарында алты адамның қайтыс болғандығы, олардың үшеуі біздің қызметкер, ал үшеуі мердігер екенін өкінішпен хабарлаймын (2016 жылы өлімге әкелген 15 қайғылы оқиға тіркелді). ERG үшін жұмыс істеу барысында қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына көңіл айтамын. 2017 жылы біз қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың деңгейін көтергенімізге қарамастан, мұндай қайғылы оқиғаларға жол берілмеуі керек. Бұл біз үшін қауіпсіздікті сақтау саласына баса назар аудару керектігін айқындай түседі.

Қытайға қатысты стратегиялық көзқарас

Қытай әрдайым ERG үшін басты нарық ретінде қарастырылады: осы елге металдарды стратегиялық жеткізушісі болып табыламыз. Қытайдың үлесіне біздің сатылымдарымыздың 15-20%-ы тиесілі. Оның басым бөлігі ферроқорытпа сатылымдары. Metalkol RTR жобасында өндіріс басталғанда, біз Қытайға ірі кобальт жеткізушісінің бірі боламыз. Осылайша, оның тұтынуға негізделген экономикаға ауысуы шеңберінде Қытайдың экономикасының өсуіне әсер етеміз.

Қосымша ретінде, ERG Қытайдың «Бір белдеу – Бір жол» бастамасының бел ортасында екендігін айта кеткен жөн. Осы бастаманың мақсаты – ірі индустриалды жобалар мен инфрақұрылымды дамыту жөніндегі бастамаларды ілгерілету үшін қажетті қаржылық және техникалық білімді үйлестіру арқылы Азиядағы, Африкадағы және Латын Америкасындағы көптеген дамыған елдердің инфрақұрылымындағы алшақтықты жою болып табылады.

Біз Қытайдың бірқатар қаржы институттарымен және әртүрлі индустриядағы көшбасшыларымен тығыз ынтымақтастықтамыз. Бүкіл әлем бойынша бірқатар жобалардағы бірлескен жұмысымыздың шеңберінде Қытай компанияларымен оң өзара қарым-қатынас орнатқанымызды мақтан етеміз. Бұл жобаларға біздің КДР-ндағы Metalkol RTR жобасының құрылысы мен қаржыландырылуы кіреді (24-бет).

Бұған қоса біздің Бразилиядағы BAMIN темір кені жобамыздың аясында болашақ әріптестікке үміттенеміз. «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы шеңберінде біз бұдан кейін де қытай серіктестерімен ынтымақтастықты дамыта отырып, жаңа коммерциялық жобаларды әзірлеу мүмкіндігіне ие болатынына сенімдіміз.

Орнықты даму саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешу

Біздің компаниямыз стейкхолдерлерді мазалайтын сұрақтарға барынша тиімді жауап беру мақсатында бірнеше қадамдар жасады. Стейкхолдерлерді біздің қызметіміздің экологиялық және әлеуметтік әсері, корпоративтік басқару әсері мазалауы мүмкін. Осы мақсатта біз стейкхолдерлерімізді мазалайтын сұрақтарды анағұрлым терең зерттеуге ұмтылып, оларға өз мақсаттарына қол жеткізуге көмектесеміз. Осылайша, біз стейкхолдерлерімізге жауапты жеткізілімдердің тізбегін қамтамасыз етіп, өз қызметіміздің заңды, саяси және әлеуметтік тұрғыда дұрыстығының деңгейін көтереміз. Бұл бизнестіміздің орнықты дамуына көмектеседі.

Қазақстан

Бір жыл ішінде Қазақстандағы біздің кәсіпорындарымыздың атмосфераға ластайтын заттар шығарындыларының еуропалық нормалары көрсеткіштеріне сәйкестігін бағаладық. Бұның мақсаты заңнаманың жаңа талаптарына алдын-ала сай болу, және осы талаптарға сәйкес келмейтін шығарындыларды қысқарту. Біз Павлодар облысындағы «Қазақстан алюминий» кәсіпорнының сүзгі цехында алдыңғы қатарлы жеткізушілерді енгізу үшін ірі инвестициялық бағдарламаларды іске асыруды қолға алдық. Бұл өңірдегі атмосфераға ластайтын заттардың ұжымдық шығарындылардың көлемін елеулі түрде төмендетуге мүмкіндік береді.

Біз сондай-ақ, қызметкерлерімізді және олардың отбасыларының моноқалалардағы өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды іске асыруды және тұтастай алғанда, жергілікті билікпен өзара серіктестік шеңберінде өңірлік дамыту жөніндегі ілгерілету жұмысын жалғастырамыз. Осы тұрғыда Студенттік кәсіпкерлік жөніндегі бағдарламаны бекіту маңызды қосымша шара болды. Оның мақсаты өңірлік білім беру мекемелерін кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына айналдыру болып табылады. Бұл шара жаңа жұмыс орындарын ашуға, экономикалық әртараптандыруға және жергілікті тұрғындардың әлеуетін дамытуға септігін тигізеді, ал ол болашақта біздің бизнестімізге де пайда әкеледі.

Африка

ERG Africa-да қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мен жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынас саласында жаңа саясат енгізілген болатын. Ол Халықаралық қаржы корпорациясының тиімділік стандарттарына сәйкес келеді (ХҚК). Бұл шара осы саладағы озық халықаралық тәжірибелерді пайдалану жөніндегі біздің тұрақты ұмтылысымызды көрсетеді. Сонымен қатар біз КДР және Metalkol RTR кеніштеріне экологиялық және әлеуметтік әсерімізді бағалап, оларды ХҚК тиімділік стандарттарына сәйкес келтірдік. Оның үстіне, КДР-да жергілікті халықтың қатысуымен ауылды жерлердегі әлеуметтік-экологиялық жағдай бойынша 11 бағалау жүргізді. Бұл жергілікті қоғамдастықтарға өз қажеттіліктерін анықтап, іс-шаралар жоспарын іске асыруға мүмкіндігін берді.

Сонымен бірге, біз Metalkol RTR жобасы негізінде «Таза кобальт» бастамасын іске асыруды бастадық. Бұл біздің клиенттер үшін біз кобальт өндірісінде жауапкершілік талаптарын сақтайтындығымызға және майдагерлік немесе ықшам өндіріс жолымен өндірілген шикізат қолданбайтындығымызға кепілдік береді. Сонымен қатар, бұл бастама өндіріс тізбегінде балалар еңбегін қолданбауға, өндіріс тізбегін толығымен қадағалауға мүмкіндік береді. Біз КДР-дегі өндірістерде балалар еңбегін қолдануды болдырмауға ерекше

назар аударамыз, және мен өзім тең төрағасы болып отырған Аккумулятор батареялары секторының халықаралық альянсының (Global Battery Alliance) аясында ақпараттық-насихаттық жұмыстар жүргіземіз. Дүниежүзілік экономикалық форумның бастамасымен 2017 жылы құрылған бұл ұжым, аккумуляторлық батареялар секторына арналған кобальт жеткізілімдерінің жауапты тізбегін қалыптастыруға шақырады.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы сын-тегеуріндер

2017 жылы өлімге алып келген алты жазатайым жағдай қауіпсіздік пен еңбекті қорғаудың деңгейін жоғарылату мақсатында әр қарай жұмыстар жасау керектігін көрсетеді. Біз Қазақстанда қауіпсіздікті арттыру жөніндегі жаңа корпоративтік бағдарламаны іске асырдық, «қауіпсіздік бәрінен маңызды» қағидасына негізделген еңбек мәдениетін қолдау жөніндегі кеңейтілген оқыту өткіздік. Мердігер-компаниялар арасында (2017 жылы Топтың шеңберінде болған өлімге алып келген жазатайым жағдайлардың тең жартысы мердігерлерге келгендіктен) қауіпсіздікті басқаруды жақсарту мақсатында шаралар қабылдадық. КДР-де Boss Mining-те өлімге алып келген үш жазатайым жағдай болғандықтан, онда өмірге қауіп төнумен байланысты әрекет ету хаттамаларының сақталуына бақылау шаралары және мердігерлердің жұмыстың орындауына бақылау шаралары күшейтілді.

Маңызды мәселелерді анықтау – бағалау мен басқару

Есеп беру жөніндегі жаңандық бастама (GRI) тұрақты дамыту жөніндегі Есеп беру стандарттарын ескере отырып, ағымдағы жылы дайындалған есеп мақсатында деңгейдегі орнықты даму жөніндегі есеп беруге сәйкес болуына бір қадамға жақындатты. Топтың деректерімен басқару жүйелерін жетілдірген сайын, компанияның барлық бөлімшелері есеп берудің болашақ кезеңдерінде осы стандарттарға сәйкес болудың «Базальк» деңгейіне қол жеткізеді деп сенеміз. Бұдан басқа, деректерді дұрыс басқару бізге және біздің қызметімізді одан ары тұрақты дамыту саласындағы бақылауды жақсартуға септігін тигізеді.

Осы жылы есеп беруді дайындау жөніндегі шаралардың басты аспектісі біздің корпоративтік деңгейде орнықты даму саласындағы анағұрлым бізге маңызды мәселелерді анықтау үшін маңыздылығын бағалау процесін өткізу болды. Осы құжатты әзірлеу кезінде процесінің ішкі бөлігі аяқталған болатын, оның нәтижесі есеп берудің негізі болды. Қабылданған шешімдер процесі шеңберінде біздің стейкхолдерлердің мүдделеріне әділ өкілдікті қамтамасыз ету үшін біз процесінің сыртқы бөлігін 2018 жылы аяқтаймыз.

Материалдылықты толық бағалау процесінің нәтижелері (БҰҰ орнықты даму мақсаттары мен қабылдайтын елдердің даму басымдықтарын қоса алғанда, басты сыртқы басшы қағидаттарымен қатар) жаңа корпоративтік стратегия аясында жасалып жатқан орнықты даму аспектілерін басқару жөніндегі стратегияда ескерілетін болады.

2017 жылы біз орнықты даму принциптерін өз қызметімізге ендіру саласында айтарлықтай үлкен жетістіктерге қол жеткіздік. Мен бұл жетістіктерге қуаныштымын, және алда әлі көп жұмыстар жасалуы керектігін түсінемін. Осылайша, орнықты даму принциптерін әрі қарай енгізу біздің басты мақсаттарымыздың бірі болып қала бермек.

Бенедик Сobotка
Бас Атқарушы Директор

1 Global Reporting Initiative (ағыл.)

Eurasian Resources Group S.à r.l.
2017 жылғы Орнықты даму жөніндегі есеп

2017 жылғы қызмет көрсеткіштері

ТАБЫСТАР

5 048 млн \$
+31,5%

БАЗАЛЫҚ EBITDA

2 090 млн \$
+42,4%

КҮРДЕЛІ ШЫҒЫСТАР

685 млн \$
+27%

ФЕРРОҚОРЫТПА ӨНДІРСІ

1 496 мың т
+9,9%

ТЕМІР КЕН ӨНДІРСІ

10 585 мың т
+7,9%

АЛЮМИНИЙ ӨНДІРСІ

1 509 мың т
+0,6%

Осы және кейінгі есепте алдыңғы жылмен салыстыра келтірілген.

Кіріспе

1. Біздің бизнесті болашаққа дайындау

2. Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып

3. Жергілікті қауымдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты

4. Қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып

5. Қоғаммен өзара іс-қимылымыз

Біздің бизнес

Біз құндылықты қалай қалыптастырамыз

Кіріспе →

Біздің баға қалыптастыру қабілетіміз капиталға қол жетімдікке, білікті персоналға, сапалы өзара қарым-қатынастарға және басты табиғи ресурстарға байланысты болады. Бұл дұрыс ішкі мәдениетпен және қажетті инфрақұрылымға, өндірістік объектілер мен құрал-жабдықтарға қол жеткізуден көрінеді.

ҚАРЖЫ

Біз сыртқы қаржыландыру көздерінен және біздің қызметіміз нәтижесінде алынған қаржылық ресурстарды тиімді пайдалануға тырысамыз.

АДАМДАР

Біз құндылықтарды құру кезінде қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің біліктілігіне, әл-ауқаты мен мотивациясына тәуелдіміз.

ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Біз барлық стейкхолдерлерімізбен өзара сындарлы қарым-қатынас орнатып, оны сақтап қалуға талпынамыз. Олар өз алдына өзара құрметтеу, ашықтық пен сенім білдіруден тұрады.

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

Біздің қызметімізді жүргізу процесінде табиғи ресурстардың шектеулі екенін ескере отырып, жауапты қарау өте маңызды болып табылады.

НЕГІЗГІ АКТИВТЕР

Бізге жылжымайтын мүлікті сатып алу, өндірістік объектілерді дамыту мен оларды күтіп-ұстау саласындағы қомақты инвестициялар ұзақ мерзімді перспективадағы құндылықтарды құруға мүмкіндік береді.



Электр энергиясын өндіру

Біздің Қазақстандағы өндірістік қызметімізге қажетті электр энергиясын өндіру.



Логистика

Логистика мен темір жол тасымалдары біздің және басқа компаниялардың өндірісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

НЕГІЗГІ ПРОЦЕСТЕР



01 Барлау және сатып алу/Қосылу

02 Игеру

03 Өндіру

04 Қайта өңдеу мен байыту

05 Балқыту мен металлургия

06 Сатылымдар

07 Топырақты қалпына келтіру

↑
БІЗДІҢ БАСТЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРІМІЗ

📖 16-17 беттер

↑
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

📖 10-11 беттер

↑
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК

📖 20-27 беттер

↑
СЫРТҚЫ ТРЕНДТЕР, БАСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕР

📖 12-15 беттер
18-19 беттер

→ НӘТИЖЕ

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЕРКІН АҚША АҒЫМЫ

476 млн \$

ТАБЫС

5 048 млн \$

БАЗАЛЫ EBITDA

2 090 млн \$

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

LTIFR

0,69

ТӨЛЕНГЕН САЛЫҚТАР
850 млн \$

ҚОҒАМДАСТЫҚТАРҒА
ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР
111 млн \$

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

24,1 МТ CO₂e

ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

264 521 ТДж

СУ ТҰТЫНУ

1 972 млн м³

Орнықты дамытуда қолданатын әдісіміз

Орнықты дамыту дегеніміз біздің экологияға, әлеуметтік даму мен басқаруға әсер ету ісіндегі жауапты басқаруды білдіреді.

ERG-де орнықты даму мынадай түсінік береді:

- Біздің мәдениетіміздің, стратегиямыздың, процестеріміздің, технологияларымыздың, құзыретіміздің дайындығын қамтамасыз ету және болашақ талаптарға қойылатын шешімдерді қабылдау мен ұзақ мерзімді құндылықтарды құруды қолдау арқылы «толықтай бизнестің тұрақтылығына» қол жеткізуді;
- Ұзақ мерзімді, тұрақты өсуді, біздің мүдделі тұлғаларымыз үшін: акционерлер, клиенттер, іскер серіктестер, жер қойнауының меншік мемлекеттері, қызметкерлер немесе әсіресе, біздің жергілікті қоғамдастықтар үшін құндылықтарды арттыратын пайданы қамтамасыз етуді білдіреді.

Осылайша, орнықты даму біздің бизнес-үлгіміздің ажырамас бөлігі болып табылады және ол біздің негізгі бизнес-процестерімізге барынша бейімделген.

Сондай-ақ, біздің қызметіміз қандай тәсілмен БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттарына барынша жатқыза алатынына талдау жүргізеді (бұдан әрі – БҰҰ ОДМ). Бұл олардың жетістіктеріне өз үлесімізді барынша қамтамасыз етуге және кез келген мүмкін болатын кері салдарларды азайту үшін қажет. Бұл мыналардың негізінде таңдап, ERG үшін БҰҰ ОДМ басымдықтардан тұрады:

- Әрбір ОД-дың мақсаттарына қол жеткізудің әлеуетті ынтымақтастығы мен біздің бизнесіміздің тиімділігі.
- Әрбір ОД-дың мақсаттарына қол жеткізудегі елеулі үлес қосу қабілетіміз және оларға кері әсер етуді болдырмау жөніндегі жауапкершілігіміз.
- Әрбір ОД-дың мақсаттарына қол жеткізудегі өңірлер үшін біздің қатысуымыз дұрыс.

Осындай әдісті қабылдай отырып, біз мүдделі тараптардың сенімін ақтай отырып, өз іс-әрекеттерімізді нақты келісіп алуымыз қажет. Бұл біздің бизнес үшін де, және де біздің қоғам үшін де ұзақ мерзімді мүдделер ретінде болады деп ойлаймыз.

ОД және БҰҰ ОДО қызметіміздің тиімділігінің өзара байланысы туралы нақты ақпаратты хх-бетте бар, сондай-ақ әрбір тараудың басында да бар.

Орнықты даму қағидалары



Стратегия

2017 жылы Топтың жаңа стратегиясын әзірлеу процесін бастадық, оның көмегімен біздің халықаралық, тұрақты, әлеуметтік жағынан жауапты және тиімді тау-кен өндіруші компания болу негізгі мақсатымызға қол жеткізуге болады.

Ол соңғы жылдары күрделі коммерциялық сындардан кейін тұрақтанған бизнесіміз:

- Нарықтағы құбылмалыққа қарамастан, болашақта пайда алу үшін жеткілікті түрде тұрақты және икемді болу үшін қажет. Жақын арада болған шикізат тауарларына бағалардың төмендеу үрдісі ERG-ге де және осы сектордағы басқа компанияларға қызметті, оның ішінде операциялық тиімділікке қол жеткізу, тұрақты портфель пен инновациялар арқылы оңтайландыру қажет екендігін көрсетті.
- Стейкхолдерлердің қажеттіліктерін түсіне отырып, олар жасаған құндылықтар арқылы тұрақты түрде пайда келтіру үшін қажет. Бұл стратегиялық тәуекелдермен ойдағыдай басқаруға және пайда болатын стратегиялық мүмкіндіктерді пайдалануға жол ашады.

Бұл стратегия бізге ұйым ретінде өз назарымызды маңызды жайттарға бейімделуге және үздік шешімдер қабылдауға, сондай-ақ өз ресурстарымызды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ, біздің жұмыстағы барлық аспектілерде барлық қызметкерлердің, қатардағы жұмысшы мен басшы қызметкерлердің де біздің стейкхолдерлеріміздің мүдделерін есепке алуын қамтамасыз ете отырып, қызметімізді басқарудың анағұрлым кешенді әдісін қолдануға септігін тигізеді. Бұл ретте біз тек акционерлердің, клиенттер мен кредиторлардың мүдделерін ғана емес, сонымен бірге қызметкерлеріміздің, жергілікті қоғамдастықтардың, жергілікті мемлекеттік органдардың және тұтастай қоғамның мүдделерін де ескеруге талпынамыз.

Стратегия ERG-дің барлық деңгейлерінде енгізілетін болады және оның орналасуы мен лауазымына қарамастан әрбір басшы және әрбір жұмысшының күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі болады.

- Басшылардың ТБК-теріне Стратегиялық мақсаттарды интеграциялау, олардың сыйақы көлеміне тікелей әсер етеді.
- Жоғары басшылық арасында стратегиялық бастамаларды орындағаны үшін жауапкершілікті нақты бөлу.
- Кең ауқымды ішкі коммуникациялар.
- Стратегияға арналған маманданған курстарға қатысу.

Жаңа стратегия бес негізгі басымдыққа негізделген, олардың әрқайсысы нақты Стратегиялық мақсаттармен бекітіледі:

<p>Активтер портфелі Қазақстанда және шет елде активтерді белсенді және экстенсивті дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Қазақстанда активтерді дамыту • Халықаралық активтердің портфелін оңтайландыру • Тау-кен металлургия кешені портфелін кеңейту мүмкіндіктерін іске асыру • Топтың энергетика бизнесін дамыту <p>Тиісті бөлімдер: 1-бөлім: Бизнесімізді болашаққа дайындау (20 бет) 4-бөлім: Экология саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып (54 бет)</p>
<p>Қаржы Қаржылық орнықтылыққа қол жеткізу және икемді болу үшін қажет. Жақын арада болған шикізат тауарларына бағалардың төмендеу үрдісі ERG-ге де және осы сектордағы басқа компанияларға қызметті, оның ішінде операциялық тиімділікке қол жеткізу, тұрақты портфель пен инновациялар арқылы оңтайландыру қажет екендігін көрсетті.</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Акционерлер үшін қолайлы дивиденттік табыстылықты қамтамасыз ету • Капиталдың оңтайлы құрылымына қол жеткізу • Қарыз жүктемесінің басқармалы деңгейіне қол жеткізу • Өтімділіктің оңтайлы деңгейін қолдау <p>Тиісті бөлімдер: Section 1: Preparing our business for the future (20 бет)</p>
<p>Өңірлерді орнықты дамыту Өңірлердегі жергілікті қоғамдастықтардың дамуы мен игілігіне үлес қосу</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Орналасқан өңірлердің қолайлылығын және әл-ауқаттың арттыру • Қоршаған орта ластануының алдын алу <p>Тиісті бөлімдер: 3-бөлім: Қоғамдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты (40 бет) 4-бөлім: Экология саласындағы тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып (54 бет) 5-бөлім: Қоғаммен өзара қарым-қатынастарымыз (62 бет)</p>
<p>Тиімділік Жекелеген активтер мен корпоративтік кеңселер деңгейінде операциялық тиімділікті жоғарылатудың толық көлемді бағдарламасы</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Операциялық тиімділікті арттыру • Үздіксіз жақсарту тетігі мен мәдениетін дамыту <p>Тиісті бөлімдер: 1-бөлім: Бизнесімізді болашаққа дайындау (20 бет)</p>
<p>Адамдар Қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты бойынша құзыреттері мен қамқорлығын дамыту</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Адамдардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету • Әл-ауқатты арттыру • Білім мен құзыреттерді дамыту • Кадрлар резервін қалыптастыру • Ынталандыру мен ауызбіршілік деңгейін арттыру <p>Тиісті бөлімдер: 2-бөлім: Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып (28 бет)</p>

Біздің қызметіміздің негізгі үш басым қағидасы бар:

- 1. Инновациялық металлургия және кен өндіру компаниясы**
Біз тұрақты түрде осы саладағы позициямызды нығайтуға және белсенді түрде жаңа процестер мен технологияларды қолдануға талпынамыз. Әдістің басты қағидаты – инновацияға бағдарлану, иеліктегі өнім мен көлемдердің есебінен барынша пайда алу, сондай-ақ инновациялық өнімдер есебінен бар портфельді әртараптандыру мүмкіндіктерін зерттеу.
- 2. Ұзақ мерзімді қаржылық орнықтылық**
Соңғы үш жылда капиталдың теңгерімді құрылымы, қарыздың басқармалы деңгейіне қол жеткізуі мен операциялық тиімділіктің ұлғаюына негізделеді.
- 3. Орнықты даму**
Біз ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану және өз қызметін жүзеге асыратын қоғамдастықтардың әлеуметтік дамуына бағытталған орнықты компания болып табыламыз. Орнықты даму қызметті дұрыс жүргізудің қалыпты нәтижесі болып табылады. Ол жергілікті заңнаманың қарапайым сәйкестігі шегінен шығады және соған орай біздің стейкхолдерлердің бірнеше буындарымен қолдау көрсетіліп келеді.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару

Компанияның басшылығында Менеджерлер кеңесі тұрады, оның құрамына үш құрылтайшы – акционер мен Қазақстан Үкіметінің екі өкілі кіреді. Менеджерлер кеңесі Топтың жоғары этикалық және іскер стандарттардың және ERG қызметі жүзеге асырылатын барлық жергілікті және халықаралық заңнамаға сәйкестігінің сақталуын бақылайды, сондай-ақ ERG-дің Корпоративтік кодексін қоса алғанда, Топтың саясаты мен регламентін бекітеді.

Менеджерлер кеңесі басқарудың басты салаларында оның міндеттемелерін орындау үшін төрт комитетті бекітті. Менеджерлер кеңесі жанындағы барлық комитеттер, олардың міндеттемелері мен өкілеттіктер саласын толық түсіндіретін нақты ережелердің негізінде жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет: ERG адал қаржылық есептіліктің болуына, тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі бақылаулар мен іс-шараларына мониторинг жүргізу, ішкі аудит функциясының тиімділігіне және сыртқы аудиторлармен өзара әрекет етуіне жауапты.
- Комплаенс жөніндегі комитет: ERG комплаенс функцияларына мониторинг жүргізуге, соның ішінде оның тиімділігіне мониторинг жасауға жауапты.
- Сыйақы жөніндегі комитет: ERG жоғары буын басшыларының сыйақыларына мониторинг жүргізуге және Топтың сыйақы беру жүйесіне мониторинг жасауға жауапты.
- Орнықты даму, бірігу мен қосылу жөніндегі комитет (M&A): контрагенттердің кешенді тексерістерін, байланысты тәуекелдерді бағалау мен азайтуды, жобаларды құрылымдау мен іске асыруды және Орнықты даму жөніндегі кеңесі арқылы біздің қызметімізге орнықты дамытуды интеграциялау сияқты орнықты даму интеграциялауын қоса алғанда, бірігу мен қосылу жөніндегі қызметке мониторинг жүргізуге жауапты.

Бизнесті орнықты дамыту саласындағы корпоративтік басқару


Орнықты даму жөніндегі біздің кеңесіміз (ОДК) Менеджерлер кеңесінің Орнықты даму және M&A жөніндегі комитеттің жұмыс органы ретінде жұмыс істейді. Орнықты дамытуға анағұрлым интеграцияланған әдіс көрсете отырып, ОДК мына салалар бойынша басты мәселелер мен бастамаларға жауапты, олардың әрбірі біздің бизнесіміздің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған:

- Стратегияны әзірлеу мен стратегиялық жоспарлау;
- Сәулетті жетілдіру мен жаңарту;
- Көшбасшылық бағдарламалары;
- Тиімділіктің қаржылық және қаржылық емес басты көрсеткіштері
- Бизнесінің трансформациясы

1 Mergers and acquisitions (ағыл.)



Корпоративтік басқару құрылымы



Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау және жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынас мәселелерін өңірлік басқару

Қазақстанда біздің Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау (ҚЕПҚОҚ) жөніндегі арнайы комитетіміз (оған жоғары жергілікті басшылық пен біздің кәсіпорындарымыздың бірінші басшылары кіреді) ҚЕПҚОҚ саласындағы стратегияны, саясатты, регламенттер мен нұсқаулықтары белгілейді, қауіпсіздік мәдениетін анықтайды және бақылауды енгізу мен жақсарту барысы туралы тұрақты есептерді қарастырады. 2017 жылы Комитет тұрақты кездесулер өткізді, онда басшылық ұсынған тәуекелдер мен тәуекелдерді азайту шаралары жөніндегі есептер қаралды, сондай-ақ жұмысшылардың қауіпсіз тәртібі мен мердігерлерді басқарумен байланысты мәселелер шешілді.

Бұдан бөлек, Қазақстанда қоғамдастықтың әлеуметтік инвестицияларына (ҚЭИ) жауап беретін екі жұмыс органы бар, дәлірек айтқанда:

- Біздің ҚЭИ шығыстарының негізгі бөлігіне келетін жергілікті билік органдарымен бірге өзара түсіністік туралы меморандумдармен басқару мәселелерімен айналысатын жұмыс тобы. Жобаларды таңдаған кезде Жұмыс тобы бірқатар факторларды, соның ішінде біздің моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін, стратегиялық басымдықтарды, жергілікті билік органдарының, тұрғындардың және басқа да тұлғалардың мүдделерін назарға алады.
- Демеушілік пен қайырымдылық жөніндегі өңірлік комитеттің мақсаты жергілікті билік органдарымен жасалған меморандумдар шеңберінде, жобаларға қосымша ретінде демеушілік пен қайырымдылық саласындағы ашықтық пен тиімділікті арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Африкада қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мен жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынас (SHEC) жөніндегі есептері ERG Африка Бас атқарушы директорын, SHEC кәсіпорындарының директорлары мен менеджерлерін, сондай-ақ біздің жоғары буынның бірнеше менеджерлерін қоса алғанда ай сайынғы негізде Өңірлік атқару комитетінің мүшелеріне ұсынылады. Қатысушылар күрделі жағдайлардың себептерін талдау мен талқылау үшін, сондай-ақ алдын алу шараларын орындау үшін кездеседі. Осы шараларды енгізу олар жабылғанға дейін мына салалардағы заңдылық пен үрдістерге тоқсан сайын бақылауға жатады:

- болған жағдайлардың себептеріне;
- табиғатты қорғау заңнамасына сәйкестікке;
- ішкі/сыртқы аудит есептері бойынша прогреске;
- корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігіне;
- майдагерлік және ықшам өндіріске;
- адам құқықтарына ерекше назар аударылады.

Бұған қоса, ҚДР-дің жергілікті заңнамасына сәйкес біз ҚЖЕҚ және гигиена комитеттерінің жұмысын жалғастыруды қамтамасыз еттік.

1 Safety, Health, Environment and Communities (ағыл.).



ERG Орнықты даму саласында Қазақстанда қолданатын басымдықтар мен стандарттар

OHSAS 18001	ISO 50001/EN 16001
Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау жөніндегі басқару жүйесінің стандарты	Энергетикалық менеджмент жүйесінің стандарт
ISO 14001	ISO 9001
Экологиялық менеджмент жүйесінің стандарты	Сапа менеджментінің жүйесінің стандарты

Топтың өңірлік деңгейде және көптарапты ұйымдар деңгейінде қатысудың басты мысалдары

(мүшелік, егер өзге көрсетілмесе)

Қатысу деңгейі	Ұйым
Топ	<ul style="list-style-type: none"> • Дүниежүзілік экономикалық форум (стратегиялық қауымдасқан серіктес), мыналарды қоса алғанда: <ol style="list-style-type: none"> 1. Аккумуляторлы батареялар секторы үшін халықаралық альянс² 2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы серіктестік 3. Болашақ экономикалық даму жүйелеріне салым • Хром кен орнын әзірлеу жөніндегі халықаралық қауымдастық (құрылтайшы)
Қазақстан	<ul style="list-style-type: none"> • Еуразиялық өнеркәсіптік қауымдастығы • Тау кен өндіру және металлургиялық кәсіпорындар қауымдастығы • Қазақстанның «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы • Қазақстанның Салық төлеушілер қауымдастығы • «Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі» қауымдастығы • Орнықты даму жөніндегі Қазақстандық табиғат қолданушылардың қауымдастығы
Африка	<ul style="list-style-type: none"> • Кобальт институты (Ұлыбритания – Директорлар кеңесіндегі өкілдік) • ҚДР Тау кен палатасы • Замбияның Тау кен палатасы • Замбияның кадрлық ресурстарды басқару институты
Бразилия	<ul style="list-style-type: none"> • Бразилия тау кен өнеркәсібі институты <p>2 Global Battery Alliance (ағыл.)</p>

Маңызды жағдайларды ескере отырып

Біздің жаңа 2025-Стратегиясын әзірлеу шын мәнінде маңызды жағдайларды нығайтуды қамтамасыз етеді және осылайша шешімдерді қабылдаудың жақсаруына және ресурстарды одан әрі тиімді пайдалануға жәрдемдесетін болады. Біздің бизнесіміз бен стейкхолдерлер үшін маңызды мәселелерді түсінуде мыналармен қолдау табылады:



Сыртқы фкторлар мен олардың динамикаларының сараптамасы	12 бет
Тәуекелдерді басқару	14 бет
Стейкхолдерлермен жұмыс істеу	16 бет
Маңыздылықты бағалау	18 бет

Сыртқы трендерді талдау

2017 жылы біздің бизнесіміз үшін орынды сыртқы трендтер мыналардан тұрады:

Металдарға жаһанды сұраныс/баға трендтері

2017 жылы ERG өндірген металдарға белгіленген бағалардың жақсаруы байқалған болатын.

2017 жылы тот баспайтын болат нарығында тұрақты өсуді тудырған тот бастайтын болатты тұтынудың негізгі өңірлерінде үйлестірілген экономикалық өсім болды (жаһанды жылға 6% жыл), ол барлық нарықтарда ферроқорытпа бағасының 2011 жылдан бастап жоғарғы деңгейге дейін өсуіне алып келді. Қытайда баға жылына 26%, ал дамыған нарықтарда өткен жылдың деңгейіне 40-50% өсті. Алайда, бағаның өсу себептері ерекше болды: дамыған нарықтарда жоғары баға дұрыс сұранысқа да және жоғары шоғырландырылған ұсынысқа да ие болды, ал Қытайда хром кенін шектеулі жеткізілімдерімен және ферроқорытпа өндірісінің өз құнының өсуінен негізделген болатын.

Мыналармен қолдау табылады:

Мыналармен қолдау табылады:

2017 жылы әлемдік темір кені өнеркәсібі оң нәтижелер көрсетті; алдыңғы жылмен салыстырғанда орташа баға 22%-ға өсті. Қытайда болатқа сұраныс болжамнан асып, индукциялық электрпештердің жұмысын тоқтатумен бірге және болат құю зауыттары жүктемесінің өсуімен байланысты негізгі өндірушілердің күтілген көлемдерден біршама аз көлемде жеткізулермен қиындатқан шикізат қорларын бірнеше рет толтыру қажеттілігіне алып келді. Сонымен бірге, болат қорын азайту, болат құю зауыттарының рекордты жоғары табыстылығы мен қоршаған ортаны қорғау талаптарыныа қатысты қойылатын шектеулер кеннің сұранысын ұлғайтуға алып келді.

Алюминий нарығы 2017 жылдың басында бастысы Қытайдағы жеткізілім жүйелерінің реформалары және қысқы кезеңге өндірісті жабу туралы өтінімдері аясында болжанғаннан гөрі әлдеқайда тұрақты болды. Реформаны іске асыруға қатысты нарықта бастапқыда белгілі күдікке қарамастан, қытай үкіметі осы ретте оның ойы күрделі екенін дәлелдеді және алюминийдің есептік бағасы тоннасына 2100 АҚШ долларынан асып түсті.

Мыналармен қолдау табылады:

2017 жыл мыс үшін «жемісті» жыл болды: қызыл металдың бағасы 2016 жылдың аяғынан бастап 30%-ға өсті. 2017 жылдың бірінші жартысында

Қытайдың «Біл белдеу – Бір жол» бастамасы

Қытайдың «Бір белдеу – Бір жол» (BRI) бастамасының мақсаты халықаралық сауда байланыстарын құру, сондай-ақ халықаралық нарықтардың логикалық және цифрлық интеграциясы болып табылады.

Осы бастаманың шеңберінде Еуразия бойынша жерүсті «Жібек жолын» (Қазақстанмен интеграциясы) және Оңтүстік Шығыс Азия, Шығыс Африка мен ЕО арқылы өтетін теңіз «жолын» атап өтуге болады.

2017 жылы осы бастаманың шеңберінде халықаралық ынтымақтастық туралы 40-тан астам келісімдерге қол қойылған болатын. Одан басқа, оны іске асырудағы қаржылық қолдауды жақында бекітілген Азиялық инфрақұрылымдық инвестициялар банкі көрсетеді.

Маңыздылық мен тиісті шаралар

ERG Қытай өндірісінің дамуы мен экономикасының өсудін қолдау үшін қажетті шикізатты жеткізе отырып, «Бір белдеу – Бір жол» бастамасы шеңберінде стратегиялық рөлін атқара алады. Мысалға, қазіргі уақытта тұтыну тауарларына арналған жоғары сапалы ферроқорытпа, мыс пен кобальтты қоса алғанда, ERG сатылымдардың 15–20% Қытайға келеді. Сонымен бірге, Қытайдың құрылыс, жобалық-конструкторлық жұмыстар мен болашақта өсу мен қалпына келу жобаларын іске асыруды қамтамасыз

болмашы өсу тіркелді, алайда шілденің аяғынан бастап Қытайдағы макроэкономикалық көрсеткіштер туралы есептер болжамнан асып түсті, сондай-ақ сынықтар импортына ішінара тыйым салуды жоспарлары туралы хабарлар аясында жоғары қарқынмен өсе бастады.

Мыналармен қолдау табылады:

2017 жылы кобальт нарығында бағаның өсімі байқалды. Бұл электромобильдер өндірісіндегі ұзақ мерзімді сұраныстың қалыптасуымен байланысты.

Маңыздылық пен тиісті шаралар

Әртүрлі өнім бағаларының қалпына келуі ERG жағдайын тұрақтандыру кезінде маңызды рөл атқарды. Соған қарамастан, өз қызметімізді оңтайландыруға, оның ішінде трансформация, операциялық тиімділіктің ұлғаюы мен инновацияларға қол жеткізуге үлкен назар аударып отырмыз (22–23 және 26–27-беттер). Бұл сонымен бірге стейкхолдерлерге пайда алып келуді жалғастырады, ол біздің болашақта баға құбылмалылығына төтеп тұру қабілетімізді қолдау үшін қажет, осылайша біз қызметіміздің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеміз.

Мыналармен қолдау табылады:

Бұдан басқа, ERG бизнеске металға деген сұраныстың ұзақ мерзімді өзгерістерінен пайда алу мүмкіндігін беретін өсу және қалпына келтірудің бірқатар жобаларына инвестиция құяды, олар «жасыл экономикаға» қол жеткізуге деген жаһандық талпыныспен байланысты болып отыр. Бұл ретте, негізгі назар мысқа, кобальтқа, алюминий мен ферроқорытпаға бөлінетін болады (24–25-беттер).

Мыналармен қолдау табылады:

Және инновациялық «Ақылды кеніш» жобасын қоса алғанда, ССКӨБ темір кенін өндіру жөніндегі кәсіпорындар бойынша стратегиялық шараларды қабылдаймыз (26–27-беттер).

Мыналармен қолдау табылады:

Сыртқы фкторлар мен олардың динамикаларының сараптамасы	12 бет
Тәуекелдерді басқару	14 бет
Стейкхолдерлермен жұмыс істеу	16 бет
Маңыздылықты бағалау	18 бет

ету технологиялары (ірі мемлекеттік мердігерлерді қоса алғанда) саласында қаржыландыруды және тәжірибені пайдалануды жалғастырамыз (24–25-беттер).

Бұл сондай-ақ, ERG портфелінің әртараптандыруға және біздің бизнесіміздің тұрақтылығына жәрдемдеседі, сондай-ақ бізге болашақ нарық қарқынынан пайда алуға мүмкіндік береді.

Осы орайда ERG BRI жобасының аясында Қытай Үкіметімен және қытайлық қаржы ұйымдарымен әріптестік бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл жобалар инфрақұрылымның дамуы мен индустрияландыруды дамытуға бағытталған, және жергілікті қауымдастықтардың әл-уқатын арттыруға көмектеседі. Солардың ішінде (қытайлық мердігер компания China Nonferrous Metal Industry’s Foreign Engineering and Construction Co., Қытай Экспорт-импорт банкімен, Қытай өнеркәсіп және коммерциялық банкімен, Қытай экспорттық кредиттерді сақтандыру корпорациясымен берлесіп жасаған) ҚДР-дегі Metalkol Roan Tailings Reclamation жобасының құрылысын атап өтуге болады. Бұл жоба алдағы болашақта қытайға кобальт жеткізудің маңызды көздерінің біріне айналды.

Аккумуляторлы батареяларға сұраныс және кобальт өнеркәсібіне әсері

Батареяларды өндіру технологиясын дамыту көлік құралдарының ішкі жану қозғалтқыштарына тәуелділігін азайтудың жаһандық күшінің басты элементі болып табылады. Оған стимул болған әлдеқайда қолайлы және қол жетімді электромобильдерді (ЭМ) әзірлеу болды. Болжамға сәйкес, 2025 жылы сатылған бес автокөліктің біреуі ЭМ (толық электрлі немесе гибридіті) болуы мүмкін.

ЭМ революциясының үрдісі батареялар мен термотұрақтылықтың жұмыс істеу циклын оңтайландыру үшін литийлі-йонды батареяларда қолданылатын кобальттың сұранысын ұлғайтуға алып келді. Соның нәтижесінде 2017 жылы кобальтқа деген бағаның өсу үрдісі байқалған болатын. Кобальттың ұзақ мерзімді көрсеткіштері оң болып қала береді. ЭМ батареялары үшін кобальттың сұранысы он жылдықтың соңына таман 200%-ға, ал 2025 жылға қарай 500%-ға өсуі мүмкін.

Кобальттың әлемдік қорының шамамен жартысы ҚДР шоғырланған, оған да өндірістің әлемдік көлемінің 65% астамы келеді. Осы орайда, ҚДР-де жақын арада кобальтты жобаларға инвестициялардың тұрақты ағыны байқалатын болады. Ішінара бұл контексте Конгоның үкіметі өндірушілердің қолайлығы аз салық салу режимі көздейтін жаңа Жер қойнауын пайдалану кодексін бекітті.

ҚДР тән қауіпсіздік пен адам құқықтары мәселелерімен байланысты жауапсыз және/немесе аз көлемді реттелмеген өндіру нәтижесінде алынған өнім жеткізудің жаһандық тізбегіне түседі деген алаңдаушылық бар. Бұл жағдайда кобальттың жеткізушілері соңғы пайдаланушылар және тұтыну брендтері, сондай-ақ жеткізу тізбегіне кіретін электроника және ЭМ кәсіпорындардың арасындағы абыройына нұқсан келтіруі мүмкін.

Сыртқы фкторлар мен олардың динамикаларының сараптамасы	12 бет
Тәуекелдерді басқару	14 бет
Стейкхолдерлермен жұмыс істеу	16 бет
Маңыздылықты бағалау	18 бет

БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары мен бизнестің әлеуметтік рөлі

2015 жылы БҰҰ қатысушы-мемлекеттермен қабылданған Орнықты Даму Мақсаттары (ОДМ) кедейшілікпен, теңсіздікке қарсы іс-қимыл мен әділетсіздікке қарсы күресу, сондай-ақ планетаны 2030 жылға дейін қорғау саласындағы күн тәртібін анықтайды.

ОДМ қабылдау компания үшін орын болды. Оның алдында осы мақсаттарға қол жеткізуде, сонымен бірге оларға зиян келтірмей қандай оң үлес қоса алатыны туралы мәселе тұрды.

Тау-кен өндіру компаниялары үшін басты мақсат мыналар болып табылады:

- 7 Арзан және таза энергия
- 8 Лайықты жұмыс және экономикалық өсім
- 9 Өнеркәсіп, инновациялар мен инфрақұрылым
- 11 Орнықты қалалар мен елді мекендер
- 12 Жауапты тұтыну мен өндіру
- 17 Мақсатқа жетудегі әріптестік

ОДМ көп жағдайда мыналар үшін үлкен маңызға ие болуы мүмкін:

- қоғамға оң және де теріс әсер етуді бағалау кезінде стейкхолдерлерге бағдар ретінде; және
- стейкхолдерлер кең ауқымы үшін қутулер мен қажеттіліктерге сәйкес келетін неғұрлым тұрақты, ұзақ мерзімді және бизнес-үлгіге құндылық қосатын әзірлеу кезіндегі компаниялар үшін бағдар ретінде.

Шынымен де, ОДМ тау-кен өндіретін актуалды секторының ауқымды мәселелеріне: Тау-кен өнеркәсібі мен металл жөніндегі халықаралық кеңесі нұсқаулық шығарды, оған сәйкес осы тұрғыдағы барынша оң әсер етіп, теріс әсер етуді төмендету тәсілдерін қоса алғанда, ОДМ жетістіктеріне қол жеткізу үшін қабылданатын тау-кен өндіру компанияларының іс-шаралары кіреді. Осыған ұқсас тәсілмен Дүниежүзілік экономикалық форумы БҰҰ ОДМ шеңберінде осы секторға өзінің рөлін, міндеттері мен мүмкіндіктерін көрсетуге жәрдемдесетін өз нұсқаулығын да шығарды.

Маңызды әрі тиісті шаралар

Metalkol RTR жобасының құрылысы ERG-дің әлемде кобальт өндіретін ірі кәсіпорындарының біріне ие болуына, сондай-ақ оның ұзақ мерзімді фундаменталды көрсеткіштері сияқты осы металдың бағасы тез өсуімен толық көлемде пайдалануына да мүмкіндік береді.

Metalkol RTR толық қуатына шыққаннан кейін жылына шамамен 105 мың тонна мыс пен 20 мың тонна кобальт өндіретін болады деп жоспарлануда (Boss және Chambishi кәсіпорындарының өнімдеріне қосымша ретінде).

Осы өнімнің көп бөлігі Қытай нарығына, атап айтқанда, батарея өндірушілерге жеткізілетін болады, ол ішкі жану қозғалтқыштарын жаһандық масштабта кезең-кезеңмен ауыстыруды қолдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, біз өз қызметімізді кедейшілік, белсенді мен ұзақ экологиялық деградация сипатындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жүргізіп жатқынымызды түсінеміз.

2017 жылы біз кобальт өндірісінің жауапты және кепілдендірілген процесін қамтамасыз ету, жергілікті қоғамдастықтардың өмір сүру сапасын жақсарту және жауапты жеткізілімдер тізбегін құру жөніндегі көпжақты шаралардың қолдау мақсатында «Таза Кобальт» бастамасын іске асыра бастадық (52-бет). Бұдан басқа, RTR Metalkol жобасы тиісті аумақтарды бұрынғы өндірістен қалған қалдықтардан олардың қайта өңдеу мен жауапты сақтауды ұйымдастыру арқылы тиімді тазалауға мүмкіндік береді (24 және 60–61-беттер).

Сыртқы фкторлар мен олардың динамикаларының сараптамасы	12 бет
Тәуекелдерді басқару	14 бет
Стейкхолдерлермен жұмыс істеу	16 бет
Маңыздылықты бағалау	18 бет

Маңызды әрі тиісті шаралар
Осы есепте біздің компаниямыз үшін маңызды мәселелер мен ОДМ арасындағы өзара байланыс орнату бойынша алғашқы қадамдар қабылдадық (және қызметіміздің көрсеткіштері).

Біздің қызметіміздің салдарлары, өз қызметімізді жүзеге асыратын шарттары мен БҰҰ анықтаған күн тәртібінің арасындағы өзара байланысын неғұрлым толық түсінуге бағытталған ірі масштабты шараларының бір бөлігі болып табылады.

Бұл ERG үшін ОДМ мақсаттарының «басымдықтарын» анықтауды қамтиды, оларды таңдау үшін әлеуетті бизнес-синергияларды, олардың жетістіктеріне біздің нақты немесе әлеуетті қол жеткізуімізге әсер ету, сондай-ақ әрбір ОДМ біздің қызметіміздің салалары/жергілікті стейкхолдерлер үшін актуалды дәрежесі өлшемшарт ретінде қызмет етеді (19-бет).

Осы әдіс біздің қызметімізді және қабылдаушы елдердің үкіметтері, жергілікті қауымдастықтары мен басқа стейкхолдерлерінің басымдықтарына сәйкес шешімдерді қабылдау процесіне сәйкестендіру арқасында ұзақ мерзімді бизнестің тұрақтылығына жәрдемдесетін болатынына сенімдіміз.

Бұдан басқа, бұл процестің нәтижелері Топтың стратегиясын әзірлеу үшін пайдалы болады (9-бет). Ол төмендегілерді қамтиды:

- Біздің бизнесіміздің тұрақтылығы мен икемділігін қолдауды;
- Біздің барлық стейкхолдерлеріміз үшін құндылықтарды құруды қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару

Біздің тәуекелдерді басқару құрылымы Менеджерлер кеңесі мен Атқару комитетінің қадағалау функцияларын анықтайды, олар Тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитетпен, сондай-ақ топтың Тәуекелдер мен ішкі аудит жөніндегі департаментінен қолдау табады. Біздің тәуекелдеріміз (және тиісті бақылаулар) тоқсан сайынғы негізде Менеджерлер кеңесі мен Тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитеттердің қарауына ұсынылады.

Тәуекелдерді бағалау шешімдері мен қабылдау процесін жоспарлауға интеграцияланған, бұл ретте әрбір тәуекел еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, қоғамдастықтардың, абыройдың, комплаенс пен қаржы тұрғысынан оның затқа әлеуетті әсер етуі бағаланады. Бұл бізге барлық негізгі себептер мен салдарларды ескеретін тәуекелдерді азайту жөніндегі тиісті шаралар қолдануға және біздің жұмыс істеу әдістерімізге тұрақты бизнес-тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді.

2017 жылы біз бүкіл Топ бойынша тәуекелдерді басқару жүйелерін одан әрі кеңейту бойынша шаралар қабылдадық, ол төмендегілерді қамтиды:

- Қазақстанда тәуекелдер мен ішкі бақылаулады басқару жөніндегі саясаттар мен регламенттерді жаңарту (болашақта бүкіл Топ бойынша енгізу жоспарлануда).
- Топтың деңгейінде жобалардың тәуекелдерін басқарудың жаңа әдістемесін әзірлеу.

«Қорғаудың үш желісі» тәуекелдерді басқару үлгісі

1

Операциялық менеджерлер тәуекелдерді анықтайды және оларды басқарады. Әрбір тәуекел белгілі менеджерге бекітіледі, ол уақытылы және дұрыс түрде тәуекелге орай әрекет етеді, сондай-ақ оны өңдейді.

2

Топтың бақылау бөлімшесі (мысалы, тәуекел, ішкі бақылау, комплаенс, сапаны басқару, қауіпсіздік және т.с.с. жөніндегі командалары) жауапты менеджерлермен енгізілген тиісті бақылаулардың сәйкестігін, нәтижелілігі мен тиімділігін үздіксіз режимде бақылап отырады.

3

Тәуекелдерді басқару құрылымымыздың тиімділігі біздің ішкі аудит командасымен және/немесе басқа аудиторлармен тұрақты түрде бағаланып тұрады.

Топтың негізгі тәуекелдері

БАСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Саяси нормативтік-құқықтық тәуекелдер

Саяси тұрақсыздық (атап айтқанда, Конго Демократиялық Республикасында) және жаңа кодекстер мен нормалардың біздің кәсіпорындар орналасқан мемлекеттерде күшіне енуі.

Өндірістік және операциялық тәуекелдер

Операциялық қызметтің тұрақсыздануы және техникалық/механикалық іркілу немесе төтенше ауа-райы жағдайлары нәтижесінде тиісті өнеркәсіптік қауіпсіздік/қоршаған ортаға әсер ету.

Кадрлық тәуекелдер

Қажетті дағдысы мен тәжірибесі бар персоналды жұмысқа жұмылдыру мен ұстау қабілетсіздігі. Бұл білікті мамандардың өсіп келе жатқан дефициті контекстінде және соның салдарынан Қазақстанда және шетелде еңбек нарығында бәсекенің ұлғаюы.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ӘДІСІ

- Заңнамадағы әлеуетті өзгерістерге мониторинг жүргізу және кәсіби ұйымдар/қауымдастықтар жұмысына қатысу.
- Өзара әрекет ету стратегияларын әзірлеу.
- Саяси тәуекел мен портфельді басқаруға қатысты күрделі инвестицияларды бағалау.

- Топ апаттың операциялық тәуекелдерін (кеннің опырылуы, қалдық қойма дамбаларының бұзылуы, кенді су алып кетуі, жерасты шахтасының опырылуы және т.с.с.) соның ішінде тәуелсіз техникалық тексерістердің көмегімен анықтауға тырысады және бақылаудың тиімді шараларын енгізеді.
- Техникалық қызмет көрсету мен сенімділікпен басқарудағы трансформациясы.
- Сенімділікті жоспарлауды және техникалық тәуекелдерді бағалауындағы негізгі қызмет көрсету.
- Тәуекелдерге қатысты операциялық объектілерді зерттеу тұрақты түрде сыртқы тәуелсіз зерттеушілермен өткізіледі.
- Тәуекелдерге қатысты қолдау бағдарламаларын тұрақты негізде әзірлеу.
- Орталық Африка өңірінде электр энергияны сенімді жеткізушілермен ұзақ мерзімді контрактілер.
- Мүлкіті залалдан сақтандыру келісім шарттарын және қызметті үзуден сақтандыру келісім шарттарын жасасу.

- Нәтиже үшін еңбекақы мен сыйақыдан тұратын, сондай-ақ әлеуметтік жеңілдіктер пакетінен тұратын бәсекеге қабілетті сыйақыны ұсыну. Топ персоналдың оның білікті персоналдағы ағымдағы сәтте және болашақта білікті персоналдағы қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған персоналды оқыту және дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады.
- Кадрларды іріктеу рәсімдері жетілдірілген және кадрлардың тұрақтамауын төмендетуге және персоналды дамытуға бағытталған шараларды енгізу.
- Өңірлерде қызметкерлердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасын жақсартуға нақты бағытталған Топ орналасқан өңірлердегі әлеуметтік инвестициялардың бағдарламаларын іске асыру.

БАСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

Қаржылық тәуекелдер

Қаржылық ресурстарға шектеулі қолжетімділік, валюталық тәуекел, өтімділік тәуекелі, кредиттік тәуекел, салықтық тәуекел мен байланысты тәуекелдер.

Өнеркәсіптік және өзге қауіпсіздік тәуекелдері мен еңбекті, қоршаған ортаны қорғау тәуекелдері

Операциялық қызметпен байланысты әлеуетті нормативтік және репутациялық әсер ету, оның ажырамас тәуекелі болып жұмысшылардың қауіпсіздік және еңбекті қорғау мен қоршаған ортаны қорғау болып табылады.

Комплаенс тәуекелдері

Топтың төменде көрсетілген салаларда заңнамалық қайшылықтары бар орталарда жұмыс істеуі:

- жемқорлық және парақорлық;
- лицензиялау;
- санкциялар;
- адам құқықтары;
- салықтық заңнама;
- деректерді қорғау (ЕО Деректерді қорғау Регламентін қоса алғанда)
- жеткізушілермен өзара қарым-қатынас;

Капиталды жобаларды орындамау тәуекелдері

Келісілген бағаға және сапаның өлшем шарттарына сәйкес табыстылықты азайтатын және ұзақ мерзімді перспективада беделге нұқсан келтіретін кең ауқымды жобаларды белгіленген мерзімде аяқтамаудың әлеуетті қабілетсіздігі.

Ақпараттық қауіпсіздік

Деректердің құпиялылығын жоғалтуды қоса алғанда, деректердің шығып кетуі, дұрыс басқара алмау немесе ұрлау нәтижесінде, әлеуетті, операциялық, абыройлық, нормативтік немесе өзге залал.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ӘДІСІ

- Топтың кредиторлармен өзара әрекет етуді үздіксіз жақсарту, нақты кредиторлармен мұқият жұмыс істеу мен кредиттік келісім шарттың міндеттемелерін орындау сәйкестігін қамтамасыз ету.
- Топтың тәуекелдердің және қолма-қол ақшаның жылжу сценарийлеріне ай сайын талдау жасау арқылы өтімділікті бақылау.
- Валюталық тәуекелдердің, өтімділік тәуекелдері мен кредиттік тәуекелдің деңгейлерін төмендетуге бағытталған қазынашылық саясатты дамыту.

- Операциялық қызметті жүргізген кезде қауіпсіздіктің басымдықтарын анықтау. Топ қызметінің барлық өңірлердегі қауіпсіздікті нығайтудың кешенді бағдарламалары әзірленеді және енгізіледі.
- ЕҚЖҚТ және ҚҚҚ маңызды тәуекелдеріне қатысты нольдік төзімділік саясатын қолдану және оларды басқару үшін ресурстарды бөлудегі басымдықтарды айқындау.
- Еңбекке төнер қатерлерді жою, өмір сүру қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау бойынша басқару жүйесін қолдану.
- Басшылыққа қызметтің тиімділігі жөніндегі тұрақты түрде есебі.

- Топтың саясатын қолдану және этикалық емес қызметке қатысты нольдік төзімділік жағдайы туралы тұрақты түрде хабарлау.
- ERG тұрақты негізде шақырылатын тәуекелдерді басқару және комплаенс жөніндегі комитетті бекіту.
- Корпоративтік ақпараттандыру саясаты бойынша жедел желінің үздіксіз жұмысы
- Контрагентті кешенді тексеру процедураларын орындау.
- Адам құқықтарына қатысты халықаралық стандарттарға бейімділігі.
- ЕО Деректерді қорғау жөніндегі регламентіне сәйкестігін қамтамасыз ету үшін проактивті жұмыс.

- Жобаларды табысты іске асыру үшін сенімді және ашық түрде кезең-кезеңмен жүзеге асыруды енгізу.
- Топтың ауқымында ірі жобаларға қатысты капиталды жобалардың тәуекелдерін басқарудың стандарттарын енгізу.
- Жобаны қаржыландыруды және тиісті серіктестермен/жеткізушілермен ол қолдануға болатын оңтайлы жағдайларда келісу туралы меморандумға қол қою.
- Ірі жобаларды сақтандыру (мысалы, пайдалануға енгізуді ұстап қалу тәуекелдері, контрагенттерді, монтаж жұмыстары бойынша сақтандыру полистерін рәсімдеу).

- Қатаң ақпараттық қауіпсіздік саясатын қолдану.
- Ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологиялар аудитін енгізу.

Орнықты дамытуда қолданатын әдісіміз (жалғасы)

Стейкхолдерлермен өзара әрекет ету

ERG негізделген шешімдерді қабылдауды қолдау үшін мүдделі тұлғалардың ауқымды шеңберімен өзара белсене әрекет етеді. Өзара әрекет ету үшін мүдделі тұлғаларды таңдау мынадай факторлардың негізінде жүзеге асырылады:

- ERG өзінің бизнес-мақсаттарына қол жеткізуде осы мүдделі тұлғалардың нақты және әлеуетті әсер етуі;
- ERG осы мүдделі тұлғаларға нақты және әлеуетті әсер етуі (оң немесе теріс).

Мүдделі тұлғаларды анықтау, басымдық беру мен өзара әрекет ету бізге мынадай:

- Біздің қызметіміз бен өзара әрекет ету арқылы басқаларға әсер етуді түсіну.
- Теріс әсерді азайтып, оң әсерді күшейту.
- Біздің қызметіміздің тиімділігіне мониторинг жасау.
- Біздің бизнесіміз үшін осы мүдделі тараптар әсер ететін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді түсіну, сондай-ақ қалайша біздің қызмет осы тәуекелдер мен мүмкіндіктерге әсер ететінін анықтау.
- Бірге жұмыс жасау мақсатында әріптестіктер құру үшін мүмкіндік береді.

Өзара әрекет ету мынадай деңгейлерде:

- Корпоративтік деңгейде (мысалы, стратегиялық мәселелер);
- Кәсіпорын деңгейінде (мысалы, стратегиялық/операциялық мәселелер);
- Объектінің өндірістік деңгейінде жүзеге асырылады (мысалы, операциялық мәселелер).



Photo credit: World Economic Forum

САНАТЫ	СТЕЙКХОЛДЕР	ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ТӘСІЛІ	2017 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР	ЕСЕПТЕГІ БӨЛІМ
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	Клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> • Өнімді әзірлеген кезде өзара әрекет ету. • Клиенттердің мәселелеріне әсер ету. 	<ul style="list-style-type: none"> • Жеткізілімдердің тұрақтылығы/болжамдылығы. • Өнімнің сапасы/бағасы. • Кобальттың жауапты өндірісі. 	1
	Жеткізушілер, бизнес-серіктестер мен мердігерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнес қауымдастық арқылы өзара әрекет ету. • Еңбекті қорғау және қауіпсіздік оқыту мен тиімділікті бақылауға қатысты үздіксіз диалог. 	<ul style="list-style-type: none"> • Контракттердің тұрақтылығы. • Болжамды төлемдер. 	1
ҚАРЖЫ	Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Веб-сайттардағы жаңартулар, хабарларды, өтінімдерді, операциялық есептерді жариялау • Кездесулер мен көшпелі тұсаукесерлер. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнесі тұрақты дамыту. • Дивиденттер алу. • Корпоративтік абырой. • Шығыстардың тиімділігі. 	1
	Кредиторлар	<ul style="list-style-type: none"> • Қаржылық қызметтер, олардың құрылымы, көлемі мен құны мәселелері бойынша өзара әрекет ету. 	<ul style="list-style-type: none"> • Бизнесінің тиімділігі. • Жобаны табысты орындау. • Қарыз алушылардың тәуекелдері. • Проценттерді және негізгі қарызды төлеу. 	1
МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР	Ұлттық үкімет	<ul style="list-style-type: none"> • Рұқсаттарды беру жөніндегі өзара әрекет ету, регламенттердің талаптарына сәйкестігі мен қызметке мониторинг. • Заңнама мен мемлекеттік саясатты әзірлеу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ішкі әлеуетті дамыту. • Өндіру жөніндегі инновациялық әдістер. • ҚДР өндіруді реттеу жөніндегі құқықтық/қаржылық жүйесі. 	1, 5
	Өңірлік әкімшілік	<ul style="list-style-type: none"> • Мемлекеттік-жеке серіктестікті дамыту (мысалы, Қазақстандағы меморандум). 	<ul style="list-style-type: none"> • Өңірлік әлеуметтік-экономикалық даму. 	2, 3
	Реттеуші органдар	<ul style="list-style-type: none"> • Әлеуметтік-экономикалық даму жөніндегі жобаларды іске асыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Атмосфераға шығарындыларды қоса алғанда қоршаған ортаға әсер етуі. • Өлімге алып келген жазатайым жағдайлар мен жұмысшылардың жарақаттануы. 	2, 3, 4, 5

САНАТЫ	СТЕЙКХОЛДЕР	ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ ТӘСІЛІ	2017 ЖЫЛҒЫ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР	ЕСЕПТЕГІ БӨЛІМ
ҚОҒАМ	Жергілікті қоғамдастықтар	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдық тыңдаулар мен кездесулер. • Әлеуметтік-экономикалық шолулар • Қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестиция жобалары (ҚӘИ) • Жергілікті БАҚ • Жергілікті қоғамдастықтарға арналған жобаларды бірлесіп бағалау 	<ul style="list-style-type: none"> • Өмір сүру сапасы. • Жұмыспен қамтуды ұлғайту. • Атмосфераға шығарындылар. • Суға қол жетімділік. • Қауіпсіздік және ҚДР майдагерлік және ұсақ өндіру 	1, 3, 4, 5
	Азаматтық қоғам ұйымдары мен БАҚ	<ul style="list-style-type: none"> • Салалық бастамаларға қатысу. • Көпсалалы бастамалар мен серіктестік. • ҚӘИ жобаларын іске асыру. • ҚӘИ жобалары бойынша баспасөз-релиздері мен басқа жарияланымдары, қаржылық ақпарат, жобаларды әзірлеу жөніндегі ақпарат 	<ul style="list-style-type: none"> • Ақпаратқа қол жетімділік пен ашықтық. • Бизнесі жүргізудің этикалық стандарттары. • ҚДР-дегі ENRC «мұрасының» әсері 	3, 5
	Қоғам		<ul style="list-style-type: none"> • Қоршаған ортаға әсері. • Жұмыспен қамтуды ұлғайту 	1
ЖҰМЫСШЫЛАР	Жұмысшылар мен олардың өкілдері	<ul style="list-style-type: none"> • Басшылық пен команда арасындағы үздіксіз диалог. • Ішкі коммуникация арналары (интранет, корпоративтік басылым, ішкі іс-шаралар мен т.с.с.) • Өнімділікті арттыру жөніндегі ұсыныстар мен идеялар. • Кездесулер мен шолулар. • Орнатылған еңбек қарым-қатынастары арқылы үзілмейтін диалог. • Ұжымдық қарым-қатынас. • Оқиғаларды тексеру 	<ul style="list-style-type: none"> • Жұмыс істеу шарттары. • Оқу және дамыту. • Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік. • Жұмысшылардың және олардың отбасыларының өмір сүрудің физикалық жағдайлары 	2
	Жоғары басшылық		<ul style="list-style-type: none"> • Біліктілікті арттыру. • Кәсіби даму 	2

Орнықты дамытуда қолданатын әдісіміз (жалғасы)

Маңызды аспектілерді анықтау

Осы есеп алғаш рет тәуекелдерді бағалау және ERG стейкхолдерлерімен өзара әрекет ету процесіне негізделген маңыздылықты анықтаудың жаңа ішкі процесі негізінде жасалды. Бұл процесс біздің тұрақты даму, соның ішінде стратегия мен есептілік саласындағы нәтижелілікті үздіксіз жақсарту жөніндегі күш-жігеріміздің бір бөлігі болып табылады.

Бұл алғашқы кезең сыртқы шолумен және GRI стандарттарының талаптарына сәйкестігінің нәтижелігін тексеру мен қамтамасыз ету үшін толықтырылатын болады. Әрі 2018 жылы алынған кері байланыспен толықтырылатын болады.

Орнықты даму жөніндегі есептілікті дайындаудан бөлек, болашақта маңыздылық процесі де біздің орнықты даму жөніндегі стратегиямызды қалыптастыруға септігін тигізеді.

Маңыздылықты бағалау процесі



Ішкі бағалау негізіндегі маңызды мәселелер

■ Маңызды ■ Релевантты

Бизнесімізді болашаққа дайындай отырып	Адамдарымыздың өркендеуіне ықпал ете отырып	Жергілікті қоғамдастықтарды дамыту мен әл-ауқаты	Қоршаған ортаны қорғау саласындағы тиімді басқару	Қоғаммен өзара қарым-қатынасымыз
Трансформация	Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік	Жергілікті қоғамдастықтарға әсер ету	Судың қол жетімділігі	Құндылықтарды жасау және бөлу (Жергілікті мазмұнды қоса алғанда)
Корпоративтік басқару және комплаенс	Персоналды дамыту	Қоғамдастыққа әлеуметтік инвестициялар	Ластануды алдын алу	Адам құқықтары
Операциялық тиімділік пен инновациялар	Алуантүрлілік пен инклюзивтілік	Ықшам өндіріс	Энергия және климаттың өзгеруі	Жемқорлықпен күрес және бизнес-этика
Тәуекел-менеджмент	Еңбек қатынастары	Тұрғылықты және дәстүрлі халықтар	Қалдықтарды басқару	Мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас және заңнама
			Жауапты жабу және беру	
			Биоалуантүрлілік	

Маңызды мәселелер¹

Осы процес арқылы тұрақты дамудың аса маңызды мәселелері анықталған болатын.

Осы есептің құрылымы маңызды аспектілердің тізбесі негізінде жасалған, олардың әрқайсысы жекелеген бөлімдерде толық түсіндірілген².

Тізімнен шығару осы есептегі толық талдау үшін осы мәселенің маңыздылығы жеткіліксіз болғанымен байланысты.

2 «Қоғамдастықтарға әсер ету» мен «Энергия мен климаттың өзгерісі» мәселелері алдын-ала бағалау барысында маңызды деп анықталмаса да, осы есепте қарастырылған болатын. Себебі бұл мәселелер ERG үшін релевантты, және сыртқы стейкхолдерлерде қызығушылық тудырады.

1 Егер мәселе тізімге енгізілмесе, ол мәселе маңызды емес, немесе бақылауда жоқ екендігін білдірмейді.

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ (тізім басымдылықты көрсетпейді)	ҚЫСҚАША ТҮСІНІКТЕМЕСІ	БҰҰ ОДМ ТИІСТІ МАҚСАТТАРЫ
Жемқорлықпен күрес және іскерлік этика	Компанияның, оның қызметкерлерінің немесе оның бизнес-серіктестерінің жосықсыз және/немесе заңсыз іс-әрекеттерін болдырмау (соның ішінде, пара алу, алаяқтық, формалдылықты оңайлату үшін төлемдер, бәсекесіз жүріс-тұрыс пен халықаралық санкцияларды бұзу).	16
Ықшам өндіріс	ERG объектілерінде және олардың жанында майдагерлік іздеушілер қоғамдастықтардың болуы, сондай-ақ олармен өзара әрекет ету, соның ішінде жауапты өндіру тәжірибесіне жәрдемдесу жөніндегі іс-шараларына, адам құқықтары мен еңбек құқықтары жөніндегі тәуекелдерді жою, құндылықтарды құру тізбегіндегі төмен тұрған ойыншыларға арналған кепілдіктер жасау.	8, 12, 15
Қоғамдастықтардың әл-ауқаты	ERG жергілікті қоғамдастықтар шеңберінде және одан тыс әлеуметтік-экономикалық жағдайларды нығайтуға тікелей бағытталған ерікті немесе міндетті шығыстары ³ . 3 Біздің қызметкерлерімізбен байланысты қоғамдастықтардың шығыстарына «Еңбек қатынастары» бөлімінде талдау жасалғанын атап өту қажет.	1, 3, 4, 8, 9, 11, 17
Тиімділік пен инновациялар	Тау-кен өндіру/металлургиялық процестерді, технологияларды және басқару әдістерін жетілдіру, инновациялар; өнімділікті, нәтижелікті және операциялық тиімділікті арттыру; және ERG-дің барлық құрылымдарында инновациялық идеяларды іздеу/дамыту.	8, 9, 12
Мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас және заңнама	ERG қабылдаушы елдердің үкіметтері мен кез келген басқа үкіметтері арасындағы қарым-қатынастар, соның ішінде оң және теріс өзара ықпалдастық (мысалы, саясат, қаржылық реттеу, экономикалық стратегия, геосаясат, насихаттау, мемлекеттік қатысу үлесі және т.с.с.)	16, 17
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау	Жұмыс орнында қауіпсіздікті қамтамасыз ету және денсаулықты қорғау, қысқа немесе ұзақ мерзімді перспективада қызметкерлердің физикалық және психикалық денсаулығына кері әсерді болдырмау.	8
Еңбек қатынастары	Жұмысшылардың және олардың заңды өкілдерінің негізгі жұмыс мәселелері бойынша (соның ішінде еңбек ақы төлеу, бонустар, еңбек шарты, ұжымдық келісім шарттар, ереуілдер және т.с.с.) және жұмыстан тыс мәселелер бойынша (мысалы, өсім сүру сапасы және біздің жергілікті қоғамдастықтарда отбасылардың әл-ауқаты) екі жақты қарым-қатынастар.	8, 11
Қоршаған ортаның ластануын болдырмау	Қоршаған ортаға қауіпті шығарындыларды жауапты бақылау. ⁴ 4 CO ₂ шығарындыларын қоспағанда, оларға «Энергия және климаттың өзгеруі» атты жеке тарауда талдау жасалған.	6, 12
Персоналды дамыту	Біздің қызметкерлеріміздің дағдылары мен қабілеттерінің деңгейі, сондай-ақ оларды дамыту.	8
Трансформация	Активтердің тұтастығына қол жеткізу арқылы тұрақты өсуді және шығындарды азайтуды қамтамасыз ету, жаңа бизнес серіктестіктерді қамтамасыз ету және басқару және орнықты дамуға қатысты саладағы неғұрлым тиімді шараларды іске асыру, сондай-ақ өзгерістерге деген тұрақтылықты арттыру.	8, 9
Құндылықтарды жасау және бөлу (жергілікті үлесті қоса алғанда)	ERG негізгі қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде қысқа, орта және ұзақ мерзімді перспективада экономикалық құндылықты қалыптастыру, сондай-ақ осы құндылықтарды стейкхолдерлер арасында тарату (оның ішінде операциялық шығыстар, салықтық төлемдер/роялти, персоналға шығыстар/бонустар, дивиденттер, қаржылық шығындар мен әлеуметтік салаға инвестициялар).	1, 8
Қалдықтарды басқару	Қалдықтарды қалыптастыруды, бақылау мен кәдеге жаратудың жауапты әдістері (оның ішінде, аршылым, қалдықтар, шлактар, жалпы өнеркәсіптік қалдықтар және басқалар). Бұл тұтастықтың құрылымымен, қайта өңдеумен, өткізумен, қоршаған ортаның ластануымен, экологиялық міндеттемелермен байланысты тиісті тәуекелдерден, мүмкіндіктер мен салдарлардан тұрады және т.с.с.	12

Бизнесімізді болашаққа дайындау

Жаңару, өсу және инновациялар



1.1 Трансформация



22 бет

1.2 Активтер портфелін дамыту



24 бет

1.3 Операциялық тиімділік және инновациялар



26 бет

Маңыздылық¹

Соңғы төрт жылда біз өз бизнесімізді ойдағыдай тұрақтандырдық және түрлендірдік

Оған негізі ықпал етуші факторлар мыналар болды:

- әртарапталдырылған жобалар портфелі;
- іскер серіктестерімізбен қазір бар қатынастарды қолдау;
- Топтағы Қазақстан Үкіметінің үлесі;
- негізгі кредиторлармен қарызды өтеу кестесін қайта қарастыру;
- бағаны оңтайландырудың үздіксіз бағдарламалары.

Қазір бізге осы мықты негізде қысқа, орташа және ұзақ мерзімді болашақта тұрақты құндылықтар қалыптастыруды жалғастыру үшін әрекеттерді анықтау маңызды. Бұл тек біздің акционерлеріміздің мүддесіне ғана жасалмайды, ол сонымен қатар біз қалыптастырған құндылықтарымыздан пайда алатын мүдделі тараптардың болашақтағы одан да кең ортасы үшін де маңызды (16-17 бет).

Осылайша, біз бизнесіміздің сенімділігін, икемділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етуіміз керек, ол нарық конъюктурасы өзгеріп жатқан жағдайларда ғана емес, сонымен қатар қоса жүретін тәуекелдер мен перспективаларын ойдағыдай алдын ала болжап, пысықтауға мүмкіндік береді, ал ол өз алдына табысқа жеткізеді. Сонымен қатар, біз тұрақты негізде біздің бизнесіміздің барлық аспектілеріне тұрақтылықты ендіруге және оны біздің бизнес стратегиямыздағы жұмыстың негізгі бағыты ретінде енгізуге ұмтыламыз.

¹ Яғни, негізінен бұл аспект біздің Топ пен біздің стейкхолдерлер үшін маңызды.

2025-Стратегиясының басымдықтары

Басымдық: Портфель

- Қазақстандағы активтердің дамуы
- Халықаралық активтер портфелін оңтайландыру
- ТМК портфелін кеңейту мүмкіндіктерін іске асыру

Басымдық: Тиімділік

- Операциялық тиімділікті арттыру
- Үздіксіз жақсарту тетіктері мен мәдениетін дамыту

БҰҰ орнықты дамуының негізгі мақсаттары



1-бөлім: Бизнесімізді болашаққа дайындау (жалғасы)

2017 жылғы қызмет нәтижелері

Тиімділік және инновациялар саласындағы біздің жұмысымыз, сондай-ақ, бизнестің тұрақтылығына ықпал ету жөніндегі біздің бастамаларымызбен бірге үйлесім тапқан өткен және осы кезеңдегі қолайлы нарықтық жағдайлар 2017 жылы қол жеткізген қаржылық және өндірістік көрсеткіштерін бекітуге мүмкіндік берді. Мысалы, ERG есептік жылда мыналарға қол жеткізді:

- Базалық EBITDA 2 090 миллион АҚШ доллары (2016 жылмен салыстырғанда 42,4% ға өсті)
- Базалық EBITDA 3,39 таза қарызына ара салмағы (2016 жылдағы 4,77% бен салыстырғанда).
- Базалық EBITDA 41,4% нормасы (2016 жылғы 38,2% бен салыстырғанда 3,2 пайыздық көрсеткішке өсті).

Осы жылы өндіріс деңгейі де өсті, әсіресе феррокорытпа, темір кені, алюминий және көмір өндірісіне қатысты.



Біз орнықтылықты бизнесіміздің барлық бағыттарына енгізіп, оны бизнес стратегиямыздың негізгі басымдығы деп қарастырамыз

Топтың өндірісі			
Өнім	2017 (мың т)	2016 (мың т)	Өзгеруі (%)
Тауарлық феррокорытпалар	1 496	1 361	+9,9
Тауарлық темір кені концентраты және шекемтастар	10 585	9 809	+7,9
Глинозем	1 509	1 500	+0,6
Алюминий	257	240	+7,1
Тауарлық мыс (кен мен концентратта)	142,7	142,2	+0,4
Кобальт (металда)	2,5	5,1	-51,0
Көмір	27 472	24 679	+11,3

1.1 Трансформация

2025-Стратегиясының негізгі мақсаты

- Үздіксіз жақсарту тетіктері мен мәдениетін дамыту

Бүкіл әлемде біздің өнімімізге деген сұраныстың азаюы біздің жұмысымызда және де тұтастай біздің бизнесімізді ұйымдастыруда ойлануды талап ететін жаңа әдістерді енгізу қажет екенін көрсетті. Осы мақсатта біз халықаралық стандарттарға, тәжірибе және біздің стратегиялық мақсатымыз – жоғары тиімді ұйым болу ниетімізді қолдап жүретін ұйымдастырушылық құрылымдарға сәйкес басқару жүйесін әзірлеу және ендіру жұмысын жалғастырдық. Біздің қызметіміз мыналарды:

- Бизнес-процестерді стандарттау, жоспарлауды жетілдіру, капиталды реттеп үлестіру, сондай ақ өнімділікті арттыру және шығындарды жоспарлау жүйесін жақсартуды.
- Барлық кәсіпорындарда инновациялық операциялық және басқару ұстанымдарын қамтамасыз етуді.
- Жалпы бизнес-мақсаттарға қол жеткізу барысында қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің неғұрлым жоғары деңгейіне қол жеткізуді қамтыды.

Біздің компанияны трансформациялаудың негізгі кезеңі 2014 жылы Қазақстанда басталды. Ол кезде біздің кәсіпорындарымызды орталық басқаруды күшейту және бақылауды туралы шешім қабылданған болатын. Осы процесс біздің корпоративтік кеңсегізді кеңейтуді, сондай ақ орталық деңгейде әр кәсіпорын үшін бекітілген басқарушы жоспарлар мен процестерді жүзеге асыруды білдірді. Ол мыналарды қамтыды:

- бесжылдық жоспарлар;
- бюджеттер;
- тиімділіктің негізгі көрсеткіштері;
- сатып алу жоспарлары.

Бұдан бөлек, біз ERG үшін және компанияның барлық мүдделі тараптары үшін құндылықтар қалыптастыруға бағытталған процестерді ендіруге ерекше назар бөлдік. Осы процес басқарудағы «функционалды» ұстанымнан (яғни жекелеген функциялар арқылы басқару) процесті әдіске өтуін (яғни, толассыз процеске тартылған түрлі функциялары шеңберінде басқару) қамтыған.

2016 жылы трансформация жаңа кезеңге көшті. Басқарудағы процестік ұстанымға негізделе отырып, біз Орнықты даму кеңесін (10-бет) құрдық. Оның міндеті стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуді, бизнестің тұрақты дамуын және барлық мүдделі тараптар үшін құндылықтар қалыптастыруды қамтамасыз ету болып табылады. Нақты осы контекстте 2017 жылы біз трансформация бастамалары арқылы осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған жұмысты жалғастырдық.

Басқаруды жақсарту бастамалары

Біз өз қызметімізді басқаруды жетілдіру бағытында қолданыстағы бастамаларды іске асыру жұмысын жалғастырдық. Қорыта келе, осының барлығы біздің мына:

- Сатылымдар: ұзақ мерзімді шарттарға, нарықтың кеңейтілген талдауына және біздің кәсіпорындарымызбен бірге ықпалдасқан үйлестіруге көңіл бөліп, қоса алғанда.
- Күрделі шығындар: Топтың деңгейіндегі толық 10 жылдық жоспарды ескере отырып, кезеңдерді жабудың озық процестері мен орталықтандырылған басқаруды және ірі жобалардың мониторингін қолдану, сондай ақ Менеджерлер кеңесіне кезеңді статустық есептерін ұсыну.

- Жоспарлау: қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлау құралдарын ендіру, шешімдер қабылдау нәтижелерін талдау және біздің стратегиялық жоспарымыздың тұрақты сыртқы және ішкі коммуникациясы. Бұл жоғары тұрған басшылыққа озық шешімдер қабылдау кезінде көмек ретінде драйверлер базасындағы он сегіз айлық сырғымалы жоспарлау процесін орындауды, сондай ақ өтімділікке ықпал ететін сыртқы және ішкі әсерлерін қамтиды.
- Сатып алулар: аймақтар деңгейінде орталықтандырылған жоспарлау мен талдауды ендіру, сондай ақ процестерді автоматтандыруды сияқты салалардағы басқаруымызды айтарлықтай жақсартты.

2009–2015 жылдары ішінде іске асырылған трансформация бастамалары

- SAP® ендіру – бұл процесс Қазақстандағы кәсіпорындарында 2017 жылы аяқталған және операциялық деңгейде процестік әдісті ендіруді және есептілікті автоматтандыруды көздейді.
- Аймақтың және Топтың деңгейінде кәсіпорындарда қаржылық үлгілеу мен жобалауды ендіру.
- Жоспарлау үрдістері мен сатып алуларды басқаруды жақсарту және орталықтандыру.
- Коммерциялық шешімдерін ықпалдастырып қабылдау және үйлестірілген операциялық жобалауды қамтамасыз ету үшін сатылымдар мен операциялық жоспарлау функцияларын ендіруді қоса алғанда, сату процестеріне жаңа әдіс енгізу.
- Операциялық тиімділік бастамасы арқылы шығындарды 10% ға төмендетуді көздеген «Минус 10%» жобасын іске асыру.
- Ашық және процестік үлгіге негізделген ТНК жүйесін ендіру.

2016 жылы іске асырылған басты трансформация бағдарламалары

- Топтың барлық кәсіпорындары үшін басқарудың бірыңғай қағидалары мен тетіктерін ендіру (2017 жылы аяқталған).
- Топ деңгейінде арнайы Инвестициялық комитеттің жобалары мен капиталын басқарудың бірыңғай процестерін ендіру.
- Топтың барлық деңгейлерінде жоспарлау процестерін интеграциялау.
- Цифрландыру жөніндегі бастамаларды қоса алғанда ERG 4.0.
- Өнімділікті арттыру және шығындарды төмендету үшін өндірісті оңтайландыру бойынша маманданған топ құру.
- Өкілеттіктерді табыстау, шығындарды басқару және корпоративтік кеңселерді қайта құрылымдау ережелерін қоса алғанда, трансформацияны қолдауға арналған процестерді қайта құрылымдау және тиімділігін жақсарту.

2017 жылы іске асырылған басты трансформация бағдарламалары

- Қаржылық, заң және ақпараттық технологиялар қызметтерін қоса алғанда, сату мен маркетинг бөлімшелерінің қаржылық функцияларын орталықтандыру.
- Қазақстандағы стратегиялық бағдарламаларымыз – ERG Академиясын құру және оның шеңберінде біз құрылымданған тренингтер мен даму бағдарламаларын іске асырамыз, сондай ақ Топтың корпоративтік мәдениетін дамытамыз.
- Африкадағы біздің активтерімізде Dynatics 365 бағдарламалық кешенін пайдалана отырып, бизнес басқарудың ықпалдасқан жүйесін ендіру. Осы процесс Сатып алулар, қаржы және HR функцияларына бағытталған және 2018 жылы аяқталады.

- Африкадағы Boss және CCC кеніштерінде техникалық қызмет көрсетуді басқаруды оңтайландыру мақсатында Dupawau кәсіпорнының активтерін басқару жүйесін ендіру – бұл жұмыс іске асыру процесінде, 2018 жылы аяқталады.

Бұдан басқа, біз Африкада Vaobab жобасын іске асырдық, нәтижесінде 150 ден астам пәнаралық қатысушылар Функционалды анықтамалар әзірледі. Оның ішінде өзге элементтерден басқа, ұйымдастырушылық құрылымдары, бизнес процестер, сондай ақ бизнес инфрақұрылым және жүйелер анықталған. Осы жоба аймақтағы процестік бағдарланған басқару үлгісін іске асыру үшін негіз ретінде қамтамасыз етеді.

Сайып келгенде, бұл бастамалар біздің бизнесіміздің орнықтылығын қолдау үшін негізі болып табылатын басқарудың теңдестірілген жүйесін қалыптастыруға септігін тигізді.

2018 жылы жоспарланған трансформация бағдарламалары

Біз Қазақстанда мыналарды:

- Техникалық қызмет көрсету мен сенімділікті басқарудың жаңа бағдарламасын ендіруді.
- Біздің кәсіпорындарда SAP® жүйесін пайдалануға аудит жүргізу және жақсартуды талап ететін тұстарын анықтауды.
- Қашар карьеріндегі жобадан (26-бет) басқа, көліктік құралдарын диспетчерлендірудің озық жүйелерін қоса алғанда, цифрландыру жобаларын ендіруді жалғастыруды.
- Орталықтандыру және «жедел жабу» мақсатында қаржылық жобалар ретін іске асыруды жоспарлаймыз.

Трансформация кезеңдері



1.2 Активтер портфелін дамыту

2025-Стратегиясының негізгі мақсаттары

- Қазақстандағы активтерді дамыту
- Халықаралық активтер портфелін оңтайландыру
- ТМК портфелін кеңейту мүмкіндіктерін пайдалану

Біздің кәсіпорындарымыз болашақта табысты қызметін қамтамасыз ету үшін біздің активтер портфелімізді жыл бойына өнімді дамыту бағытындағы жұмысымызды жалғастырдық. Бұл жұмысқа біздің дамуымыз барысында өзімізді тиісті деңгейімізге әсер ететін және металдарға сұраныстың болашақтағы өзгерістерінен табыс алатын негізгі жобалар жатады (25 бет).

Кобальт пен мыс ҚДР да Metalkol Roan Tailings Reclamation (RTR) жобасы

2017 жылы Конго Демократиялық Республикасында біздің флагмандық Metalkol RTR жобасының құрылысы жалғастырылған болатын.

Осы жоба біздің «Бір белдеу – бір жол» қытай бастамасына қатысуымыз және Metalkol RTR қоса алғанда, біз бірқатар жобаларды іске асыру үшін қытай тарапынан инвестицияларды алуымыз шеңберінде іске асырылады.

Жаңа зауытта, осы учаскеде операциялардың он жылдам астам жиналған, әлемдегі ең ірі қалдық қоймасының бірінен түсетін, қолданыстағы мыс кобальт қалдықтарын қайта өңдейтін болады 1950 жылдан бастап алдыңғы кәсіпорындармен қоршаған ортаға шығарылған осы қалдықтар (Мусоной өзенін қоса алғанда) тұрақты түрде ластанудың себебі болды, бұл жергілікті судың сапасына әсер етті және адамдар тұратын аймақтың ортасына кері әсерін тигізді. Осы қалдықтарды қайта өңдеу және тиісті сақталуын жүзеге асыра отырып, біз өндірістің төмен шығындары бар мыс пен кобальттың ірі өндірушісі боламыз. Біз сондай ақ өндірісті тиісті түрде жүргізетін төмен шығынды кобальттың жаңа стратегиялық көзінің иесі боламыз. Бұл өз кезегінде, біздің тапсырыс берушілеріміз үшін жеткізулердің жауапты тізбесін қамтамасыз етеді (51 және 60 бет).

ҚДР-дағы Boss 50 жобасы – мыс өндірісін ұлғайту

2017 жылы біз Boss Mining кәсіпорнында жылына 50 000 тоннаға дейін мыс өндіретін құны 50 млн. АҚШ долл. инвестициялық жобаны аяқтадық. Бұл өндірісті жылына шамамен 50% ға немесе 16 мың тоннаға ұлғайтуды білдіреді. Бұған жаңа шандалы ерітінділеу зауытын салу және қосалқы инфрақұрылымы есебінен қол жеткізілді.

ҚДР-дағы Frontier кенішінің жұмыс істеу мерзімін ұзарту – Контур 3 жобасы

Біз 2018 жылы ҚДР дағы біздің Frontier кенішіне оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту мақсатымен инвестициялауды жалғастыруды жоспарлап отырмыз. Бұл Контур 3 жобасын қамтиды. Оның шеңберінде карьер борттарын тарату үшін 28 млн текше метрге дейінгі көлемде және 300 мың тонна үнемді мыс пайда болғанға дейін аршылым ойығын жүргізу көзделеді. Осы жұмыс түрлері кенді пайдалану мерзімін төрт жылға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осы жобаны іске асыру



барысында концентраттың құрамындағы мыстың орташа өндірісі 2019 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде жылына 60 мың тоннадан астам көлемде қамтамасыз етілетін болады және кейінгі Контур 4 жобасы үшін де негізі қалануы мүмкін. Бұл өз кезегінде, бұл жергілікті қауымдастық мүшелері мен қызметкерлерді қоса алғанда, ERG жергілікті мүдделі тараптар үшін құндылықтардың үздіксіз қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Алюминий Қазақстанда ҚЭЗ-2 жобасы арқылы алюминий құнын арттыру

Қазақстан электролиз зауытының базасында біздің алюминийге деген өскен сұранысты өтеу үшін 2017 жылы біз ҚЭЗ-2 жобасын іске қостық. Бұл алюминий өндірісінің жалпы металлургиялық қуатын ұлғайту үшін және қаңылтақ, илемдік және «Т» тәрізді құймасы сияқты түрлі формалардағы алюминий құймаларының өндірісі арқылы алюминий құнын құрау тізбегінің одан әрі интеграциясын тексеру үшін алдын ала техникалық экономикалық негіздеме әзірлеуді қамтиды. Ол бекітілген жағдайда, жоба біздің глинозем және энергоресурс қорларымызға қосымша құн қосады.

Қазақстан Алюминий кәсіпорнында шығарындыларды төмендетуге арналған жетілдірілген сүзгілер орнату

Біз Павлодар облысында Қазақстан Алюминий кәсіпорнындағы біріктіру цехында сүзгілерді жақсарту бойынша елеулі инвестициялық бағдарламаны іске қостық. Осы сүзгілерге арналған озық жабдық қатты бөлшектердің шығарылымын айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ауыр және тау кен өндіруші өнеркәсіптік саласының көптеген кәсіпорындарынан (сондай ақ көмір тұтынұшылардан тұрмыстық қажеттіліктер үшін) қоршаған ортаға біздің шығарындыларымыздың үлесі де елеулі төмендейді.

Metalkol RTR жобасының арқасында біз төмен бағалы кобальт пен мыстың өндірушісі және де «таза» кобальттың стратегиялық көзіне айналамыз

ҚТО шахтасының екінші кезеңі хром өндірісін ұлғайтып, Казхром өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді

Ферроқорытпалар

Қазақстанда ҚТО шахталарын әзірлеу
Болжам бойынша, Қазхромға хром кенін жеткізетін бар шахталар кезең-кезеңімен пайдаланудан шығарылатын болады. Осы орайда, біз «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» (ҚТО) шахтасының екінші кезеңін әзірлеуді жалғастырдық. Онда қажетті көлемдегі шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында блокты опырылу әдісін қолданатын боламыз. Осы жобаның арқасында біз хром кені өндірісінің жылдық көлемін ұлғайтып, ұзақ мерзімде Қазхром өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін болады.

Қазақстанда Ақсу ферроқорытпа зауытындағы өндірісті кеңейту

2017 жылы біз Ақсу зауытында № 64 балқыту пешін күрделі жөндеу және қайта жабдықтау (№6 цехын қайта құрылымдау жөніндегі қолданыстағы жобасы шеңберінде), сондай ақ пешті газөткізбейтін тығыздауышпен жабдықтау жұмыстарын бастадық. Бұл ферроқорытпа газын

қармауға және газды беру кезінде, шихтаны қыздыру кезінде ішінара пайдалануға мүмкіндік береді. Болжамдарға сәйкес осы бағдарлама пештің өнімділігін 50% ға арттырады, сондай ақ электр энергиясын тұтыну мөлшерін 25% ға төмендетеді және (екі заманауи газтазартқыш құрылғыларды орнатумен бірге) атмосфераға біздің шығарындыларымызды азайтады. Жетілдіру бойынша осы жұмыстары аяқталысымен, аталған цехтың басқа да зауыттық пештерінде де баламалы жұмыстары жүргізілетін болады. Бағдарламаның аяқталуынан кейін цех өндірісінің көлемі, болжамдарға сәйкес, жылына 500 000 тонна жоғары көміртеккі феррохромға жетпек.

Өзге жобалар

Жоғарыда айтылғандардан өзге, біз өз қызметімізді тұрақты деңгейде сақтау үшін кеңейту және қайта құру бойынша қосымша жобаларды іске асырамыз. Олар төмендегі жобаларды қамтиды:

Бразилияда Bahia Mineração S.A. (BAMIN) жобасын дамыту
BAMIN бай кені (DSO) және концентраты өндірісінің әлеуетіне ие жоғары сапалы темір кен орны болып табылады.

2017 жылы біз мынадай шараларды атқардық:

- Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі бойынша жұмыстар (аяқталды);
- Экологиялық лицензияларды сақтау шаралары.

Осы контексте BAMIN жобасы бүкіл Баия штаты бойынша қоршаған орта саласындағы эталонды жоба болып табылады. Бұл ерекше бақылауда болатын осы экологиялық сезімтал аймақ үшін өте маңызды. Құрылыс жұмыстары аяқталғаннан кейін, болжамдарға сәйкес, BAMIN жылына 18 млн. тонна темір кенін өндіретін болады. Осы орайда кеннің жалпы жұмыс мерзімі 30 жылды қамтиды.

Қазақстандағы Ақсу электр станциясын қайта құру

Ағымдағы жоспарларға сәйкес, 2019 жылы № 7 энергия блогын пайдаланудан шығару күтілуде, бұл Топтың ішінде энергия сыйымдылығының тапшылығына алып келеді. 2017 жылы біз блогын қайта құру бойынша ірі тұжырымдамалық жобасын әзірледік, соның шеңберінде негізгі генераторларының толық ауыстырылуы және қуатын 300 МВт тан 325 МВт қа дейін ұлғайту қарастырылған. Жоба бойынша алдын ала техника-экономикалық негіздеме 2018 жылдың үшінші тоқсанына аяқталуы керек, содан кейін 2019 жылдағы пайдаланудан шығару мен құрылыстың басталуына дайындық мақсатында техника экономикалық негіздемесінің кезеңі басталады.

Болашақтың жасыл экономикасын шикізатпен қамтамасыз ету

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы біздің қызметімізден басқа, біз алюминий, мыс, кобальт және ферроқорытпалар өндірісі арқылы жасыл экономиканы дамытуды қамтамасыз етуде елеулі рөл атқаратынымызды мақтан етеміз. Дүниежүзілік банк¹ атап айтқандай, төмендегі «неғұрлым экологиялық таза технологияларды» қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады деп күтілуде:

Кобальт

Кобальт электромобиль өндірісінде қолданылатын литий ионды батареялардың негізгі компоненті болып табылады. Электромобильдер өндірісінің өсуі, кобальтқа деген сұранысын ұлғайтуға ықтимал. Осылайша, кобальттың ұлғайтылған жеткізілімдері, көмірсутекті автомобильдерден электромобильдерге біртіндеп көшуге елеулі ықпал етуі ықтимал.

Алюминий

Алюминий электр энергиясының өндірісінде фотоэлектр қондырғыларымен, жел генерациялық жабдықтары және литий ионды батареяларда қолданылады. Болашақта энерго тиімді және/немесе электр автомобильдерінің салмағын жеңілдетуге септесе алады. Бүкіләлемдік банк болжамдары бойынша, осы металл, соңғы жүзжылдықта көрсетілгендей, өзінің төменкөміртектегі энергиялық құрамының өзгеруімен ұтымды ерекшеленеді [басқа металдармен салыстырғанда].

1 Дүниежүзілік банк, «Төмен көміртектегі болашақты қамтамасыз етудегі минералды ресурстарының маңыздылығын жоғарылату», <http://documents.worldbank.org/curated/en/207371500386458722/pdf/117581-WP-P159838-PUBLIC-ClimateSmartMiningJuly.pdf>

Ферроқорытпалар

Ферроқорытпалар тот баспайтын болат өндірісінің маңызды компоненті болып табылады. Заманауи тиімді көмір электр станцияларын (қазандар мен құбырларды қоса алғанда) құру үшін, сондай-ақ, газ турбиналарының өндірісіне қажет. Тот баспайтын болат сондай-ақ, ядролық энергия өндірісінің құрылымында айтарлықтай маңызды рөлін атқарады.

Мыс

Мыс жаңғыртылған энергия көздері мен электромобильдер өндірісі үшін негізгі шикізат болып табылады. Мысалы, электромобильдерде қолданылатын қозғалтқыштарда, дәстүрлі ішкі жану қозғалтқыштарына қарағанда, мыс шамамен төрт есе көп қолданылады. Сондай-ақ, мыс (кобальт сияқты) литий-ионды батареялардың, электрондық инверторлардың және зарядтық құрылғылардың өндірісі барысында негізгі компонент болып табылады. Бұдан бөлек, Дүниежүзілік банк «электр энергиясы өндірісінің көлемін ұлғайту және электрмен қамтамасыз ету талаптары болашақта электр кабельдерінің сұранысын ұлғайтуы ықтимал екендігін» атап көрсетті. Бұл мыс пен алюминийге сұранысты ұлғайтуға алып келеді.

1.3 Операциялық тиімділік және инновациялар

2025-Стратегиясының негізгі мақсаттары

- Қазақстандағы активтерді дамыту
- Операциялық тиімділігін жоғарылату
- Үздіксіз жақсарту тетіктері мен мәдениетін дамыту

Қазір бар кен орындарын, инфрақұрылымды және жабдықты оңтайлы пайдаланудың тиімділігін түрлі тәсілдермен қамтамасыз етуге болады. Бұдан бөлек, біз де ескірген жабдықтарды ауыстырудың экономикалық негізделген мүмкіндіктерін іздейміз, соның нәтижесінде біздің қызметіміздің тұрақтылығына ықпал ететін өндірістік көлемдер, шығындар, қоршаған ортаға әсері немесе басқа да ауыспалылар тұрғысынан тиісті өтелім қамтамасыз етілетін болады.

Сондай ақ, инновацияларды пайдалану және озық технологияларды пайдалана отырып, «қызмет жүргізудің жаңа жолдарын» іздеу өнімділікті жақсарту алады. Қазақстанда осы мәселе бойынша қызметін Астана қаласында жүргізетін, ғылыми қызметкерлер және сарапшылардан жасақталған (шамамен 85 адам), ERG Ғылыми зерттеу инженеринг орталығының командасы, сондай ақ Қазақстан бойынша біздің кәсіпорындарымыздағы зертханаларда қызмет ететін олардың әріптестері жұмыс істейді.

Қазақстанда операциялық тиімділікті басқару

2017 жылы біздің қолданыстағы «Минус 10%» жобамыздың негізінде, біз операциялық тиімділікті басқару бойынша құрылымдалған және үздіксіз процесті әзірледік. Осы саладағы негізгі жобалардың мысалы болып мыналар табылады:

- ССКӨБ карьерінің көлік схемасын қайта қарастыру: Бұған карьер контурының маңындағы аршылымның төмен коэффициенті бар кеніне қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін, Сарбай карьерінің көліктік инфрақұрылымын өзгерту жөніндегі іс шаралары жатады. Бұл екі жылда шамамен 18,5 млн. АҚШ долл. үнемдеуге және карьердің қызмет ету мерзімін ұлғайтуға мүмкіндік берді.
- Технологиялық автокөлік жұмысын бақылау жүйесін оңтайландыру: аумақтағы автомобиль паркінің қаңтарылып тұру уақытын бақылауды және төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жанармай шығынын өлшеу жүйесін қолдану шараларын (біздің «Ақылды кеніш» жобамыздың шеңберінде, хх бет) қамтиды. Бұл 2017 жылы 9,8 млн. АҚШ долл. үнемдеуге мүмкіндік берді.

2017 жылы Қазақстанда осы басқару процесі 114,5 млн. АҚШ долл. үнемдеуге мүмкіндік берді. Бұл 2016 жылға қарағанда 88% ға көп, сол тұста операциялық тиімділік жөніндегі бастамалар нәтижесінде де 65 млн. АҚШ долл. үнемделген болатын.

4.0. Индустриясы тақырыбындағы Инноваторлар форумы мен Қазақстандағы идеяларды шоғырландыру

Біз екінші Инноваторлар форумын өткіздік. Оған халықаралық мамандар, ERG жоғарғы буын басшылары мен қызметкерлері, мемлекеттік мекемелердің өкілдері және басқа да салалардың мамандары қатысты. Қатысушыларға тұтас сала үшін және ERG үшін өндірістік процестер, автоматтандыруды және цифрлендіруді қоса алғанда, «Төртінші өнеркәсіптік төңкерістің» нәтижесінде түсетін өзгерістерімен танысуға мүмкіндік береді.

«Ақылды кеніш» жобасы

Біздің өндірістік процестеріміздің операциялық тиімділігін жақсарту және шығындарын одан әрі төмендету үшін елеулі мүмкіндіктер бар деп санаймыз

Соның бірі Қашар кенішінде (ССКӨБ) ендірілген біздің «Ақылды кеніш» атты бастамамыз.

Деректерді жинау және талдаудың осы жобасы темір концентратын өндірудің бүкіл циклы бойынша өндірістік процестің тиімділік көрсеткіштердің ретін толық ашықтықты және автоматтандырылған бақылауды қамтамасыз етеді.

Бұған төмендегі процестердің автоматтандырылуы жатады:

- өндіріс процестерін бақылау;
- карьер жұмысын бақылау;
- жүйені модификациялау;
- тау кен көлігі мен логистика жұмысын оңтайландыру.

Болжамдарға сәйкес осы жоба жылына 1,4 млн. АҚШ долларын үнемдеуге мүмкіндік береді және құрал-жабдықтардың іркілу санын төмендету, тұрып қалуын оңтайландыру және біздің өзі түсіргіш жүк машиналарымыздың жұмысын үйлестіруін жақсартады. Осы бастама шеңберінде цифрлық жинау және деректерді талдау бойынша стратегиялық мүмкіндіктері біздің басқа да кәсіпорындарымызға ұсынылуы мүмкін екені аталып көрсетілген.

Осылайша, біз осы бастаманы 2019 жылдың аяғына Қазақстанда біздің барлық карьерлерімізде ендіруді аяқтауды жоспарлап отырмыз. Осы бастама үкіметтің Қазақстан экономикасын цифрландыру жөніндегі міндетімен және біздің 4.0 Индустриясын біздің қызметіміздің мүддесі мен біздің басқа да тараптарымыздың мүддесіне барынша пайдалануға ұмтылысымызға сәйкес келеді.



Бұған қоса, Форум аясында өндірістік процестерді оңтайландыру, операциялық тиімділік пен инновациялық идеяларды енгізу тақырыптарына арналған байқау бағдарламалары өткізілді. Бағдарлама шеңберінде портал арқылы алынған 800 идеяға қосымша ретінде сегіз бастама ұсынылды (450 идея қазіргі таңда жүзеге асырылу сатысында және бақылаудың астында).

Қазақстандағы тау кен жұмыстарын салыстырмалы талдау және үлгілеу

Біздің кеніштер мен шахталарға талдау жүргізу, сондай ақ өндірудің ағымдағы жоспарларына талдау жүргізу үшін тау кен жұмыстары саласында жетекші әлемдік кеңесшілерді тарту жөніндегі бағдарламаны іске жүзеге асыра бастадық.

- өндіріс процесінің төмен шығынды жақсартуларды;
- қосымша капитал салуды талап етуі мүмкін «трансформациялық» жақсартуларды айқындау болып табылады.

Басқа халықаралық кеніштер және шахталарымен салыстырмалы талдауды 2018 жылы Топтық барлық кеніштерінде жүргізу жоспарланған.

Бұдан бөлек, біз тау кен жұмыстарын үлгілеуге қатысты жаңа бастаманы іске асыруды (озық бағдарламалық қамтамасыз етуін пайдалана отырып) қолға алдық. Бұл пайдаланудағы жаңылыс, кеннің қолжетімділігі және қауіпсіздік мәселелерінде кеніштермен және шахталармен байланысты тәуекелдерді болдырмауға мүмкіндік береді. 2017 жылы Дөң КБК шахталарында бастаманы ендірілді.

Қазақстанда ССКӨБ қызметін тұрақтандыру

Өндіріс көлемінің төмендеуі және темір кеніне сұраныстың айтарлықтай түсуіне байланысты 2017 жылы біз ССКӨБ темір кенін өндіру жөніндегі кәсіпорынның экономикалық өміршеңдігін сақтау үшін бірқатар шаралар қолдандық. Ол мына бағыттарды қамтыды:

- Қашар кенішінде «Ақылды кеніш» бастамасын іске қосу (26-бет).
- Операциялық тиімділікті арттыру бағдарламасын іске асыру, оның нәтижесінде 18,5 млн. АҚШ долларын үнемдеу.

Осы бастамалар барлығы 2018 жылы ССКӨБ өндірісін арттыруға мүмкіндік береді деп күтеміз.

Басқа да маңызды бастамаларға мыналар жатады:

- Пайдалану тиімділігі бойынша 2017 жылы Қазақстан Алюминий кәсіпорындарында және Еуроазиаттық энергетикалық корпорациясында зерттеу жүргізу, ол 2018 жылға арналған жұмыс жоспарлары туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді.
- Қазхромда өндіру жұмыстарының көлемін жоғарылату және шығындарын төмендету бойынша 2017 жылы зерттеулер жүргізу, ол, болжамдарға сәйкес, ірі капиталды салымдарсыз жоғары көміртекті феррохром өндірісінің көлемін 10% ға ұлғайтуға мүмкіндік береді.
- Қашықтық датчиктер технологиясын қолдану арқылы 2018 және 2019 жылдарда жабдықтың жоспарлы техникалық қызмет көрсетуі мен жөндеуін жүргізу.

4.0 Индустриясы, цифрландыру және ИТ-қауіпсіздік

Қашар кенішінде ендірген «Ақылды кеніш» бастамасының мысалында көрсетілгендей, Топ 4.0 Индустриясы артықшылығын барынша пайдалана алуы үшін белсенді жұмыс істеп жатыр.

Бұған қызмет мен операциялық жүйелерді цифрландыру, сенсорлық технологияларын пайдалану, бұлттық есептеулерде негізделген деректер құру жатады.

Осы бағыттағы іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында, Топ кең ауқымда жаңа бағдарламаны жүзеге асыруда бастады. Бұл бағдарлама өндірістік процестердің ортақ басқару жүйесін (Cloud MES) қалыптастыруды қарастырады. Ол кәсіпорындардағы технологиялық процестер мен қолданыстағы ERP шешімін байланыстыратын буын іспеттес. Cloud MES барлық операциялық мәліметтерді бір ортақ деректер базасына (data lake) жинап, оларды әрі қарайғы сараптамаға дайындайтын болады. Өз кезегінде, деректер жүйесі өндірістік процестерді машиналық үйрену арқылы одан да үлкен деректерді сараптауға мүмкіндік алады. Қазіргі таңда Топ осы бағытта жұмыстар жүргізу үшін пилотты жобаларды енгізіп жатыр.

Осы орайда біз ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқаруға дайынбыз. 2017 жылы біз Қазхром және еуропалық кеңселерде ISO 27001 ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесінің стандарты бойынша олқылықтар талдауын жүргіздік. Осы үрдіс нәтижесі бойынша 2018 жылға және келесі жылдарға арналған біздің жұмыстардың жоспары үшін ақпарат алынған болатын, Астанада ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша, сондай ақ біздің Тобымыздың ISO 27001 стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етуді қоса алғанда, орталықтандырылған команда құру.

Бұдан басқа, біз цифрландыру бойынша ұлттық бағдарламасының шеңберінде Қазақстан үкіметімен бірлесіп цифрлық серіктестік пен жоғары әлеуеті бар цифрлық жобаларға инвестициялар үшін венчурлы қор құруды жоспарлап отырмыз.

1 Manufacturing Execution System (ағыл).



Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып

Қызметкерлердің қауіпсіздігін, дамуы мен денсаулығын қолдау



2.1 Қауіпсіздік және еңбекті қорғау



31 бет

2.2 Персоналды дамыту



35 бет

2.3 Еңбек қатынастары



36 бет

Маңыздылық

Біз кендердің, сондай ақ ауыр өнеркәсіп объектілерінің операторлары болып келеміз, біздің сөзсіз басымдығымыздың бірі жұмысшыларымыздың қауіпсіздігі және амандығы болып табылады

Қауіпсіз және саламатты жұмыс ортаны қамтамасыз ету – біздің операциялық қызметіміздің, өнімділігіміздің және қызметкерлеріміздің мотивациясының үздіксіздігі тұрғысынан маңызды аспекті болып табылады. Осы контексте біз жарақаттануды мүлдем болдырмауға қол жеткізу идеясын толық ұстанамыз.

Біз үшін қызметіміздің табыстылығы елеулі дәрежеде жоғары білікті қызметкерлерді жұмылдыру мен әлеуетін дамыту, ынтыландыру және ұстап қалу қабілеттімізге байланысты болады. Ал бизнесті трансформациялау процесі жағдайында бұл аспект көптеген компанияларға қарағанда, ERG үшін аса маңызды болып келеді. Бизнес процестерін ықпалдастыра басқару, сапалы жоспарлау, капиталды тәртіпті үлестіру, шығындарды оңтайландыру және өндіруді арттыру мақсаттарына қол жеткізу сондай ақ біздің ұйымдастырушылық мәдениет пен қызметкерлеріміздің көзқарасын түбегейлі өзгертпей, мүмкін емес.

Біз 69 000-нан астам қызметкер жұмыс істейтін өндіруші және қайта өңдеуші компания болып табыламыз. Сондықтан, біздің еңбек қатынастарымыз тікелей біздің өндірісімізге, тиімділігіміз бен табыстылығымызға әсер етеді. Осы орайда біздің қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының әлеуметтік қажеттіліктері мен өмір сүру деңгейлерін қанағаттандыру сияқты, сондай ақ оларды өндірістік ортаға белсенді тартуға да бағытталған еңбек қатынастарына деген біртұтас әдісті ұстанамыз.

Осы саладағы негізгі міндеттер:

- қауіпсіздік және еңбекті қорғау,
- персоналды дамыту
- еңбек қатынастары

2025-Стратегиясының сәйкес басымдығы

Басымдық: Адамдар

- Адамдардың денсаулығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету
- Әл ауқатты арттыру
- Қызметкерлердің білімін және құзыретін дамыту
- Еліктіруді және ауызбіршілікті нығайту
- Кадрлық резервті қалыптастыру

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы негізгі мақсаттары



2 бөлім: Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып (жалғасы)

Африкадағы еңбек қатынастары

Жыл бойы біз қызметкерлерді тікелей баулуға, біздің ынтылдандыру пакетін салыстырмалы сараптау мен оңтаулаңдыруға ерекше назар аудардық. Іс-шаралар келесілерді қамтыды:

- Біздің ұйымдастырушылық үрдістеріміз бен құрылымдарымызды трансформациялау үшін, сондай ақ біздің бизнесімізді түрлендіру үрдісінде өз қызметкерлерімізге қатысу мүмкіндігін беретін «Баобаб» жобасын іске асыру (23-бет);
- ҚДР дағы Boss Mining және CCC кәсіпорындарында сауалдар өткізу. Негізгі назар, өзгесінен басқа, мансапты өсіру, еңбекақы мен жеңілдіктер, оқыту және еңбек жағдайлары сияқты мәселелерге бөлінді. Осының негізінде біз жұмысшыларды тарту, оқыту сапасы мен ішкі коммуникацияны жоғарылату бойынша бірқатар бастаманы іске асырдық;
- Африкадағы біздің барлық кәсіпорындарымызда еңбекақы деңгейін салыстыру үшін интернет-платформасын ендіру. Бұл біздің сыйақы пакеттеріміздің саладағы баламалы компаниялармен салыстырғандағы бәсекеге қабылеттілігін және біздің тарифтік торларымыздың әділдігін бағалау жасалды.

Нәтижеліліктің көрсеткіштері

2017 жылы Топтың Қазақстандағы кәсіпорындарында жұмысшылардың ереуілдері болмады. Бұны кәсіподақтармен оң және салиқалы диалогтың және жұмысшыларымызды мазалайтын маңызды әлеуметтік мәселелерге ерекше назар аударудың нәтижесі деп санаймыз. Біз жұмыс істейтін аймақтардағы өзге компанияларды жұмысшылардың ереуілдері орын алды.

Африкада біз екі елеусіз ереуілді байқадық:

- Еңбекақыны жоғарылатуды талап еткен өндірістік персоналдың бастамасы бойынша Boss Mine жұмысының екі күнге тоқтауы.
- Өндірістік персоналдың бастамасымен өндірістік бонустарды төлеуді талап ету мақсатымен біздің Frontier Mine кәсіпорнында болған бір күндік ереуіл.

2017 жылы Бразилияда еңбек қатынастары бөлігінде айтарлықтай проблемалар байқалған жоқ.

2017 жыл бойы:

- Қандай да бір біздің кәсіпорнымыз жұмысшылардың бірлестіктерге қатысу және ұжымдық шарттарын жасасу еркіндігіне деген құқықтарына шек қоюлары анықталмаған.
- Біздің кәсіпорындарымызда кемсіту жағдайлары байқалған жоқ.
- Біздің кәсіпорындарымызда мәжбүрлі немесе бала еңбегі жағдайлары болған жоқ.



Болашаққа жоспарлар

Қазақстанда біздің қызметімізде персоналды басқаруға деген ұстанымымызды стандарттауды жоспарлап отырымыз (жалдау, оқыту және дарындарды басқаруды қоса алғанда). Бұған қоса, біз:

- Қазақстанда біздің Тұрғын үй бағдарламымыздың шеңберінде 18 тұрғын үйдің құрылысын аяқтаймыз. Бұл 1 300 ден астам қызметкер мен олардың отбасыларына тұрғын үй ұсынуға мүмкіндік береді.
- Біз өз кәсіпорындарымызда медициналық қызмет көрсетуді біріздендіру жөніндегі бағдарламаны іске асыруды жалғастырамыз. 2018 жылы Рудный мен Павлодарда медициналық және емдеу сауықтыру орталықтарының аутсорсингке өтуі жоспарланып отыр, бұл ССКӨБ және «Қазақстан Алюминий» қызметкерлері үшін медициналық қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

- Көлікті модернизациялау бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырамыз. Оның ішінде 15 заманауи автобус сатып алуға 1,9 млн АҚШ долларын және қолда бар 100 ден астам автобусты жөндеуге 130 мыңнан астам АҚШ долларын инвестициялау бар. Сондай ақ, сапалы көліктік қызмет көрсетуді жоғарылату үшін көліктік қызмет көрсетудің жергілікті жабдықтаушыларымен жұмыс жасауды жоспарлап отырымыз.

Африкада біз 2017 жылы жүргізілген нарықты сараптау негізінде сыйақы беру мен еңбекақы төлеудің бәсекелестік жүйесін енгізіп жатырмыз. Бұл көтермелеудің қысқа және ұзақ мерзімді кестелерін ендіруді қамтиды (егер бұл тиімді болса). Біз осы бастаманы 2018 жылы толық іске асыруды жоспарлап отырымыз.

Қазақстанда біз жұмысшылар үшін жеңілдіктер мен еңбек жағдайын стандарттауға ерекше назар аударамыз.

Жергілікті қауымдастықтарының дамуы және әл-ауқаты

Біздің қауымдастықтардың дамуы мен әл-ауқатын қолдай отырып

3.1 Жергілікті қауымдастықтарға ықпал ету



43 бет

3.2 Әлеуметтік инвестициялар



46 бет

3.3 Ықшам және жасанды өндіріске қатысты біздің ұстанымымыз



51 бет

Маңыздылық

Біздің кәсіпорындарымыз жергілікті қауымдастықтардың өмірінде ерекше рөл атқарады. Біз өз кәсіпорындарымыздың қызметін оқшауламаймыз, керісінше біздің қызметіміз жергілікті әлеуметтік экономикалық экожүйелермен тығыз байланысқан деп санаймыз

Мысалы, Қазақстанда біз жергілікті қауымдастықтардың өмірінде ерекше рөл атқарамыз. Бұл біздің жергілікті қауымдастықтарға жұмыс беру тұрғысынан алғандағы тарихи рөлімізбен, қауымдастықтардың салыстырмалы түрде алыста орналасқанымен, және ұзақ жылдар бойы тұрғын үй, инфрақұрылым, білім беру және электр энергиясы сынды қоғамдық игіліктердің кең спектрін ұсынуымызбен түсіндіріледі.

Біздің африкалық кәсіпорындарымыз ауылдық қауымдастықтарының арасында орналасқан. Біздің жергілікті қауымдастықтарымыздың, әсіресе ҚДР да, басты қиындықтарының бірі – бұл ресми жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің болмауы мен кедейліктің жоғары деңгейі. Алайда біздің кәсіпорындарымызда жұмыс істеуге қажетті біліктіліктің деңгейіне байланысты, жергілікті халықты жұмысқа орналастыруда біздің мүмкіндіктеріміз шектеулі. Сондықтан біз өз күшімізді қауымдастықтардың қатысуымен іске асырылатын әлеуметтік бастамаларды қолдауға, соның ішінде біздің кәсіпорындарымызға тәуелді емес табыстар алудың баламалы мүмкіндіктері мен базалық қызмет көрсетуді қолдауға бағыттаймыз.

Осымен байланысты біз жергілікті қауымдастықтардың өміріне біздің оң және теріс ықпалдарымызды белсенді басқаруға ұмтыламыз. Жергілікті қауымдастықтармен тығыз қарым-қатынаспен бірге, бұл біздің әлеуметтік лицензияларды сақтау қалуға, және әрі қарай дамуға жаңа мүмкіндіктер беруде өте маңызды.

2025-Стратегиясының тиісті басымдығы

Басты назар: Өңірлердің орнықты дамуы

- Біздің аймақтардағы қоғамның саулығын және әл-ауқатын жоғарылату

ҚДР дағы біздің кәсіпорындарымыздың географиялық орналасуы мен өндіріс жағдайларына, олардың біздің тұтынушыларымыз үшін мыс пен кобальт өндірісінің жоғары деңгейлеріне кепілдік беруге қабілетті екендігіне қарамастан, біз өзіміздің концессиялық теліміздерімізде немесе солардың маңында қазіргі бар қиыншылықтарды айқын ұғынамыз. Соларға, өзгелерден басқа, қоршаған орта мен қоғамның жағдайына қолайсыз әсерін тигізетін реттелмейтін және/немесе қауіпті, қолмен істелетін және ауқымы шағын өндіріс (ASM)¹ жатады. Кобальт пен мыстың жауапты өндірушісі бола тұра, біз осы мәселелерді шешу үшін алдын алу шараларын қолданамыз.

Алайда біз реттелетін ASM (яғни біздің концессиялардан тыс мемлекеттік ықпалға ие шахталарында жүзеге асырылатын заңды ASM) жергілікті қауымдастықтар үшін табыстың маңызды көзі болып табылатынына сенімдіміз. Оның жауапты жүзеге асырылуы барысында заңды ASM жергілікті қауымдастықтарының тұтастай қамтитын экономикалық дамуына маңызды үлес бола алады.

Осы саладағы негізгі мәселелер мыналар:

- жергілікті халыққа ықпал ету
- әлеуметтік инвестициялар
- шағын ауқымды өндірілім

¹ Artisanal and small-scale mining (ағыл.)

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы негізгі мақсаттары



3.2 Әлеуметтік инвестициялар

2025-Стратегиясының негізгі мақсаты

- Біздің аймақтарда қоғамның саулығын және әл ауқатын жоғарылату

Біздің әлеуметтік инвестициялар саласындағы бастамаларымыз Қазақстан қауымдастықтарына ERG-дің қызмет ететін аймақтардағы жергілікті қауымдастықтарымен ұзақ мерзімді қатынастарының негізінде іске асырылады. Біз өз қызметкерлеріміз бен олардың отбасыларының (яғни, жергілікті қауымдастық мүшелері ретінде) жұмыстан тыс өмірін жақсартуға, сондай-ақ жұмыс жасайтын аймақтардың кеңейтілген әлеуметтік экономикалық дамуын қолдауына ерекше көңіл бөлеміз.

Африкада біз әлеуметтік инвестицияларды негізінде біз жұмыс жасайтын өңірлердегі қауымдастықтардың анағұрлым маңызды әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттаймыз. Бұл қауымдастықтардың көпшілігі кедейшілікте өмір сүреді. Осы орайда, біз инвестицияны инфрақұрылым, білім беру, денсаулық және азық-түлік қауіпсіздігі салаларына саламыз.

2017 жылы біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың ҚДР-дегі әлеуметтік инвестициялардың әсерін бағалау мақсатында әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау бойынша зерттеуге бағыттадық. Нәтижелері одан әрі біздің әлеуметтік жобаларымыз үшін қолданылатын болады.

Біздің Қазақстандағы әлеуметтік инвестициялар туралы бағдарламаларымыз біздің жұмысшылар мен олардың отбасыларын қоса алғанда стейкхолдерлердің кең шеңберіне үлкен мүмкіндіктер тудырады.

Қазақстандағы негізгі мәселелер және бастамалар

Біздің Қазақстандағы қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялары жөніндегі ұстанымымыз мына факторларды ескерумен қалыптастырылады:



Жергілікті қауымдастықтарымен тарихи қалыптасқан өзара қатынастар

Жергілікті қауымдастықтардың көпшілігі, шын мәнінде, бірнеше онжылдық бойына біздің кәсіпорындарымыздың операциялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған. Алайда біз қауымдастықтардың ERG-ден тәуелділігін төмендету қажеттілігін жете түсінеміз, мысалы, аймақтың экономикасын әртараптандыруына және жастардың кәсіби дамуына стратегиялық инвестициялау жолымен. Кейбір біздің өндірістеріміздің шектеулі өмірлік циклын және автоматтандырудың екпінді ендірілуін ескере отырып, бұл өте маңызды.



Қызметкерлер мен жергілікті қоғамдастықтар

Бірегей әлеуметтік контекст әлеуметтік инвестициялардың бөлігін қоғамдастықтарға біздің жұмысшыларымыз және олардың отбасыларының өмір сүру сапасын жоғарылатудың нысаналы бағдарламаларына бағыттауға мүмкіндік береді (яғни, жергілікті қоғамдастығының мүшелері ретінде). Осы саладағы біздің бастамаларымыз жұмысшыларымыз бен олардың отбасыларының сансыз ұрпақтары көптеген жылдар бойы өмір сүру және жұмыс істеу үшін біздің жұмыс жасайтын аймақтарды таңдауын қамтамасыз етуге бағытталған.



Мемлекетпен серіктестік

Біздің әлеуметтік инвестицияларымыздың елеулі бөлігі биліктің аймақтық органдарымен (облыстық әкімдіктермен) жыл сайын жасалатын стратегиялық серіктестігі туралы келісімінің (өзара ынтымақтасу меморандумдарының) шеңберінде бөлінген болатын. Осындай серіктестіктердің жергілікті қоғамдастықтарының белсенді әлеуметтік экономикалық дамуы үшін шешімді мәні бар және олардың негізгі мақсаты – инфрақұрылымды дамыту, білім беру, жастарды дамытуға, спортты дамытуға, денсаулық сақтау және әлеуметтік ауызбірлік.

Қазақстанда біз экономикалық әртараптандыру мен жастар әлеуетін дамытуды қолдауға бағытталған жобалар арқылы жергілікті қауымдастықтардың ERG-ден тәуелділігін азайтуға ұмтыламыз

Төменде біз жергілікті қоғамдастықтарға бағытталған жобаларды қарастырамыз (қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін қоса алғанда). Тек қызметкерлерге бағытталған жобалар «Еңбек қатынастары» бөлімінде қарастырылған (37-бет).

Өмір сүру деңгейін жоғарылату

Біз жұмыс жасайтын барлық аймақтарда өмір сүру деңгейін жоғарылатуға инвестициялаймыз. Бұл жобалардың көп бөлігі жергілікті билік органдарымен стратегиялық әріптестік аясында жүзеге асырылады. 2017 жылы бұл салада мынадай шаралар жасалды:

- Павлодар облысындағы Ақсу қаласындағы Орталық жағалауды қайта құру (613 мың АҚШ доллары);
- Қарағанды облысындағы Шахан кеңшарында тұрғын үй ғимараттарынан қазандықтарды шығару (158 мың АҚШ доллары);
- Қостанай облысындағы Рудный қаласында «Горняк» стадионын қайта қалпына келтіру (129 мың АҚШ доллары).

Біз сондай ақ халықтың әлеуметтік осал және қорғалмаған топтарын қорғауға бағытталған бастамалар ретін қаржыландырдық. Оның ішінде мыналар бар:

- Павлодар облысында қарт адамдар мен мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін аймақтық әлеуметтік оңалту орталығының ғимаратын сатып алу (368 мың АҚШ доллары);
- Қарасу ауданында (Қостанай облысы) 2017 жылғы 16–19 сәуірдегі су тасқыны нәтижесінде зардап шеккен адамдарға жәрдем көрсету жөніндегі іс шараларды жүзеге асыру (245 мың АҚШ доллары);
- Тәуекелге бейім балалар мен отбасыларды қолдау мақсатында жетім балаларды қолдауға арналған Қазақстандағы SOS Kinderdorf Балалар ауылына демеушілік көмек (26 мың АҚШ доллары).

Кәсіпкерлікті дамыту және бизнес-инкубаторлары

Біз кәсіпкерлікті, бизнес-инкубаторлар мен әлеуетті дамыту мен нығайту жөніндегі бағдарламаларды қолдай отырып, жергілікті қоғамдастықтардың болашағына инвестициялаймыз. Осыған байланысты біз жастарға арналған бастамаларды қолдаймыз. Осылайша біз болашақ ұрпақтар үшін баламалы экономикалық мүмкіндіктерді құруға көмектесеміз. Осылайша біз:

- аймақтық экономикалық әртараптандыруды қолдаймыз;
- біздің жұмысшыларға олардың балаларының туған қалаларында болашағы бар екендігіне сенімдерін күшейтеміз;
- бізге әлеуетті пайдалы болуы мүмкін жергілікті жабдықтаушылар, мердігерлер және мамандардың пулын құрамыз;
- жергілікті қауымдастықтарға ұзақ мерзімді кезеңде неғұрлым толыққанды болуларына көмектесеміз.

2017 жылы біз сондай ақ жұмыс жасайтын аймақтарда инновациялық бизнесті қолдауға бағытталған түрлі бастамаларға қатыстық.

Мысалы, біз Сколково Стартап Турының шеңберінде Алматыда жаңа инновациялық стартаптарды анықтауға және қолдауға бағытталған жарысушылық бірқұндық іс шараны өткізуді қолдадық. Ұсынылған қатысушы 50 кәсіпкерлік жобалардың ішінен қазылар алқасы төрт саладағы 19-ын іріктеп алды: ақылды индустрия, жаңа материалдар және энергетика, smart-орта, E-коммерция/қаржы технологиялары. Іс шара кезінде ERG аддитивті технологиялар үшін металл ұнтағын әзірлеу бойынша жобаны қаржыландыруға арнайы грант ұсынды.

Бұдан басқа, 2017 жылы біз Makeathon – Tikkun Olam Makers (TOM) алғашқы екі іс шарасына демеушілік қолдау ретінде шамамен 40 мың АҚШ долларын бөлдік. Аталған іс-шаралар Қазақстандағы Тель-Авив университеті достарының Қауымдастығымен мүгедектерге көмек көрсетуге арналған технологиялардың жас өнертапқыштарын қолдау мақсатында ұйымдастырылған болатын. Нәтижесінде, ең үздік өнертапқыштарға өз идеяларын іске асыруға стипендиялар ұсынылды. Іс-шаралар Қазақстанда қимыл тірек аппараттарында ауытқулары бар адамдар үшін оңалтудың жаңа реабилитациялық симуляторын жасауға жол ашты. Симулятор Қарағандыдағы Нейрооңалту орталығында орнатылған.

1 <http://tomglobal.org/>

«Туған жер» бағдарламасы²

2016 жылы іске қосылған «Туған жер – Родные Города» өршіл әлеуметтік-экономикалық бастамасы аясында 2017 жылы біз алдын ала базалық әлеуметтік экономикалық бағалау жүргіздік.

Бұл бағалау біздің жергілікті қоғамдастықтарының ерекше проблемалары мен сұраныстарын, жекелеп алғанда, біздің жұмысшылар мен олардың отбасыларының, біздің моноқалаларымызда (яғни экономикалық тұрғыдан біздің қызметімізге тәуелді шағын қалаларда) жақсы түсінуге көмектесті. Бағалау тұрғын үй қорының стандарттарын, көлік инфрақұрылымын, сумен жабдықтау мен кәріз жүйелерін, электрэнергия инфрақұрылымын, денсаулық сақтау мен білім беруді қоса алғанда, дамудың он алты көрсеткіші бойынша талдау нәтижелерінің негізінде жүргізілген.

Осы бөлімде қарастырылған барлық бастамалар «Туған жер» бағдарламасының шеңберінде өзара ынтымақтастық туралы меморандумының аясында іске асырылған.

2 «Туған жер» (қаз.) — «туған қалалар».

«Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесін құру бағдарламасы» шеңберінде жастарға арналған жұмыс орындарын құруды қолдау

2017 жылы ERG компаниясы «Студенттік кәсіпкерлігінің экожүйесін құру бағдарламасын» іске қосты, бұл студенттік сәттен бастап жастар кәсіпкерлігінің жүйелі дамуы мен қолдауына мүмкіндік беретін «экожүйені» біздің қызмет ететін аймақтарда құру бойынша көпжылдық бастама. Осы бағдарламаның шеңберінде Компания аймақтық университеттерді кәсіпкерлікті дамыту орталықтарына түрлендіруге көмек көрсетеді. Ұзақмерзімді перспективада бұл жас мамандар үшін жұмыс орындарын құратын және аймақтық экономиканың әртараптандыруын қолдайтын инновациялық стартаптарының дамуына ықпалдасатын болады.

Бағдарламаның алғашқы табысты іске қосылуы Тель-Авив университеті достарының Қазақстандық қауымдастығының қолдауы барысында Павлодар мемлекеттік университетінде 2016 жылы болды. 2017 жылы бағдарлама тоғыз білім беру мекемесінде жұмыс істеді (Ақтөбе және Қарағанды қалаларындағы колледжді қоса алғанда).

Қазақстан кездесетін негізгі әлеуметтік экономикалық сын тегеуріндерінің бірі жұмыс орындарының үлкен көлемін туындатуды тоқтататын жоғарытехнологиялық өнеркәсіпті дамыту мәселесі болып табылады, ол өсіп келе жатқан ұрпақтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ете алмайды дегенді білдіреді.

Бұл жұмыс Компания қызмет ететін қашықталған аймақтарда неғұрлым шиеленісіп тұр, себебі көптеген жас мамандар өз кәсіпкерлік дағдыларын жергілікті қауымдастықтарда қолданудың орнына, ірі қалалардағы мемлекеттік және жеке компанияларда жұмыс істегенді қалайды.

«Студенттік кәсіпкерлік экожүйесін құру бағдарламасы» осы мәселені шешудің бөлігі болып табылады. Тікелей инвестициялаудан басқа, ERG сондай ақ:

- серіктестік университеттеріне «түрлендіру» стратегияларын және солармен байланысты оқыту бағдарламаларын әзірлеуге көмектесе отырып, солармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді;
- өзінің техникалық жайлары мен зертханаларын ғылыми зерттеу және тәжірибелік конструкторлық жұмыстарын өткізу үшін ұсынады;
- студенттерді олардың бизнесті және қаржылық қызметін жоспарлауында қолдайды;
- студенттерге идеяларын коммерцияландыруда көмектесетін бизнес ортадан тәлімгерлерді тартады.

3 бөлім: Жергілікті қауымдастықтардың дамуы және әл ауқаты (жалғасы)

Білім беру

Біз болашақ экономикалық даму мен жұмыс орындарын құруға ықпалдасатын ғылыми және техникалық салаларындағы дамуға бағытталған білім беру бағдарламаларын қолдауға ерекше назар аударамыз.

Сондай-ақ, осы бағдарламалар болашақта ERG мамандарының пулын дамыту үшін маңызды және біздің жұмыс жасайтын аймақтарда Компанияның ағымдағы және болашақ жұмысшыларға олардың балалары болашаққа сенімділікпен қарай алатындығына кепілдік болып қызмет етеді.

Жалпы алғанда, біз Қазақстанда түрлі білім беру мекемесін, тау кен ісі және КТМ оқыту орталықтарын (және олардың студенттерін) қоса алғанда қолдаймыз. Ол, мысалы, мыналарды қамтиды:

- Инфрақұрылымдар мен объектілерге, сондай ақ студенттерге арналған білім беру бағдарламаларына тікелей инвестициялар.
- Жергілікті білім беру мекемелеріндегі дарынды студенттер үшін стипендиялар ұсыну.
- Хромтау тау кен техникалық колледжінде оқытуға жергілікті балалар үйлерінен шыққан студенттерге ұсынылатын стипендиялық бағдарламалар мен стипендиялар, сондай ақ біздің кәсіпорындарға жұмысқа орналасуы.

70+

Қазақстанда ERG демеушілік көрсететін білім институттарының саны

Болашақ еңбек нарығын қолдау – STEM Зертханалары

ERG қызмет ететін барлық аймақтардағы орта мектептерде STEM¹ (Ғылым, Технологиялар, Инжиниринг, Математика) Зертханаларының ашылуын қаржыландырады.

Алғашқы зертхана 2018 жылдың басында ашылды. Осы инновациялық мекемелер қашықталған аймақтардағы оқушыларға білім беру мен оқыту технологияларының заманауи әдістемелеріне қолжетімін кеңейтеді. Зертханаларда оқушылар мыналарды оқиды:

- инженерлік іс;
- компьютерлік бағдарламалау (Scratch, Java, Python және т.б. сияқты бағдарламаландыру тілдерін қоса алғанда);
- робототехника;
- 3D-моделдеу.

Осылай, біз болашақ ұрпақтарға (соның ішінде біздің жұмысшыларымыздың балаларына) болашақта еңбек нарығында олардың табысқа жетулеріне көмектесетін дағдыларын дамытуға көмектесеміз. Бұл, өз алдына, ұзақмерзімді перспективада экономиканың артараптандырылуын және біздің аймақтарда өсуді қолдайтын болады.

Бағдарлама, Астана қаласының Білім беру басқармасын және «Болашақ Инжиниринг» білім беру қайырымдылық ұйымын қоса алғанда, білім беру жөніндегі жергілікті басқармаларымен серіктестікте іске асырылады.

Бағдарламаның шеңберінде:

- ERG техникалық жабдықтарды сатып алуды қаржыландырады;
- зертханаларда персоналды іріктеуді жергілікті билік жүзеге асырады, олар «Болашақ Инжинирингпен» жұмыстың шеңберінде оқытудан және техникалық қолдаудан пайда алады.

Алғашқы зертхана Астана қаласының маңындағы орташа білім беру мектебінде 2018 жылдың ақпан айында ашылған болатын. Жергілікті мектептердің балаларын оқытудан басқа, зертхана жақын жердегі Көктал тұрғын шағын ауданындағы 5-тен 11-ге дейінгі жастағы барлық балаларға ашық.

1 STEM (Science, Technology, Engineering, Maths) (ағыл.) – Ғылым, Технологиялар, Инжиниринг, Математика



Денсаулық сақтау

Біз ағымдағы және зейнеткерлікке шыққан жұмысшылардың, солардың отбасыларының және біздің жұмыс жасайтын аймақтар шеңберіндегі неғұрлым кең қоғамдастықтардың саулығын қолдау үшін денсаулық сақтаудың ілгері инфрақұрылымын дамытуды қаржыландырамыз. Біз 2017 жылы Павлодар және Қостанай қалаларындағы біздің объектілеріміздің жанында медициналық және сауықтыру орталықтарының құрылысын және қызмет көрсетуін қаржыландырды.

Биліктің жергілікті органдарымен келісілген стратегиялық серіктестік шеңберінде біз жұмыс жасайтын аймақтарда тұру және жұмыс істеуі үшін жас дәрігерлерді тарту жөніндегі бағдарламаны қолдайды. Біз 2017 жылы бағдарламаға 90 000 АҚШ долларынан астам қаржы инвестиция салдық, олардың көпшілігі Қостанай облысының шеткері аймақтық емханаларында жұмысын бастаған 19 дан астам жас дәрігерге қаржылық қолдау көрсету үшін жасалған.

Спорт, мәдениет және саламатты өмір салты

Біз қоғамдастықтың саулығы экономикалық дамуға ғана қатысты емес екендігін түсінеміз. Сондықтан, біз спорт орталықтарының, жүзу бассейндерінің, кешенді терапия орталықтарының құрылысы мен мәдени және рекреациялық аймақтарын құруды қоса алғанда, қоғамдастықтардың неғұрлым кең әлеуметтік ортасын дамыту және олардың өмір деңгейін жоғарылату бойынша жобаларын ендіреміз. Олардың қызметтерімен біздің жұмысшыларымыз, олардың отбасыларының мүшелері және жергілікті қоғамдастықтарының тұрғындары қолдана алады. Біздің зейнеткерлікке шыққан бұрынғы жұмысшыларымызға, сондай ақ әлеуметтік жағынан қорғалмаған адамдар және көпбалалы отбасыларыға жеңілдіктер беріледі.

Осы саладағы елеулі жобалардың арасында (биліктің жергілікті органдарымен өзара ынтымақтастығы туралы меморандумдар шеңберінде іске асырылған) мыналарды атап көрсетуге болады:

- Павлодар облысының аймақтық футбол және волейбол командаларын қолдау (4,3 млн АҚШ доллары)
- Павлодар облысының Усоль ауданында 300 орынға есептелген 50-метрлік бассейннің құрылысы (3,1 млн АҚШ доллары)
- Қостанай облысында футболды қолдау (1,1 млн АҚШ доллары)
- Қостанай облысында хоккейді қолдау (318 мың АҚШ доллары)

Мәдениетке және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобалар (биліктің жергілікті органдарымен келісілген стратегиялық серіктестігінің шеңберінде іске асырылған) мыналарды қамтиды:

- Ақтөбе қаласында Жасөспірімдер шығармашылығы сарайының құрылысы (1,8 млн АҚШ доллары)
- Павлодар және Ақсу қалаларындағы саябақтарда балалар ойын алаңдарының құрылысы (631 мың АҚШ доллары)
- Екібастұз қаласында «Шахтер» мәдениет және демалыс саябағын жаңғырту және жаңарту (920 мың АҚШ доллары).

Негізгі мәселелер және бастамалар – Африка және Бразилия

ҚДР да мыс пен кобальттың негізгі өндірушісі бола тұра, біз әлемнің неғұрлым аз дамыған елдерінің бірінде атқарған жұмысымыздың жауапкершілігін сезінеміз.

Жергілікті контекстіні ескеретін болсақ, қауымдастық біздің жұмысымыздан көп үміт күтеді. Алайда, біз жұмыс орындарын құрып қана қоймаймыз, біз жергілікті қауымдастықтардың бізге қоятын жоғары үмітін ақтай алмаймыз. Сондықтан біз жергілікті қоғамдастықтардың өміріне ұзақ мерзімде оң ықпал ететін және болашақта ERG-ден тәуелділіктерді болдырмайтын әлеуметтік даму бағдарламаларына инвестициялаймыз.

Аймақ дамуының төмен деңгейі кейбір жергілікті қоғамдастықтарды, еңбекақы алу мүмкіндігіне қарамастан, ықпал ететін және болашақта ERG-ден тәуелділіктерді болдырмайтын әлеуметтік даму бағдарламаларына инвестициялаймыз.

Біздің Бразилиядағы темір-кенді жобамыздың шеңберінде қоғамдастықтар дамуының деңгейі ҚДР-ге қарағанда жоғары. Соған қарамастан, жергілікті қауымдастықтар қиыншылықтар ретімен бетпе-бет кездесуде, мысалы, олар суға деген шектеулі қолжетімділігімен, кедейшілікпен, жұмыссыздықпен және мемлекеттік қызмет көрсетулерінің (әсіресе денсаулық сақтау) сәйкессіз ұсынылуымен байланысты. Осы орайда, жергілікті халықтың тарихи ерікті қоныс аударуын ескере отырып, біз жобаны дамытуда маңызы зор қызмет жүргізуге арналған әлеуметтік лицензияны сақтап қалу үшін жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттерімізді басқаруға және әлеуметтік инвестицияларды жүзеге асыруға ерекше назармен қарау керектігін білдіреді.

Инфрақұрылым

Біз ҚДР да біздің кәсіпорындарымыздың аймақтарында жақын орналасқан қоғамдастықтарды дамыту үшін инфрақұрылымды жақсарту бойынша жобалардың елеулі ретін инвестициялаймыз. Бұған жолдар мен өткелдерді жөндеу, тегін электрэнергиясын ұсыну және таза суға қолжетімділігін жеңілдету үшін сорғыларды қондыру мен ұңғымаларды бұрғылау жатады.

Мысалы, 2017 жылы біз ҚДР да Кисанкала, Кисанфу, Ленге, Кимфумпа және Саканиа ауылдарында суға арналған құдықтарының құрылысына және күн энергиясында жұмыс істейтін сорғыларды орнатуға қолдау көрсеттік. Бұл жоба жергілікті қоғамдастықтары өкілдерінің қатысуымен әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау барысында айқындалған жергілікті қауымдастықтардың қауіптеріне жауап ретінде іске асырылған (45-бет). Жоба аяқталғаннан соң, біз суды пайдалануды бақылау жөніндегі комитеттерді оқытып, олар өздеріне техникалық қызмет көрсету мен пайдалануға жауапкершілік алды.

Бразилияда біз таза судың шектеулі ресурстарына жергілікті қоғамдастықтардың қолжетімін кеңейту бойынша да жұмыс істеп жатырмыз. Ұңғымалар бұрғылаудың сәтсіз әрекеттерінен кейін біз қоғамдастық сұранысын қанағаттандыру үшін жақын жердегі концессиондық аумақтардан судың берілуін ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Біз жобаны 2018 жылы аяқтауды жоспарлап отырмыз.

Ауыл шаруашылығы

Жергілікті отбасыларыға тұқымдар мен тыңайтқыштарды ұсынатын Boss Mining объектісінде ауылшаруашылық кооперативін қаржыландыру жөніндегі жобасын ұзарттық.

Білім беру

Дұрыс деңгейде классикалық қолжетімді білім алу ҚДР-дың жергілікті қоғамдастықтары үшін үлкен қиындық болып табылады. Осы мәселені шешу үшін ҚДР да біз 17 жоғарғы және орташа білім мектептеріне қолдау көрсеттік, олар Boss Mining-ге жақын орналасқан.

2017 жылы біз өз кәсіпорындарымызға жақын басқа да мектептерге қолдау көрсеттік. Мысалы, Comide объектісіне жақын жердегі Кисанкала ауылында Maseya бастауыш мектебінде үш жаңа сыныптың құрылысына және үш сыныпты ұлғайтуға 90 мың АҚШ долларынан астам мөлшерде қаржы ұсындық, сондай ақ жаңа жабдық сатып алдық. Майдагерлік қауымдардан балалардың мектепке келуі мектептегі орындар санын қысқартады деген алаңдаушылық білдірген жергілікті ауыл қоғамдастықтары өкілдерінің қатысуымен жобаларға бағалау жүргізу нәтижелерінің негізінде осы жобаларды іске асыру туралы шешімді қабылдады. Жаңа сыныптар қосымша 150 оқушыны орналастыруға және шағын көлемді өндірістерге тартылған балалар санын төмендетуге мүмкіндік береді.

Денсаулық сақтау

ҚДР дағы жергілікті қоғамдастықтарда денсаулық сақтаудың айрықша төмен көрсеткіштері осы саладағы қызмет деңгейін көтеру мен салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаларды қолдауға ерекше назар аудару керектігін айғақтайды. Мысалы, 2017 жылы біз Frontier Mine кенішінің жанындағы Кимфумпа ауылындағы ауруханаға медбике бос орнын толтыру туралы ресми сұраныс беруде қоғамдастыққа көмек көрсеттік. Бұл жоба жергілікті қауымдастықтың қатысуымен болған әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалаудан соң пайда болған. Көрсетілген шаралар нәтижесінде клиникада қазіргі сәтте мамандандырылған медбике жұмыс істейді. Соған қарамастан, жергілікті халыққа қызмет көрсетуді бастау үшін клиникаға дәрілер мен жабдықтар қажет. Біз 2018 жылы клиниканың ашылуы жоспарланған күніне дейін оларды сатып алуға қаражат бөлуді жоспарлап отырмыз.

Бразилияда біз Ильяеус қаласындағы қаржыландыру жетіспеушілігін көріп отырған São José – Santa Casa de Misericórdia госпиталін қолдауды жалғастырып жатырмыз. Біз жұмысшылар, пациенттер және келушілер үшін тамақтануды ұйымдастыруға жәрдемдестік. Біз 2017 жылы аурухананы қолдауға қосымша 200 мың АҚШ долларын инвестицияладық.


3 бөлім: Жергілікті қауымдастықтарының дамуы және әл-ауқаты (жалғасы)

Нәтижелілік көрсеткіштері

2017 жылы біздің қоғамдастықтағы әлеуметтік инвестицияларымыз (ҚЭИ) шамамен 111 млн АҚШ долларын құрады (2016: 56 млн АҚШ доллары).

Қоғамдастықтың әлеуметтік инвестицияларының шеңберіндегі 2016 және 2017 жылдар аралығындағы сомаларының елеулі ұлғаюы Қазақстандағы «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қорына» жалпы алғанда, 61 млн АҚШ долларын аударумен байланысты. Осы сомаға Астана мен Алматы қалаларындағы рекреациялық және денсаулық орталықтарын қайта құруға бағытталады.

21 млн АҚШ доллары көлеміндегі қайырымдылық көмек «Назарбаев қоры» өткізетін жастар жобаларын қолдауға және Алматыдағы Қордың ғимаратын қайта құруға бағытталады. Қорға үсымша қаражат 2018 жылы бөлінетін болады.



Болашаққа жоспарлар

Қазақстанда біз әлеуметтік инвестициялар бойынша бағдарламаларды келесі негізгі жобалармен жүзеге асырамыз:

- Біздің қызмет ететін аймақтарда жас кәсіпкерлер үшін қосымша іс шараларды өткізуді қоса алғанда, Студенттік кәсіпкерліктің экожүйесін құру бағдарламаларын дамыту.
- Біздің жұмыс жасайтын аймақтар мен Астанада қосымша STEM-зертханаларын ашу.
- Біздің моноқалаларымызда өмір деңгейі стандарттарын жоғарылату жөніндегі кешенді әлеуметтік стратегияны әзірлеу (яғни, одан әрі біздің қызмет ететін аймақтарда тұрмыс деңгейін стандарттау мақсатында).

Қосымша, біз жергілікті қоғамдастықтарда әлеуметтік экономикалық жағдайларының кешенді салыстырмалы сараптамасын халықтың тұрмыс деңгейінің ұлттық орташа көрсеткіштері мен БҰҰ Стандарттарына сәйкестендіріп жүргізуді жоспарлап отырмыз (мысалы, коммуналдық қызмет көрсетуінің қолжетімділігі, сондай ақ халықтың тұрмыс деңгейі). Бұл біздің қызметкерлер мен олардың отбасыларына тұрған жеріне қарамастан тең деңгейде өмір сапасын қамтамасыз етуге мақсатында әлеуметтік инвестицияларды басым салаға бағы мүмкіндік береді.

Африкада біз біздің қызметімізбен байланысты емес табыстың баламалы көздерін ұйымдастыру мүмкіндіктерін зерттеумен айналысамыз. Олар, мысалы, ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы мен жергілікті халықты ауыл шаруашылығының өнімдерін сату арқылы кіріспен қамтамасыз ете алатын қауымдастықтардың ауыл шаруашылық жобалары. Бұл жоба ағымдағы әлеуметтік ауылшаруашылық жобаларымызды коммерциализациялау есебінен дамыту аясында жүзеге асырылуда.



Фото авторы: Nyokabi Kahura. / Good Shepherd International Foundation

3.3 Майдагерлік және ықшам өндіріске қатысты біздің ұстанымымыз



2025-Стратегиясының негізгі мақсаты

- Жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамның амандығы мен әл-ауқатын арттыру

ҚДР-да кобальт пен мыстың өндірушісі бола отырып, біз концессиялық аумақтарымызда немесе оларға жақын жерде жүргізілетін пайдалы қазбалардың заңсыз және (немесе) жауапсыз ықшам өндірудің (ASM) теріс салдарын жоюға бағытталған бірқатар шараларды іске асырып жатырмыз.

ASM-де бала еңбегін пайдалану мен ҚДР-дегі заңсыз және жауапсыз ықшам өндістердегі өзге де проблемалар халықаралық қауымдастықтың ерекше алағдаушылығын тудырады, әсіресе кобальт өндірісі туралы сөз алғанда. Сондықтан, осы саладағы құндылық тудыратын тізбекке қатысушылар өздерінің қызметімен осы мәселені ұшықтырмауға ерекше күш салады. Бұл дегеніміз, біздің өнімде ASM-мен байланысты кобальт жоқ екендігіне кепілдік беруіміз керек.

Негізгі мәселелер мен бастамалар Майдагерлік және ықшам өндіруге байланысты жергілікті мәселелерді шешу (ASM)

Пайдалы қазбалардың заңсыз және (немесе) жауапсыз шағын көлемді өндірісі қоғамдастықтар үшін бірқатар теріс салдары әкелуі мүмкін. Мұндай салдарға мыналар жатады:

- балалар еңбегін пайдалану;
- еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздіктің төмен деңгейі;
- еңбектің қанаушылық сипатын қоса алғанда, оның қанағаттанарлықсыз жағдайлары;
- қайта өңдеудің лайықсыз технологияларын қолдану нәтижесінде қоршаған ортаны ластау;

- өндірістік қызметті тиімсіз басқару нәтижесінде жердің тозуы;
- кен іздеуші шахтерлер мен олардың отбасыларының өңірге келуі базалық қызметтерді ұсыну саласында ауыртпалықтың өсуіне әкелді.

Осы орайда 2017 жылы біз ықшам өндіріске деген көзқарасымызды жетілдіру және жергілікті қоғамдастықтардағы ASM-ге байланысты мәселелерді шешуге жәрдемдесу бойынша бірқатар шаралар қолдандық. Бұл мыналарды қамтиды:

- ERG Africa-да ASM бойынша маман жұмысқа алынды. Оның негізгі жұмысы ASM-ды басқару бойынша жүйелі ұстанымды дамыту.
- Концессияларымыздың аумағында және оларға жақын жерде ықшам өндірудің кең тарауына әкелетін факторларына кеңейтілген талдауды жүзеге асырдық.
- Бізге Boss Mining барлау объектілерінде кен іздеушілер қоғамдастықтарымен бірлесіп отырып, қауіпсіз жұмыс істеуге мүмкіндік беретін стратегиялар әзірледік. Ол үшін Милебиде, Миндинги мен Мендада кен іздеушілер қоғамдастықтарымен қоғамдық консультациялар өткізілді, оларда ERG өкілдері жоспарланған жұмыс әдістері, кестелер, персонал мен мердігерлердің жүріс-тұрыс қағидалары, сондай-ақ шағымдар беру рәсімдері туралы айтып берді.
- Біздің процесстерімізге өзгерістер енгізілді. Олар майдагерлік тәсілмен заңсыз өндірілген, тәркіленген кеннің сақталуына және өндірісімізде оның пайдаланылуын болғызабауға кепілдік береді.

Бұл бастамалар біздің «Таза кобальт» атты бастамамыздың аясында жүргізіліп жатқан өзге де жобаларымызбен қатар жүргізіледі (52-бет).

2017 жылы біз Metalkol RTR жобасында кобальттың қозғалысын бақылау жүйесін енгіздік

Клиенттерге және түпкілікті пайдаланушыларға кепілдіктер беру
Біз заңсыз және жауапсыз ықшам өндіріс нәтижесінде өндірілген кеннің жауапты кобальт өндірушілерінің жеткізілім тізбегіне түсіп кетпеуі үшін біздің өзіміздің тапсырыс берушілерімізге кеңейтілген кепілдіктер беруге қадамдар жасадық. Осының барлығы бүкіл әлемде аккумулятор технологиялары мен электромобильдерге деген сұраныстың серпілісі еңбек ресурстарын теріс пайдалануға және ҚДР-да (ол кобальттың негізгі әлемдік өнім берушісі болап табылады) реттелмейтін ықшам өндіріспен айналысатын қауымдарда адам құқықтарын бұзуға алып келуі мүмкін деген алаңдаушылықпен жасалып отыр.

Атап айтқанда, біз кобальттың қозғалу схемасын бақылау мен Metalkol RTR жобасы шеңберінде өзге жеткізушілердің жауапкершілігін қамтамасыз ету бағдарламасын енгізуді бастадық. Болжам бойынша 2018 жылы жобада кобальт өндірісі басталғанда бағдарламаны енгізу аяқталады. Кобальттің кепілдендірілген қозғалу схемасы тапсырыс берушілерге Metalkol RTR шахталарында өндірілген кобальтты оның тазалығына сенімді бола отырып сатып алуға және оны өзінің сауда және өндірістік процесстерінде оңай қолдануға мүмкіндік береді. Оның үстіне, бұл оларға өздерінің тапсырыс берушілері мен түпкілікті пайдаланушыларына кеңейтілген кепілдіктер беруге мүмкіндік береді.

Кіріспе

1. Біздің бизнесті болашаққа дайындау

2. Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып

3. Жергілікті қауымдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты

4. Қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып

5. Қоғаммен өзара іс-қимылымыз

«Таза кобальт» бастамасы

Бүкіл 2017 жыл ішінде кобальттың жауапты өндірісі ERG мен бүкіл кобальт саласының басты назарында болып қалды.

Энергетика мен аккумулятор батареялары өндірісінің тез дамып жатқан жаһандық экономикасының қажеттілігіне орай кобальтқа деген жаһандық сұраныс өсуін жалғастыруда. Кобальттың әлемдік қорларының жартысы ҚДР-да орналасқан. Бұл дегеніміз, осы пайдалы қазбаның сенімді және барлық талаптарға сай келетін көздерін құру үшін тиімді өндіру ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік даму мен адамның құқықтарын қорғау талап етілетінін білдіреді.

2017 жылы ERG кобальттың жауапты және кепілдік берілген өндірісін қамтамасыз ету, сондай-ақ жергілікті балалардың және тұтастай алғанда, қоғамдастықтардың өмір сапасын жақсарту мақсатында Metalkol RTR кәсіпорнында «Таза кобальт» бастамасын іске асыра бастады. Атап айтқанда, ERG маңызды мақсаты – бұл кобальттың жеткізілімдері тізбегінен балалар еңбегін алып тастау. Ол үшін 2017 жылы ERG мынадай үш бағытты қамтитын жаңа стратегияны әзірлеген болатын:

- Кобальт қозғалсын бақылайтын сызба жасау: 2017 жылы біз өндіруден бастап клиентке жеткізуге дейін Metalkol RTR кобальтының сенімді қадағалау жүйесін, сондай-ақ клиенттерімізге жауапты өндіру кепілдіктерін ұсыну үшін ЭЫДҰ «Жеткізілімдер тізбегінің сәйкестігін тексеру жөніндегі басшылығының» ережелеріне сәйкес келетін жауаптылық тізбегін әзірлеуді бастадық.

- Ықшам өндіру кезінде балалар еңбегін пайдалануды болғызбауға бағытталған жергілікті қоғамдастықтарды дамыту жөніндегі бастамалар: 2017 жылы біз майдагерлік кен іздеушілердің қоғамдастықтарында, әсіресе әйелдер мен балалар үшін өмір жағдайларын жақсарту мақсатында «Мейірімді Пастырь» қорымен үш жылдық келісім жасастық (әрі қарай – Қор). Оның аясында 1 млн АҚШ доллары көлеміндегі көмек Metalkol RTR жанындағы қауымдастықтарға көрсетілетін болады. Сондай-ақ, біз Қор болашақтағы оң өзгерістерге және өңірдегі жұмыстың кеңеюіне дайындауда өзінің Балаларды қорғау жөніндегі бағдарламасын қалайша жүзеге асыратынына арналған тәуелсіз зерттеу жүргізуге қаржылай көмек көрсеттік. Бұл Қормен бірге біз әріптестік арқылы кобальттың жауапты жеткізілуін қалыптастыратын Ақпараттық-насихаттық қызмет ұйымдастырдық.

- Әріптестіктер құру арқылы кобальт жеткізілімдерінің жауапты тізбегін құруға бағытталған ақпараттық-насихаттық қызмет: 2017 жылы ERG қолдауымен Аккумулятор батареялары секторының халықаралық альянсы құрылды (Global Battery Alliance). Дүниежүзілік экономикалық форумның аясында құрылған бұл бастаманың мақсаты Төртінші индустриялық революцияда ерекше роль атқаратын аккумуляторлық батареялар өндірісінде әлеуметтік жауапты, экологиялық тұрғыда тұрақты және инновациялық тізбек құру болып табылады. Осы бастама шеңберінде технологиялар, өндіру, өндіріс, автомобиль және энергетикалық өнеркәсіп секторындағы компаниялар аккумулятор батареялары секторы үшін жеткізілімдердің жауапты тізбегін құруда ЮНИСЕФ, ЭЫДҰ, Африка даму банкі және бірқатар халықаралық ұйымдармен және ҰЕҰ-лармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. ERG Альянстың негізін қалаушылардың бірі, сондай-ақ тең төрағасы болып табылады.

Сонымен қатар, біз Кобальт институты бастамашы болған Кобальт өнеркәсібіндегі тәуекелдерді бағалау бағдарламасына (CIRAF)¹ қатыстық. Бұл бағдарлама қатысушы компанияларға, сондай-ақ, тұтастай алғанда, кобальт өнеркәсібіне саладағы озық тәжірибеге және жаһандық стандарттарға сәйкес тәуекелдерді басқару процесін жақсартуға, пайдалы қазбаларды жауапты сатып алуға ерекше назар аударуға мүмкіндік береді.

2018 жылы біз «Таза кобальт» бастамасын іске асырудың жалпы қағидаттарын және өзіміз қабылдап жатқан міндеттемелерді жария етеміз, сондай-ақ стейкхолдерлерге жетістіктеріміз туралы жылдық есепті ұсынамыз.

1 Cobalt Industry Risk Assessment Framework (ағыл.)



Нәтижелілік көрсеткіштері

Біздің «Мейірімді Пастырь» қорының бастамасына салынған инвестицияларымыз әлеуметтік жағынан осал отбасылардан шыққан 1000-ға жуық балаға бастауыш білімді және басқа да базалық көрсетілетін қызметтерді (мысалы, психологиялық консультацияларды, денсаулық сақтау саласындағы көрсетілетін қызметтерді және зорлық-зомбылық жағдайында қорғау жүйелеріне қол жеткізуді) алуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылы келесі көмектер көрсетілді:

- 180-нен астам отбасыларға. Олар өнім қауіпсіздігі мен табыстар алудың мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тіршілік жасаудың балама көздерін қолдауға қатынасқан;
- экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту жобасына қатысқан 228 қыз бен 128 әйелге;
- азаматтық түсінік пен әлеуметті дамыту мақсатында жұмыстарға қатысқан жергілікті қауымдастықтың 3294 өкіліне.

Қорытындылай келе, ERG Какандадағы басқа да бірқатар мектептерде өзінің бастамалары шеңберінде 8 000-нан астам оқушы пен 200-ден астам оқытушыны қолдауды жалғастырып келеді.

Болашаққа жоспарлар

Біздің ҚДР-дағы жоспарларымыз мынадай:

- ASM-мен байланысты сұрақтарды басқаратын жаңа жоспар қалыптастыру, атап айтқанда арнайы ASM-ға қатысты Саясат, сәйкес басқару жүйелері мен процедуралары (мысалы, ASM-мен байланысты оқиғалар туралы хабарландыру жүйелері).
- Біздің қызмет ететін өңірлерде ASM-ге қатысты мәселелерді шешетін серіктестіктер құру.

1 млн \$

«Мейірімді Пастырь» қорымен үш жылдық әріптестік аясында Metalkol RTR жобасының жанында әлеуметтік-экономикалық қиыншылықтарды шешуге бағытталған.



Қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып

Зиянды әсердің алдын алу мақсатында жауапты операциялық тәжірибелерді енгізе отырып



4.1 Қоршаған ортаның ластануын болғызбау



57 бет

4.2 Энергия және климаттың өзгеруі



58 бет

4.3 Қалдықтарды басқару



60 бет

Маңыздылық

Біздің қызметіміздің, карьерде жұмыс жүргізу, теміржол тасымалдары, кенді балқыту немесе қайта өңдеу зауыттары болсын, әрі жергілікті, әрі жаһандық деңгейде, мысалы, климаттың өзгеруі тұрғысынан, қоршаған ортаға теріс ықпал ету әлеуеті бар

Бұл, өз кезегінде, жергілікті тұрғындардың (қазіргі және болашақ ұрпақтардың) денсаулығы мен өмір сүру деңгейіне ықпал етуі мүмкін, адамзаттың дамуына және қоршаған ортаның жай-күйіне әсерін тигізуі мүмкін. Осының бәрі өзінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы жергілікті заңнаманы сақтау жөніндегі міндеттемелеріне байланысты Компанияға, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар және біз жұмыс істейтін елдер арасында Компанияның қызмет жүргізуге арналған әлеуметтік лицензиясына, оның ішінде біздің міндеттемелеріміз бен беделімізге елеулі түрде ықпал етуі мүмкін.

Осыған байланысты, біз ұлттық пайдалы қазбаларды өндіру, қайта өңдеу және өткізу барысында (сондай-ақ біздің өзге де қызметіміз шеңберінде) оң ықпал етуге міндетті екенімізге сенімдіміз. Стейкхолдерлер үшін біздің өніміміздің

құнын жасау маңызды болып табылатыны сөзсіз, бірақ бұл теңдеудің бір бөлігі ғана. Бізге біздің қызметімізге байланысты қоршаған ортаға теріс салдарды мүмкіндігінше болғызбауға және (немесе) оларды барынша азайтуға, оның ішінде қоршаған ортаның ластануын болғызбау және қалдықтарға ұқыпты қарау арқылы болғызбауға және (немесе) барынша азайтуға мүмкіндік беретін ресурстарды жауапты басқару әдістерін қолдану қажет.

Осы саладағы негізгі мәселелер мыналарды қамтиды:

- қоршаған ортаның ластануын болғызбау;
- энергия және климаттың өзгеруі;
- қалдықтарды басқару.

2025-Стратегиясының тиісіті басымдығы

Басымдық: Портфель

- Топтың энергетикалық бизнесін дамыту

Басымдық: Өңірлердің орнықты дамуы

- Қоршаған ортаның ластануын болғызбау

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы негізгі мақсаттары



4.3 Қалдықтарды басқару



2025-Стратегиясының негізгі мақсаты

- Қоршаған ортаның ластануын болғызу

Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен кез келген металлургиялық компания сияқты, біздің қызметіміздің нәтижесінде аршылым тау жыныстары, қойыртпақтар, қалдықтар мен қоғдар сияқты қалдықтар түзіледі.

Біздің өндірісімізде қалдықтарды басқару экологиялық менеджменттің белгіленген жүйелеріне, сондай-ақ ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Бұл физикалық тұтастық және жерасты суларының, өзендер мен көлдердің ластану мүмкіндігін болғызу аспектілеріне ерекше көңіл бөледі қамтиды. Бұл тұрғыдан біз өзіміздің қалдыққоймаларымызға үнемі тексерулер жүргіземіз. Тексерулерді әрі ішкі командалар, әрі сыртқы білікті мамандар жүргізеді.

Мысалы, 2017 жылы консультанттар Африкадағы Comide, Boss Mining және Frontier объектілеріндегі қалдыққоймаларға тексеру жүргізді. 2017 жылы барлық ұсыным берілген іс-шаралар не іске асырылып қойған, не орындау сатысында. Іс-шаралардың іске асырылуы туралы деректер ай сайын басшылыққа жіберіледі.

Көлемді қалдықтардың осы түрлерінен бөлек, біздің өндірістік қызметіміздің нәтижесінде ағаш, металл және өзге де материалдар сияқты бірқатар көлемі азырақ өндірістік қалдықтар түзіледі.

Заңнамаға сәйкес Қазақстанда қалдықтар қауіптіліктің 3 деңгейіне – «жасыл», «янтарь түсті» және «қызыл» болып бөлінеді. Біздің қалдықтарымыздың азғана бөлігі «Қызыл» ретінде (және кейбірі «янтарь түсті» ретінде) сыныпталған. Осы қалдықтардың бәрін тиісті рұқсаты бар мамандандырылған ұйымдар жинайды,

тасымалдайды, қайта өңдейді және/немесе жояды. Біз мыналарды:

- Біздің мердігерлеріміздің қалдықтарды қабылдау және қайта өңдеу үшін қажетті өндірістік алаңдары, жабдығы, көлігі, білікті персоналы, сондай-ақ қоршаған ортаға эмиссияларға арналған тиісті рұқсаттары болғанын.
- Қалдықтарды қайта өңдеу немесе кәдеге жарату әдісі мердігерлермен және қосалқы мердігерлермен жасалатын шарттарымызда ескерілгенін тексереміз.

Африкада мұнай қалдықтарын, әдетте, тиісті лицензиялық мердігерлер (мемлекеттің рұқсатымен) жинайды және ресми қалдықтар полигондарында кәдеге жаратады.

Негізгі мәселелер мен бастамалар

ҚДР-да қордаланған қалдықтарды тазарту ҚДР-дің оңтүстігінде Колвези ауылына жақын жерде іске асырылатын Metallkol Roan Tailings Reclamation (RTR) жобасы бізге «зиян келтірмеуге» бірегей мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ біз осы объектіні сатып алғанға дейін ондаған жылдар бойы жинақталған өндіріс қалдықтарын белсенді басқаруға мүмкіндік береді. Бұрынғы иелерден бізге мынадай проблемалар мұраға қалды:

- негізгі жергілікті өзен алқабының қож қалдықтарымен толтырылуы;
- ашық әзірлемелердің, таужыныс үйінді күресіндерінің және соның жұмысы кезінде шаң түзілетін қойыртпақ қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі ескірген жабдықтың болуы.

Жоба шеңберінде біз әрі өзен алқабының өзінде, әрі оның төңірегінде түзілген қойыртпақ қалдықтарды шығыны аз гидрометаллургиялық зауытта қайта өңдейміз. Қайта өңдеу нәтижесінде түзілген қойыртпақ қалдықтарды біз кейіннен бір

қазіргі заманғы қойыртпақ қалдықтар қоймасына жинап қоямыз, оны біз озық халықаралық практикаларға сәйкес саламыз және онда қойыртпақтың құрылымдық тұтастығы мен жылыстаудың болмауына тұрақты бақылау жүзеге асырылады.

Жобаны екінші кезеңін іске асыру барысында біз өзіміздің өндіріс көлемдеріне жылына 105 мың тонна мыс пен жылына 20 мың тонна кобальт өндірілмек. Осылайша, жергілікті қоғамдастықтар мен өзеннің ағысы бойынша төменірек тұратын қоғамдастықтардың өмір сапасын арттыра отырып, сондай-ақ жергілікті флора мен фаунаның жай-күйін жақсартып отырып, объектіні мұраға қалған қоршаған ортаның ластануы мен топырақтың тозуына байланысты проблемалардан ойдағыдай тазарта аламыз. Бұл шахталарды пайдалану мерзімінің соңына қарай біз объектіні онымен жұмыс істей бастаған кезде болған жай-күйіне қарағанда жақсырақ жай-күйде қалдыратынымызды білдіреді.

Ондаған жылдар бойы жинақталған жеткіліксіз басқару деңгейі бар тау-кен өндіру өнеркәсібінің осы қалдықтарын жинау ғана, сондай-ақ осы ауданда кен іздеуші қауымдардың және басқа да ірі өндіруші қатысушылардың болуы қазірдің өзінде өзен бойында төменірек тұратын қоғамдастықтарға біздің суды ластауды жалғастырмайтынымызды көрсетеді. Осылайша, өзеннің ағысы бойынша жоғары және төмен қарай қоршаған ортаның жай-күйін кешенді түрде мониторингілеу, сондай-ақ бөгде компаниялар жүргізетін іс-шаралар тұрғысынан біздің қызметіміз және қолда бар мұраға қалған проблемалар туралы ашық ақпарат беру біздің басты назарымызда болып қалууда.

Қазақстанда қалдықтарды пайдаланудан коммерциялық пайда алу

Қалдықтардың айтарлықтай бөлігі қазып алу (тау жыныстарын аршуды қоса алғанда), өңдеу және металлургия қызметіміздің нәтижесінде түзіледі. Төмен сұранысқа, баға мен салмақтың тиімсіз арақатынасына немесе қымбат қайта өңдеуге деген қажеттіліктің болмауына орай осындай қалдықтардың басым бөлігінің қайта өңдеуге және (немесе) сатуға дайын болмағанына қарамастан, қалдықтардың белгілі бір санаттарын қалпына келтіру, қайта өңдеу және сату мүмкіндіктері бар. Бұл бізге қоршаған ортаға тигізетін ықпалымызды азайтуға, табиғи ресурстарды сақтап қалуға және қосымша пайда алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, осындай көзқарас Қазақстан үкіметінің экологияға анағұрлым көбірек бағдарланған экономика моделіне көшу жөніндегі қызметіне байланысты. Бұл жасыл экономикаға көшу туралы 2013 жылғы Қазақстан Президентінің Жарлығында, сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі саяси және экономикалық даму стратегиясында көзделген.

Біздің «Қалдықтарды кіріске» бастамамыз шеңберінде біз Қазақстанда мынадай өнімдерді сатуды белсенді жалғастырып жатырмыз:

- шөміштің п/б отқа төзімді қаптамасы, былғауыштар, электролизаторлар, индукциялық пештер;
- көміртекті көбік;
- графит;
- коксты тозаң;
- алюминий өндірісінің қойыртпағы.

2017 жылы бізге жақсартылған басшылық және қалдықтарды басқаруға деген көзқарастар (маркетингтік мүмкіндіктердің жақсартылған талдауын қоса алғанда) және біздің қалдықтардың бағаларын арттыру арқылы сатылатын қалдықтардың көлемін елеулі түрде ұлғайта (құнын арттыра) алдық.

Ақтөбе ферроқорытпа зауытында қалдықтарды қайта өңдеу

Ақтөбе ферроқорытпа зауыты феррохром өндірісінен тозаңды кесектеу бойынша учаскені іске қосты. Жоба бай тозаңды өндірісте екінші рет пайдалануға бағытталған. Бұрын мұндай қалдықтар бөгде компанияларға сатылған, ал сүзілген масса қайта өңделіп отырған. Жаңа объектіде хромды брикеттер алынатын болады. Объектінің әлеуетті өндірістік қуаты жылына 80 мың тонна брикетті құрайды.

Нәтижелілік көрсеткіштері

2017 жылы біз сол арқылы осы қалдықтарды кәдеге жаратуға 1,1 млн. АҚШ долларын үнемдеп, біздің өндірісіміздің қоршаған ортаға тигізетін әсерін және оны қорғау бойынша жауаптылықты азайтып, сондай-ақ Top үшін пайданы генерациялап, бөгде ұйымдарға шамамен 3,3 млн. АҚШ долларын құрайтын сомаға 151 077 тонна қалдықтар саттық (2016 жылы бұл көрсеткіш 58 000 тоннаны құраған).

Болашаққа жоспарлар

Қайта өңдеу бойынша біздің іс-шараларымыз қалдықтардың мынадай типтеріне бағытталатын болады (Компания үшін қайта өңдеу артықшылықтарын және біздің технологиялық дайындығымызды ескере отырып):

- Ақсу ферроқорытпа зауыты (Казхром) жоғары көміртекті феррохромның ұсақ, ірі және айналмалы қоғдары;
- Ақтөбе ферроқорытпа зауыты (Казхром) жоғары көміртекті феррохромның аспирациялық тозаңы;
- Дөң КБК-нің қойыртпақ қалдықтары;
- Микросфералар мен күл (ЕЭК).

Бұдан басқа, Ғылыми-зерттеу инжинирингтік орталықтағы командасының болашақ қызметі қалдықтарды басқару бойынша мынадай негізгі бағыттарда да шоғырланатын болады:

- Осылайша, қалдықтардың осы түрінің толық кәдеге жаратылуына қол жеткізе отырып, Ақтөбе ферроқорытпа зауытында феррохромның өндірісінен алынатын селдір тозаңды брикеттер өндіру үшін пайдалану.
- ДКБК шахтасында 1950-жылдардан бері жинақталған хром өндірісінің жатып қалған қойыртпақтарын байыту бойынша жаңа технологияларды пайдалану. Қазіргі уақытта біз қалдық хромның 80 %-ын аламыз, ал жаңа зауыт алу коэффициентін 90 %-ға дейін ұлғайтады.
- Темірлі құмдарды қайта өңдеуге арналған технологияларды одан әрі тестілеу.



Қоғаммен өзара іс-қимылымыз

Әл-ауқатты қолдап, жауапты корпоративті азамат ретінде қызмет ету



5.1 Құндылықты жасау және тарату



65 бет

5.2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және бизнес-этика



70 бет

5.3 Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау және заңнама



72 бет

Маңыздылық

Біздің қызметіміз оқшау жүргізілмейді. Біз әрі жергілікті, әрі ұлттық деңгейде бірқатар стейкхолдерлерге ықпал ете аламыз және керісінше дәл осы Қазақстанда орын алады, себебі, біз елдің экономикасында маңызды рөл атқарамыз

Қазақстан Үкіметі ERG активтерінің айтарлықтай үлесін иеленеді, ал оның өкілдері Менеджерлер кеңесінің құрамына кіреді. Осыған ұқсас біздің африкалық активтеріміз бірқатар әлеуметтік және экономикалық проблемалар бар жерлерде орналасқан, сондықтан, біз жергілікті халықтың және тұтастай алғанда, қоғамның мүдделерін бұзбай, оларды сақтай отырып, абайлап әрекет етуге міндеттіміз.

Жергілікті өнім берушілерден сатып алуды жүргізу, жалақыны, салықтарды және жалпы алғанда, басқа да қаражатты төлеу түріндегі экономикалық пайда аумағында біз өз қызметімізді жүзеге асыратын қоғамдастықтар алатын жалғыз әрі ең маңызды пайда болып табылады. Біз құнды жасай отырып, қоғамға да көмек көрсететінімізді, бірақ бұл ретте «зиян келтірме» қағидатын сақтайтынымызды және мүмкіндігінше, өзіміз жұмыс істейтін қоршаған ортаға оң ықпал етуге тырысатынымызды мақтан тұтамыз.

Бұл біз этикалық нормаларды сақтай отырып, қызметіміздің шеңберінде ғана емес, сондай-ақ өзіміз жұмыс істейтін өңірлердің үкіметтерімен, әріптестермен, мердігерлермен, өнім берушілермен және тұтастай алғанда, қоғаммен өзара қарым-қатынастарымызда да жауапты, ашық түрде әрекет етуге ұмтылатынымызды білдіреді.

Осы саладағы негізгі міндеттер:

- құндылықты жасау және бөлу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және бизнес-этика;
- мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл және реттеушілік орта.

2025-Стратегиясының сәйкес басымдығы

Басымдық: Өңірлердің орнықты дамуы

- Жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамның амандығы мен әл-ауқатын арттыру

БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы негізгі мақсаттары



5 бөлім: Қоғаммен өзара іс-қимылымыз (жалғасы)

Қоғаммен өзара іс-қимылды басқару

Құндылықты қалыптастыру және тарату
Құндылықты орнықты жасау біздің қызметіміздің бірінші кезектегі мақсаты болып табылады. Біздің бүкіл бизнес-моделіміз қазір ғана емес, ұзақ мерзімді перспективада жасай алатын құндылықты барынша ұлғайтуға бағытталған.

Өзге де мәселелер

Біздің саясаттарымыз қоғаммен өзара іс-қимыл жасауға қатысты негізгі көзқарастарды айқындайды. Бұған корпоративтік нормативтік-құқықтық сәйкестік бойынша саясаттар жатады, олар өздеріне қатысты басқару жүйелерінде іске асырылады. Аталған саясаттар біз жұмыс жасайтын нормативтік-құқықтық режимдерді ескере отырып жасалған және келесілерді ескере отырып, ұдайы тексерістен өтеді:

- тәуекелдерді;
- жергілікті заңнаманың және нормативтік-құқықтық актілердің өзгерістерді;
- стейкхолдер үміттерінің өзгерістерін.

Корпоративтік комплаенс саясаттары

Корпоративтік нормалар мен қағидалар туралы агенттерге қатысты саясат

Парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Қылмыстық жолмен алынған кірістерге қарсы іс-қимыл саясаты

Алаяқтық әрекетке қарсы іс-қимыл саясаты

Монополияға қарсы заңнама мен бәсекелестікті қорғау туралы заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты

Мүдделер қақтығысының туындауын болғызбау саясаты

Әлеуметтік корпоративтік жауапкершілік пен спорсорлық көмек жөніндегі жобалар туралы саясат

Жеке бас деректерін қорғау туралы саясат

Сыйлықтар мен өкілдік көңіл-көтеру іс-шаралары туралы саясат

Өзара тәуелді тараптармен жасалатын шарттар туралы саясат

Халықаралық экономикалық санкциялардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету саясаты

Ақпаратты сыныптау саясаты

Адам құқықтарын сақтау саясаты

Бұл саясаттар біздің барлық қызметкерлеріміздің, басшыларымыздың, Менеджерлер кеңесі мүшелерінің сақтауы үшін міндеті Корпоративтік жүріс-тұрыс кодексін (КЖК) толықтырады. Барлық аталған адамдарға КЖК шеңберінде мынадай міндеттемелер жүктеледі:

- заңдарды, қағидаларды нормативтік-құқықтық актілерді сақтау;
- парақорлық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- халықаралық сауда, экспорттық бақылау қағидаларын, қаржылық және саяси санкцияларды сақтау;
- адам құқықтарын сақтау;
- саяси және саяси емес әрекеттерді, демеушілік пен дотацияларды іске асыру.

5.1 Құндылықты қалыптастыру және тарату

2025-Стратегиясының негізгі мақсаты

- Жұмыс істейтін өңірлердегі қоғамның амандығы мен әл-ауқатын арттыру

Акционерлеріміз үшін құндылық жасау қабілетіміз біздің барлық стейкхолдерлерімізге елеулі экономикалық пайда беру қабілетімізбен қуатталады. Оларға біз өз қызметімізді жүзеге асыратын және бізге қызметті жүргізуге/пайдалы қазбалар өндіруге арналған лицензиялар беретін, сондай-ақ жұмысымызды бақылайтын елдердің үкіметтері, біз қызметті жүргізуге арналған әлеуметтік лицензия алатын осы елдердегі қоғам, оның ішінде біздің қызметкерлеріміз жатады, олардың дағдылары мен қайратынсыз біз бастамаларымызды іске асыра алмас едік. Егер біз өзіміз жасайтын құндылықты стейкхолдерлеріміз арасында бөлмейтін болсақ, бұл (өзгелерден бөлек) уақыт өте келе, бизнес-моделімізге нұқсан келтіруі мүмкін.

Негізгі мәселелер мен бастамалар

Бұл тұрғыдан біз өз қызметімізді жүзеге асыратын қоғамға (және одан тыс жерде) тигізетін оң экономикалық ықпалымызды мақтан тұтамыз. Бұл ықпал біздің өніміміз бен көрсетілетін қызметтеріміз, сондай-ақ олар жанама экономикалық даму мен өсу үшін беретін мүмкіндіктер арқылы көрсетіледі. Мысалы, бұл мыналарды білдіреді:

- құндылық қалыптастыратын шектеулі ұлттық пайдалы қазбаларды жауапты өндіру мен қайта өңдеу, сондай-ақ жоғары сапалы, жауапты өндіру шеңберінде алынған минералдар мен металдарды бүкіл әлем бойынша индустриалды клиенттерге жөнелту;
- Қазақстандағы өзіміздің кәсіпорындар үшін ғана емес, сондай-ақ көптеген ұлттық және өнеркәсіптік тапсырыс берушілер үшін электр энергиясын өндіру;
- Қазақстандағы әріптестеріміз үшін ірі ауқымды теміржол қатынасын ұйымдастыру.

Алайда, біз өз қызметімізді жүзеге асыратын қоғамдастықтарға қатысты құнды тікелей бөлудің ең маңызды құралы төлемдер:


- қызметкерлерге және мердігерлерге (жалақы және жеңілдіктер түрінде);
- көбі біз жұмыс жасайтын елдерде орналасқан қызметтерді берушілер мен мердігерлерге;
- қарыздар бойынша пайыздар төлеуді қоса алғанда, кредиторларға және дивидендтерді акционерлерге;
- елдердің үкіметтеріне, оның ішінде салықтар мен роялти төлеу түріндегі;
- жергілікті қоғамдастықтарға әлеуметтік инвестициялар түріндегі төлемдерді жүзеге асыру болып табылады.

Біздің акционерлерімізді ұзақ мерзімді құндылықтармен қамтамасыз ете алу қабілетіміз барлық стейкхолдерлерімізге елеулі экономикалық пайда әкелуімізге негізделген



Қазақстандағы орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдай отырып

ERG-дің өзі жұмыс істейтін операциялық өңірлерде, елдің тау-кен-металлургия секторында және жалпы экономикада белгілі бір рөл атқара отырып, Қазақстанда ертеден келе жатқан мұрасы бар. Біздің кәсіпорындарымыз моноқалалар үшін әрдайым маңызды, ұзақ мерзімді жұмыс беруші және құндылықты жасау көзі болды. Сол қалалардың көбі біздің кендеріміз бен зауыттарымыздың төңірегінде құрылған.



- Электр станциясы
- Моноқала
- Корпоративтік кеңсе
- Өндіріс

Негізгі жоба

«Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығы» шахтасын игеру (екінші кезек)

Бұл жоба біздің істен шығып жатқан шахталарымыздың өндірісін толықтырады және ұзақ мерзімді перспективада феррохромның өндірісін ұлғайтады (алғашқы кенді өндіру 2023 жылға жоспарланып отыр).

2017 жылғы негізгі қызмет

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасы 2-кезегінің үдемелі құрылысы.

Әсері

- Жыл сайын хром кенінің өндіріс көлемдерінің одан әрі ұлғаюы күтіледі.

Негізгі жоба

Қашар «Ақылды кеніші», ССКӨБ

«Ақылды кеніш» бастамасы шеңберінде операциялық тиімділікті жақсарту және шығындарды одан әрі азайту мақсатында цифрлық технологиялар және деректер сараптамасы ендіріліп жатыр.

2017 жылдағы негізгі қызмет

- Өндірістік процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін ендіру және тау-кен жабдығын диспетчерлеу.

Әсері

- Күтілетін үнем – 1,4 млн АҚШ доллары.

Негізгі жоба

Ақсу ферроқорытпа зауытының цехын қайта жаңарту

Қайта жаңарту өндіріс көлемдерін, өнімділікті арттыруға және энергия тұтынуды азайтуға мүмкіндік береді.

2017 жылғы негізгі қызмет

- № 6 балқыту цехын қайта жаңарту шеңберінде № 64 балқыту пешін қайта жаңарту басталды.

Әсері

- Өнімділіктің 50%-ға күтілетін жақсаруы және энергия тұтынудың 20%-ға азаюы.
- Атмосфералық ауаға шығарындылардың азаюы.
- Балқыту цехының күтілетін өнімділігі – жыл сайын жоғары көміртекті феррохромның 500 000 тоннасы (бүкіл цехты қайта жаңарту аяқталған соң).

Біздің Қазақстандағы жұмысымыз

Біз Қазақстанда ұзақ жылдар бойы жұмыс істеп, соны мақтан тұтамыз

80 ЖЫЛ

Ел ішіндегі операциялық қызмет

1/3

Қазақстанның тау-кен-металлургия секторындағы үлес (төленген салықтар негізінде)

40 %

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ERG-дегі иелену үлесі

Біздің жұмыскерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтар

Біздің жұмыскерлеріміз бен жергілікті қоғамдастықтар арасында елеулі өзара байланыс бар. Бұл біздің еңбек қатынастарына және қоғамдастықтарға жұмсалатын әлеуметтік инвестицияларымызға деген көзқарасымыздың негізі.

62 100

Тұрақты жұмыскерлердің саны

105,5 млн. \$

Қоғамдастықтарға жұмсалған әлеуметтік инвестициялар

450 000+

ERG моноқалаларындағы тұрғындардың жалпы саны

Экономикаға тигізетін әсері

Біз жұмыс істейтін өңірлерден бөлек, біз елдің экономикалық дамуында маңызды рөл атқарамыз

700 млн. \$

700 млн. \$ астам төленген салықтар

250 млн. \$

250 млн. \$ жергілікті тауар өндірушілерден сатып алу¹

19 %

Елдегі энергия өндіру үлесі²

¹ Top ішіндегі сатып алуды қамтымайды
² Өндірілетін энергияның басым бөлігін ERG кәсіпорындары пайдаланады

Кіріспе

1. Біздің бизнесті болашаққа дайындау

2. Адамдарымыздың өркендеуіне септесе отырып

3. Жергілікті қауымдастықтардың дамуы мен әл-ауқаты қамтамасыз ете отырып

4. Қоршаған ортаны қорғау саласында тиімді басқаруды қамтамасыз ете отырып

5. Қоғаммен өзара іс-қимылымыз

5 бөлім: Қоғаммен өзара іс-қимылымыз (жалғасы)

Жергілікті үлес

Жергілікті үлес пен баршаға бірдей тең мүмкіндіктер ұсыну саясатының талаптарына сәйкес біз:

- жергілікті тұрғындар арасынан қызметкерлерді жалдауға және дамытуға;
- жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасуына ықпал етуге және осындағы мердігерлер көмегіне жүгінуге;
- біз өз қызметімізді жүргізетін елдерде орналасқан компанияларды – бізге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді жеткізу үшін ынтымақтастық жасауға тартуға ұмтыламыз.

Осы талаптарды сақтау мүмкіндігіміз осы адамдар мен компаниялардың техникалық, операциялық және бизнес-мүмкіндіктеріне, сондай-ақ ERG үшін экономикалық тұрғыда лайықтылыққа байланысты. Сондай-ақ, жергілікті кадрларды тарту процесін қолдау үшін біз, бұл мүмкін болатын жерде, олардың әлеуетін дамытуға және нығайтуға көмектесеміз. Мысалы, біздің бұл бағыттағы қызметіміз мыналарды қамтиды:

- Біздің өндірістік процестеріміздің мүддесінде бизнестің жаңа түрлерін дамыту бойынша қолдау көрсету мақсатында Инвестициялар және даму министрлігімен және Қазақстанның Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасымен жаңа ынтымақтастық жасау. 2017 жылы біз өзіміздің ықтимал ынтымақтастығымыздың тәсілдерін айқындау үшін бірқатар жергілікті кәсіпорындармен тестілеу өткіздік.
- Студенттік кәсіпкерлік экожүйесі бағдарламасын іске асыру (47-бетті қараңыз).
- Қазақстан, Алматыда Сколковоның Старт-турин өткізуді қолдау (47-бет).

Осылайша, 2017 жылы Қазақстанда жергілікті өндірушілерден тікелей сатып алу көлемдерінің 40%-ға ұлғаюы байқалды. Жер қойнауын пайдалану шарттары бойынша қызметті жүргізіп жатқан біздің кәсіпорындарымыз моноқалаларымызда жергілікті өнім берушілерден тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің 5 %-дан астамын сатып алды.

Біздің санаттық стратегияларымыздың 80 %-дан астамы жергілікті өндірушілерді тартуды көздейді. Бұл мүмкін болатын жерлерде, біз құнды жасау тізбегіміздің шеңберінде халықтың әлеуметтік әлжуаз топтары арасынан жергілікті өндірушілерді де тартамыз. Мысалы, Қазақстанда біз «Қазақ загіптар қоғамы» қоғамдық бірлестігімен жұмыс істейміз.

Африкада сатып алудың шамамен 60 %-ын (жалпы көлемнен) біз ҚДР-да тіркелген жергілікті өнім берушілерден жүзеге асырамыз, жергілікті өнім берушілермен жасалған барлық шарттардың 60 %-ға жуығы ұзақ мерзімді болып табылады.

Бразилияда сатып алудың негізгі бөлігі жергілікті компаниялардан жүргізіледі.

Салық салу және айқындық

Көпұлтты корпорация бола отырып, ERG салықтарды төлеу және біз қызметімізді жүзеге асыратын елдерде қолданылатын заңдар мен нормаларды сақтау бойынша міндеттемелерді көтереді және жауапты болады.

ERG салық заңнамасында және қағидаларда көзделген барлық міндеттемелерді толық көлемде сақтауға ұмтылады. Салық департаменті біздің қызметіміздің салық заңнамасының жергілікті талаптарына сәйкес келуі бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Біз Топ өз қызметін жүргізетін елдердің мемлекеттік бюджеттеріне тікелей салықтар төлеу арқылы және жанама түрде өнім берушілерге, қызметкерлерге және әлеуметтік жобаларға төлемдер жасау арқылы елеулі үлес қосамыз. 2017 жылы біз мемлекеттік органдарға салықтар және өзге де міндетті төлемдер түрінде 850 миллионнан астам АҚШ долларын (2016 жылы – 600 миллионнан астам АҚШ долларын) аудардық. Төлемдердің өсуі Қазақстанда салық салынатын пайданың артуы нәтижесінде анағұрлым жоғары кірістен төленетін салықтарды ішінара көрсетеді.

Біз Салықтық базаны бүркемелеуге және пайданы салық салу аясынан алып кетуге қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарының (BEPS) негізі болған, қызметтің экономикалық мазмұнын және қосымша құн жасауды ескере отырып, салық салу


параметрлерін қайта қарауға бағытталған ЕБДҰ қағидаттарын қуаттаймыз. Осыған байланысты, біз салықтық оңтайландырудың белсенді схемаларын пайдаланбаймыз. ERG пайда салығының тиімді мөлшерлемесі біз өндіру және қайта өңдеу жөніндегі операцияларымызды жүзеге асыратын елдердегі пайда салығының қолданыстағы мөлшерлемелеріне сәйкес келеді (бұл елдерде біздің Тобымыздың барлық салықтарының 96 %-дан астамы төленеді (2016 жылы – 95 %-дан астамы).

Біз мемлекеттік органдарға кез келген төлемдерді жүзеге асыру кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге ұмтыламыз, себебі, бұл біздің барлық стейкхолдерлеріміздің мүдделеріне ең жақсы түрде сай келеді деп есептейміз. Он жылдан астам уақыт бойы біз өзіміз жұмыс істейтін елдерде – Қазақстанда, ҚДР-да және Замбияда – Өндіру өнеркәсібінде ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі бастаманың (EIT) жобаларына белсенді қатысып келеміз.

ЕІТІ тұрғысынан қызметті жүргізу елдерінің мәртебесі

Негізгі / болжалды қазу орындары орналасқан елдер	ЕІТІ статусы / бағалауы
Бразилия	Қатысушы болып табылмайды
ҚДР	Қатысушы (ратификацияны аяқтаудың жоспарланған күні: 2018 жылғы 1 шілде)
Қазақстан	Қатысушы (айтарлықтай нәтижелер)
Мали	Қатысушы (айтарлықтай нәтижелер)
Мозамбик	Қатысушы (айтарлықтай нәтижелер)
Замбия	Қатысушы (айтарлықтай нәтижелер)
Зимбабве	Қатысушы болып табылмайды

Орналасқан жері бойынша салықтық төлемдер мен роялтидің үлесі



Типі бойынша салықтық төлемдердің үлесі



Көрсеткіштер

Өңір/тип бойынша құнды жасау және бөлу				
Типі	Түрі	2017 ж. (млн. \$)	2016 ж. (млн. \$)	
Өндірілген құн	Кірістер	5 048	3 840	
	Бөлінген құн	Операциялық шығындар/өнім берушілерге төлемдер	1 791	1 421
		Қызметкерлердің жалақылары мен жеңілдіктері	754	637
		Акционерлер мен кредиторларға төлемдер	628	562
		Мемлекеттік органдарға төлемдер	660	512
Әлеуметтік инвестициялар	111	56		
ЖИЫНЫ		3 943	3 188	
Бөлінбеген құн		1 099	652	

Болашаққа жоспарлар

Біздің жоспарланып отырған және әлеуетті даму жобаларымыз құндылықты құру мен алдағыда бөлуге ықпал ететін болады. Бұл жобалар мыналарды қамтиды:

- «Қазақстан Тәуелсіздігінің 10-жылдығы» шахтасының екінші кезегін салу және Ақсу ферроқорытпа зауытында балқыту цехын қайта жаңарту арқылы Қазақстанда ферроқорытпалардың өндірісін кеңейтуді;
- Қазақстанда жаңа алюминий зауытын салуды;
- ҚДР-да мыс пен кобальтты өндіру жөніндегі Metalcol RTR жобасын;
- ҚДР-да Frontier және Boss жобаларын кеңейтуді;
- Бразилияда Bahia Mineracao темір кенді жобасын дамыту.

Аталған жобалар бойынша толымды ақпарат 24–25-беттерде ұсынылған.







Eurasian Resources Group S.à r.l.
9, rue Sainte Zithe L-2763 Luxembourg
Luxembourg

eurasianresources.lu

T: +352 24 84 53 1
F: +352 26 84 58 99
E: info@erg.net